Шоттың кредиті бойынша сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету сомаларын есептен шығару жазылады.

1140 10 "Сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету" (контрактив).

Мақсаты: сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету сомаларын есептен шығару жазылады.

1140 61 "Әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтері" (актив).

Мақсаты: әділ құны бойынша бағаланатын, зейнетақы активтері есебінен сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтерінің құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің құны жазылады.

Шоттың кредиті бойынша әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің құнын оны өтеу, сату, баланстан есептен шығару, басқа санатқа ауыстыру кезінде есептен шығару жүргізіледі.

1140 62 "Әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт" (контрактив).

Мақсаты: әділ құны бойынша бағаланатын, зейнетақы активтері есебінен сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтерінің номиналдық құнының оларды сатып алу құнынан асып кету сомаларын есепке алу (дисконт).

Шоттың кредиті бойынша әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің номиналдық құнының оларды сатып алу құнынан асып кету сомалары жазылады (дисконт).

Шоттың дебеті бойынша әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт амортизациясының сомасы № 6110 03 баланстық шотпен байланыстыра отырып жазылады.

1140 63 "Әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы" (актив).

Мақсаты: әділ құны бойынша бағаланатын, зейнетақы активтері есебінен сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтерінің сатып алу құнының олардың номиналдық құнынан асып кету сомаларын есепке алу (сыйлықақы).

Шоттың дебеті бойынша әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің сатып алу құнының олардың номиналдық құнынан асып кету сомалары жазылады (сыйлықақы).

Шоттың кредиті бойынша әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы амортизациясының сомасы № 7310 02 баланстық шотпен байланыстыра отырып жазылады.

1140 64 "Әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету" (актив).

Мақсаты: әділ құны бойынша бағаланатын, зейнетақы активтері есебінен сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтерінің құнын қайта бағалаудан іске асырылмаған кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнының асып кетуінен іске асырылмаған кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету сомаларын оларды өтеу, сату, баланстан есептен шығару немесе № 1140 65 баланстық шотпен сальдолау кезінде есептен шығару жүргізіледі.

1140 65 "Әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету" (контрактив).

Мақсаты: әділ құны бойынша бағаланатын, зейнетақы активтері есебінен сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтерінің құнын қайта бағалаудан іске асырылмаған шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын қайта бағалаудан іске асырылмаған шығыстардың сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету сомаларын оларды өтеу, сату, баланстан есептен шығару немесе № 1140 64 баланстық шотпен сальдолау кезінде есептен шығару жүргізіледі.

1150 01 "Бағалы қағаздармен "кері РЕПО" операциялары" (актив).

Мақсаты: бағалы қағаздарды болашақта келісілген баға бойынша сатушыға қайтару міндеттемесімен операцияны ашу күні кепіл ретінде алынған бағалы қағаздармен "кері РЕПО" операциялары бойынша талаптардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша операцияны ашу күні "кері РЕПО" операциялары бойынша талаптардың сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша "кері РЕПО" операциялары бойынша талаптардың сомаларын операцияны жабу немесе жою кезінде есептен шығару жүргізіледі.

1150 02 "Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда бір түнге орналастырылған қысқа мерзімді салымдар" (актив).

Мақсаты: екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған салымдардың сомаларын салым орналастырылған күннен кейінгі жұмыс күні басталғанға дейін есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша екінші деңгейдегі банкке және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға бір түнге орналастырылған салымның сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша орналастырылған салымның сомасын оны ұйымға қайтарған немесе төлем мерзімі өтіп кеткен кезде есептен шығару жүргізіледі.

1150 03 "Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған талап ету бойынша салымдар" (актив).

Мақсаты: екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған талап ету бойынша салымдардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша екінші деңгейдегі банкке және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға орналастырылған талап ету бойынша салымның сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша орналастырылған салымның сомаларын оны ұйымға қайтарған немесе төлем мерзімі өткен кезде есептен шығару жүргізіледі.

1150 04 "Банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған қысқа мерзімді салымдар" (актив).

Мақсаты: банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған, бір жылға дейінгі өтеу мерзімі салымдардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша банкке және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға орналастырылған, қысқа мерзімді салымның сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша орналастырылған қысқа мерзімді салымның сомаларын оны ұйымға қайтарған немесе төлем мерзімі өткен кезде есептен шығару жүргізіледі.

1150 05 "Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған қысқа мерзімді шартты салымдар" (актив).

Мақсаты: екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған шартты салымдардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша екінші деңгейдегі банкке және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға орналастырылған шартты салымның сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша орналастырылған шартты салымның сомаларын оны ұйымға қайтарған немесе төлем мерзімі өткен кезде есептен шығару жүргізіледі.

1150 06 "Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған қысқа мерзімді жинақ салымдары (бір жылға дейінгі)" (актив).

Мақсаты: екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда бір жылға дейінгі мерзімге орналастырылған қысқа мерзімді жинақ салымдарының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша екінші деңгейдегі банкте не банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда орналастырылған қысқа мерзімді жинақ салымының сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша орналастырылған қысқа мерзімді жинақ салымының сомаларын есептен шығару жазылады.

1150 09 "Металл шоттарда орналастырылған тазартылған қымбат металдар" (актив).

Мақсаты: ұйымның металл шоттарында орналастырылған тазартылған қымбат металлдардың құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның металл шоттарында орналастырылған тазартылған қымбат металлдардың құны жазылады.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның металл шоттарында орналастырылған тазартылған қымбат металлдардың құнын олар қайтарылған кезде есептен шығару жүргізіледі.

1150 10 "Басқа да қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар бойынша мерзімі өткен берешек" (актив).

Мақсаты: басқа да қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар бойынша мерзімі өткен берешектің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша басқа да қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар бойынша мерзімі өткен берешектің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша басқа да қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар бойынша мерзімі өткен берешектің сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

1150 11 "Орналастырылған қысқа мерзімді салымдар бойынша дисконт" (контрактив).

Шоттың мақсаты: орналастырылған қысқа мерзімді салымдар бойынша қайтарылған ақша сомасының салымдар бойынша нақты орналастырылған ақша сомасынан асқан сомаларды есепке алу (дисконт).

Шоттың кредиті бойынша орналастырылған қысқа мерзімді салым бойынша қайтарылған ақша сомасының салым бойынша нақты орналастырылған ақша сомасынан асқан сомасы жазылады (дисконт).

Шоттың дебеті бойынша орналастырылған қысқа мерзімді салым бойынша дисконт амортизациясының сомасы № 6110 05 баланстық шотпен байланыстыра отырып жазылады.

1150 12 "Орналастырылған қысқа мерзімді салымдар бойынша сыйлықақы" (актив).

Шоттың мақсаты: қысқа мерзімді салымдар бойынша нақты орналастырылған ақша сомасының (мәміле бойынша шығындарды қоскқанда) салымдар бойынша қайтарылған ақша сомасынан асатын сомаларын есепке алу (сыйлықақы).

Шоттың дебеті бойынша қысқа мерзімді салымдар бойынша нақты орналастырылған ақша сомасының (мәміле бойынша шығындарды қоскқанда) салымдар бойынша қайтарылған ақша сомасынан асатын сомасы жазылады (сыйлықақы).

Шоттың кредиті бойынша қысқа мерзімді салымдар бойынша сыйлықақы амортизациясының сомасы № 7310 10 баланстық шотпен байланыстыра отырып жазылады.

1160 "Бағалы қағаздар бойынша мерзімі өткен берешек" (актив).

Мақсаты: ұйым сатып алған бағалы қағаздар бойынша мерзімі өткен берешектің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйым сатып алған бағалы қағаздар бойынша мерзімі өткен берешектің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша сатып алынған бағалы қағаздар бойынша мерзімі өткен берешектің сомаларын оларды эмитенттер өтеген (қарсы агент төлеген) немесе ұйымның балансынан есептен шығарған кезде есептен шығару жүргізіледі.

1210 "Сатып алушылардың және тапсырыс берушілердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі" (актив).

Мақсаты: ұйымның тиеп жіберілген дайын өнім (тауарлар), орындалған жұмыстар және көрсетілген қызметтер үшін ақы төлеуге ұсынылған бастапқы құжаттар бойынша сатып алушыларға және тапсырыс берушілерге талаптарының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның тиеп жіберілген дайын өнім (тауарлар), орындалған жұмыстар және көрсетілген қызметтер үшін ақы төлеуге ұсынылған бастапқы құжаттар бойынша сатып алушыға және тапсырыс берушіге талаптарының сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша алушының не тапсырыс берушінің дебиторлық берешегінің сомаларын олар осы берешекті өтеген немесе оны ұйымның балансынан шығарған кезде есептен шығару жүргізіледі.

1220 "Еншілес ұйымдардың қысқа мерзімді дебиторлық берешегі" (актив).

Мақсаты: еншілес ұйымның орындалған жұмыстар және көрсетілген қызметтер ұйым алдындағы қысқа мерзімді дебиторлық берешегінің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша еншілес ұйымның қысқа мерзімді дебиторлық берешегінің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша еншілес ұйымның қысқа мерзімді дебиторлық берешегінің сомаларын олар осы берешекті өтеген немесе оны ұйымның балансынан шығарған кезде есептен шығару жүргізіледі.

1230 "Қауымдасқан және бірлескен ұйымдардың қысқа мерзімді дебиторлық берешегі" (актив).

Мақсаты: ұйымның қауымдасқан және бірлескен ұйымдарға қысқа мерзімді дебиторлық берешегінің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша қауымдасқан не бірлескен ұйымның қысқа мерзімді дебиторлық берешегінің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша қауымдасқан не бірлескен ұйымның қысқа мерзімді дебиторлық берешегінің сомалары ол өтелген немесе ұйымның балансынан шығарылған кезде есептен шығару жүргізіледі.

1240 "Филиалдардың және құрылымдық бөлімшелердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі" (актив).

Мақсаты: ұйымның филиалдарға не құрылымдық бөлімшелерге қысқа мерзімді талаптарының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйым филиалының не құрылымдық бөлімшесінің қысқа мерзімді дебиторлық берешегінің сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша ұйым филиалының не құрылымдық бөлімшесінің қысқа мерзімді дебиторлық берешегінің сомаларын ол өтелген немесе ұйымның балансынан шығарылған кезде есептен шығару жүргізіледі.

1250 "Қызметкерлердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі" (актив).

Мақсаты: қызметкерлердің ұйым өз қызметкерлеріне еңбекке ақы төлеу (қызмет көрсету), іссапар және активтерді сатып алу үшін есебіне берілген басқа шығыстар

бойынша төлеген аванстық төлемдер бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешегінің сомаларын, сондай-ақ ұйымға қызметкерлер келтірген материалдық зиянды (кем шығу, талан-тараж, бүліну және басқалары) өтеу жөніндегі талаптардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша қызметкердің ұйым алдындағы қысқа мерзімді дебиторлық берешегінің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша қызметкердің ұйым алдындағы қысқа мерзімді дебиторлық берешегінің сомаларын ол өтелуіне немесе ұйымның балансынан шығарылуына қарай есептен шығару жүргізіледі.

1260 "Жалдау бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек" (актив).

Мақсаты: клиентке берілген операциялық жалдау бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешектің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша клиентке берілген операциялық жалдау бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешектің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша берілген жалдау бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешектің сомаларын оны клиент өтеген немесе төлем мерзімі өткен кезде есептен шығару жүргізіледі.

1270 01 "Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер" (актив).

Мақсаты: ұйым сатып алған бағалы қағаздар бойынша сыйақы (купон) түрінде есептелген кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйым сатып алған бағалы қағаздар бойынша сыйақы (купон) түрінде есептелген кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы (купон) түрінде есептелген кірістердің сомаларын кірістер алынған кезде есептен шығару жүргізіледі.

1270 02 "Бағалы қағаздармен "кері РЕПО" операциялары бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер" (актив).

Мақсаты: бағалы қағаздарды болашақта келісілген баға бойынша сатушыға қайтару міндеттемесімен операцияны ашу күні кепіл ретінде алынған бағалы қағаздармен "кері РЕПО" операциялары бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша операцияны ашу күні бағалы қағаздармен "кері РЕПО" операциялары бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша бағалы қағаздармен "кері РЕПО" операциялары бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістердің сомаларын оларды төлеу немесе операцияны жою кезінде есептен шығару жүргізіледі.

1270 03 "Еншілес, бірлескен және қауымдасқан ұйымдарға инвестициялар бойынша есептелген кірістер" (актив).

Мақсаты: еншілес, бірлескен және қауымдасқан ұйымдарға инвестициялар бойынша есептелген кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша еншілес, бірлескен және қауымдасқан ұйымдарға инвестициялар бойынша есептелген кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша еншілес, бірлескен және қауымдасқан ұйымдарға инвестициялар бойынша есептелген кірістердің сомаларын оларды төлеген немесе мерзімі өткен кезде есептен шығару жүргізіледі.

1270 04 "Бағалы қағаздар бойынша бұрынғы ұстаушылар есептеген сыйақы" (актив)

.

Мақсаты: бағалы қағаздар бойынша оларды ұйым сатып алғанға дейін бұрынғы ұстаушылар есептеген сыйақының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша бағалы қағаздар бойынша оларды ұйым сатып алғанға дейін бұрынғы ұстаушы есептеген сыйақының сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша бағалы қағаздар бойынша бұрынғы ұстаушы есептеген сыйақының сомаларын оларды алған кезде есептен шығару жүргізіледі.

1270 21 "Ағымдағы және корреспонденттік шоттар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер" (актив).

Мақсаты: ұйымның клиенттердің ағымдағы және корреспонденттік шоттар бойынша есептелген, осы кезеңге жатқызылған, түсуі болашақта күтілетін кірістерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша клиенттің ағымдағы және корреспонденттік шоты бойынша есептелген кірістерінің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша клиенттің ағымдағы және корреспонденттік шоты бойынша есептелген кірістерінің сомаларын оларды төлеген немесе төлеу мерзімі өткен кезде есептен шығару жүргізіледі.

1270 22 "Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған талап ету бойынша салымдары бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер" (актив).

Мақсаты: ұйымның екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған талап ету бойынша салымдары бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған талап ету бойынша салымы бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша орналастырылған талап ету бойынша салымы бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістердің сомаларын оларды екінші деңгейдегі банк не банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым төлеген немесе төлеу мерзімі өткен кезде есептен шығару жүргізіледі.

1270 23 "Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған мерзімді салымдар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер" (актив).

Мақсаты: ұйымның екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған мерзімді салымдар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша екінші деңгейдегі банкте не банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда орналастырылған мерзімді салым бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша орналастырылған мерзімді салым бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістердің сомаларын оларды екінші деңгейдегі банк не банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым төлеген немесе төлеу мерзімі өткен кезде есептен шығару жүргізіледі.

1270 24 "Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған шартты салымдар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер" (актив).

Мақсаты: ұйымның екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған шартты салымдар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша екінші деңгейдегі банкте не банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда орналастырылған шартты салым бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша орналастырылған шартты салым бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістердің сомаларын оларды банк төлеген немесе төлеу мерзімі өткен кезде есептен шығару жүргізіледі.

1270 25 "Клиенттерге берілген заемдар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер" (актив).

Мақсаты: ұйымның клиенттерге берілген заемдар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша клиенттерге берілген заемдар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша берілген заемдар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістердің сомаларын оларды клиент төлеген немесе төлеу мерзімі өткен кезде есептен шығару жүргізіледі.

1270 26 "Клиенттерге берілген қаржылық жалдау бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер" (актив).

Мақсаты: ұйымның клиенттерге берілген қаржылық жалдау бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша клиентке берілген қаржылық жалдау бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістердің сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша берілген қаржылық жалдау бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістердің сомаларын оларды клиент төлеген немесе төлеу мерзімі өткен кезде есептен шығару жүргізіледі.

1270 27 "Факторинг және форфейтинг бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер " (актив).

Мақсаты: ұйымның факторинг және форфейтинг бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша факторинг және форфейтинг бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша факторинг және форфейтинг бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістердің сомаларын оларды клиент төлеген немесе төлеу мерзімі өткен кезде есептен шығару жүргізіледі.

1270 28 "Сыйақы түрінде есептелген басқа да кірістер" (актив).

Мақсаты: ұйымның сыйақы түрінде есептелген басқа да кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сыйақы түрінде есептелген басқа да кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша сыйақы түрінде есептелген басқа да кірістердің сомаларын оларды клиент төлеген немесе төлеу мерзімі өткен кезде есептен шығару жүргізіледі.

1270 29 "Сыйақы түріндегі мерзімі өткен кірістер" (актив).

Мақсаты: ұйымның сыйақы түріндегі мерзімі өткен кірістерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша №№ 1270 21 – 1270 28 баланстық шоттар бойынша сыйақы түріндегі мерзімі өткен кірістің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша сыйақы түріндегі мерзімі өткен кірістің сомаларын оларды клиент төлеген немесе ұйымның балансынан есептен шығарған кезде есептен шығару жүргізіледі.

1270 30 "Аударым операциялары бойынша қызмет көрсету үшін есептелген комиссиялық кірістер" (актив).

Мақсаты: аударым операциялары бойынша қызмет көрсету үшін есептелген комиссиялық кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша аударым операциялары бойынша қызмет көрсету үшін есептелген комиссиялық кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша аударым операциялары бойынша қызмет көрсету үшін есептелген комиссиялық кірістердің сомаларын оларды клиент төлеген немесе төлеу мерзімін өткізген кезде есептен шығару жүргізіледі.

1270 31 "Клиринг операциялары бойынша қызмет көрсету үшін есептелген комиссиялық кірістер" (актив).

Мақсаты: клиринг операциялары бойынша қызмет көрсету үшін есептелген комиссиялық кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша клиринг операциялары бойынша қызмет көрсету үшін есептелген комиссиялық кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша клиринг операциялары бойынша қызмет көрсету үшін есептелген комиссиялық кірістердің сомаларын оларды клиент төлеген немесе төлеу мерзімін өткізген кезде есептен шығару жүргізіледі.

1270 32 "Кассалық операциялар бойынша қызмет көрсету үшін есептелген комиссиялық кірістер" (актив).

Мақсаты: кассалық операциялар бойынша қызмет көрсету үшін есептелген комиссиялық кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша кассалық операциялар бойынша қызмет көрсету үшін есептелген комиссиялық кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша кассалық операциялар бойынша қызмет көрсету үшін есептелген комиссиялық кірістердің сомаларын оларды клиент төлеген немесе төлеу мерзімін өткізген кезде есептен шығару жүргізіледі.

1270 33 "Сейф операциялары бойынша қызмет көрсету үшін есептелген комиссиялық кірістер" (актив).

Мақсаты: сейф операциялары бойынша қызмет көрсету үшін есептелген комиссиялық кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сейф операциялары бойынша қызмет көрсету үшін есептелген комиссиялық кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша сейф операциялары бойынша қызмет көрсету үшін есептелген комиссиялық кірістердің сомаларын оларды клиент төлеген немесе төлеу мерзімін өткізген кезде есептен шығару жүргізіледі.

1270 34 "Банкноталарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау бойынша қызмет көрсету үшін есептелген комиссиялық кірістер" (актив).

Мақсаты: банкноталарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау бойынша қызмет көрсету үшін есептелген комиссиялық кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша банкноталарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау бойынша қызмет көрсету үшін есептелген комиссиялық кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша банкноталарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау бойынша қызмет көрсету үшін есептелген комиссиялық кірістердің сомаларын оларды клиент төлеген немесе төлеу мерзімін өткізген кезде есептен шығару жүргізіледі.

1270 35 "Сенімгерлік операциялар бойынша қызмет көрсету үшін есептелген комиссиялық кірістер" (актив).

Мақсаты: сенімгерлік операциялар бойынша қызмет көрсету үшін есептелген комиссиялық кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сенімгерлік операциялар бойынша қызмет көрсету үшін есептелген комиссиялық кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша сенімгерлік операциялар бойынша қызмет көрсету үшін есептелген комиссиялық кірістердің сомаларын оларды клиент төлеген немесе төлеу мерзімін өткізген кезде есептен шығару жүргізіледі.

1270 36 "Банк қызметіне байланысты басқа да комиссиялық кірістер" (актив).

Мақсаты: ұйым көрсеткен басқа да қызмет үшін комиссиялық кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйым көрсеткен басқа да қызмет үшін басқа да комиссиялық кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша көрсетілген басқа да қызмет үшін басқа да комиссиялық кірістердің сомаларын оларды клиент төлеген және/немесе төлеу мерзімін өткізген кезде есептен шығару жүргізіледі.

1270 37 "Банктік қызметке байланысты мерзімі өткен комиссиялық кірістер" (актив)
.

Мақсаты: клиентке ұйым көрсеткен банктік қызметке байланысты мерзімі өткен комиссиялық кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша клиентке ұйым көрсеткен банктік қызметке байланысты мерзімі өткен комиссиялық кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша клиентке ұйым көрсеткен банктік қызметке байланысты мерзімі өткен комиссиялық кірістердің сомаларын оларды клиент төлеген немесе ұйымның балансынан есептен шығарған кезде есептен шығару жүргізіледі.

1270 38 "Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған қысқа мерзімді жинақ салымдары бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер" (актив).

Мақсаты: екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған қысқа мерзімді жинақ салымдары бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша екінші деңгейдегі банкте және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда орналастырылған қысқа мерзімді жинақ салымы бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша орналастырылған қысқа мерзімді жинақ салымы бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістердің сомасын оларды банк және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым төлеген немесе төлеу мерзімін өткізген кезде есептен шығару жазылады.

1270 41 "Сақтандыру брокерлерінің сақтандыру шарттарын жасасу жөніндегі делдалдық қызмет үшін есептелген комиссиялық кірістері" (актив).

Мақсаты: сақтандыру брокерлерінің сақтандыру шарттарын жасасу жөніндегі делдалдық қызмет үшін есептелген комиссиялық кірістерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сақтандыру брокерлерінің сақтандыру шарттарын жасасу жөніндегі делдалдық қызмет үшін есептелген комиссиялық кірістерінің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша сақтандыру брокерлерінің есептелген комиссиялық кірістерінің сомаларын есептен шығару жазылады.

1270 42 "Сақтандыру брокерлерінің қайта сақтандыру шарттарын жасасу жөніндегі делдалдық қызмет есептелген комиссиялық кірістері" (актив).

Мақсаты: сақтандыру брокерлерінің қайта сақтандыру шарттарын жасасу жөніндегі делдалдық қызмет үшін есептелген комиссиялық кірістерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сақтандыру брокерлерінің қайта сақтандыру шарттарын жасасу жөніндегі делдалдық қызмет үшін есептелген комиссиялық кірістерінің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша сақтандыру брокерлерінің есептелген комиссиялық кірістерінің сомаларын есептен шығару жазылады.

1270 61 "Инвестициялық кірістен есептелген комиссиялық кірістер" (актив).

Мақсаты: Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасына сәйкес инвестициялық кірістен жинақтаушы зейнетақы қорларына және инвестициялық портфельді басқарушыға тиесілі есептелген инвестициялық кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша инвестициялық кірістен жинақтаушы зейнетақы қорына не инвестициялық портфельді басқарушыға тиесілі есептелген комиссиялық кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша инвестициялық кірістен есептелген комиссиялық кірістердің сомаларын оларды жинақтаушы зейнетақы қоры не инвестициялық портфельді басқарушы алған кезде есептен шығару жүргізіледі.

1270 62 "Зейнетақы активтерінен есептелген комиссиялық кірістер" (актив).

Мақсаты: Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасына сәйкес зейнетақы активтерінен түскен, жинақтаушы зейнетақы қорларына және инвестициялық портфельді басқарушыға тиесілі есептелген комиссиялық кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша зейнетақы активтерінен жинақтаушы зейнетақы қорына не инвестициялық портфельді басқарушыға тиесілі есептелген комиссиялық кірістердің сома жазылады.

Шоттың кредиті бойынша зейнетақы активтерінен есептелген комиссиялық кірістердің сомаларын оларды жинақтаушы зейнетақы қоры не инвестициялық портфельді басқарушы алған кезде есептен шығару жүргізіледі.

1270 63 "Зейнетақы активтерінен және олар бойынша инвестициялық кірістен болған мерзімі өткен комиссиялық кірістер" (актив).

Мақсаты: жинақтаушы зейнетақы қорларының және инвестициялық портфельді басқарушылардың зейнетақы активтерінен және олар бойынша инвестициялық кірістен мерзімі өткен комиссиялық кірістерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша жинақтаушы зейнетақы қорының не инвестициялық портфельді басқарушының зейнетақы активтерінен және олар бойынша инвестициялық кірістен мерзімі өткен комиссиялық кірістерінің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша жинақтаушы зейнетақы қорының не инвестициялық портфельді басқарушының мерзімі өткен комиссиялық кірістерінің сомаларын олар өтелген не баланстан есептен шығарылған кезде есептен шығару жүргізіледі.

1270 81 "Биржалық алым түрінде есептелген кірістер" (актив).

Мақсаты: қор биржасының биржалық алым (мүшелік жарналар, комиссиялық алымдар, листингтік алымдар) түрінде есептелген кірістерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша қор биржасының биржалық алым (мүшелік жарналар, комиссиялық алымдар, листингтік алымдар) түрінде есептелген кірістерінің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша қор биржасының биржалық алым (мүшелік жарналар, комиссиялық алымдар, листингтік алымдар) түрінде есептелген кірістерінің сомаларын оларды клиент төлеген немесе төлеу мерзімін өткізген кезде есептен шығару жүргізіледі.

1270 82 "Брокерлік және дилерлік қызмет бойынша қызмет көрсету үшін есептелген комиссиялық кірістер" (актив).

Мақсаты: қаржы нарығындағы клиенттерге брокерлік және дилерлік қызмет бойынша қызмет көрсету үшін есептелген комиссиялық кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша қаржы нарығындағы клиенттерге брокерлік және дилерлік қызмет бойынша қызмет көрсету үшін есептелген комиссиялық кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша брокерлік және дилерлік қызмет бойынша қызмет көрсету үшін есептелген комиссиялық кірістердің сомаларын оларды клиент төлеген немесе төлеу мерзімін өткізген кезде есептен шығару жүргізіледі.

1270 83 "Бағалы қағаздар нарығының өзге де кәсіби қатысушыларының қызмет көрсетулері үшін есептелген комиссиялық кірістер" (актив).

Мақсаты: бағалы қағаздар нарығының өзге де кәсіби қатысушыларының қызмет көрсетулері үшін есептелген комиссиялық кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша бағалы қағаздар нарығының өзге де кәсіби қатысушыларының қызмет көрсетулері үшін есептелген комиссиялық кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша бағалы қағаздар нарығының өзге де кәсіби қатысушыларының есептелген комиссиялық кірістердің сомаларын оларды клиент төлеген немесе төлеу мерзімін өткізген кезде есептен шығару жүргізіледі.

1270 84 "Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларының қызметіне байланысты мерзімі өткен комиссиялық кірістер" (актив).

Мақсаты: бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары көрсеткен қызмет үшін мерзімі өткен комиссиялық кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары көрсеткен қызмет үшін мерзімі өткен комиссиялық кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша көрсетілген қызмет үшін мерзімі өткен комиссиялық кірістердің сомаларын оларды клиент төлеген немесе ұйымның балансынан есептен шығарылған кезде есептен шығару жүргізіледі.

1280 01 "Сенімгерлік басқаруға берілген қаржы активтері" (актив).

Мақсаты: ұйым сенімгерлік басқаруға берген ақша сомаларын, тазартылған қымбат металдардың және бағалы қағаздардың құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сенімгерлік басқаруға берілген ақша сомасы, тазартылған қымбат металдардың және бағалы қағаздардың құны жазылады.

Шоттың кредиті бойынша сенімгерлік басқаруға берілген ақша сомаларын, тазартылған қымбат металдардың және бағалы қағаздардың құнын оларды ұйымға қайтарған немесе ұйымның балансынан шығарылған кезде есептен шығару жүргізіледі.

1280 02 "Фьючерс мәмілесі бойынша талаптар" (актив).

Мақсаты: фьючерс мәмілесін жасау нәтижесінде туындаған талаптардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша фьючерс мәмілесін жасау нәтижесінде туындаған талаптардың сомасы, сондай-ақ оң қайта бағалау сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша туындаған талаптардың сомаларын оларды клиент төлеген кезде, сондай-ақ теріс қайта бағалау сомасын есептен шығару жүргізіледі.

1280 03 "Форвард мәмілесі бойынша талаптар" (актив).

Мақсаты: форвард мәмілесін жасау нәтижесінде туындаған талаптардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша форвард мәмілесін жасау нәтижесінде туындаған талаптардың сомасы, сондай-ақ оң қайта бағалау сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша туындаған талаптардың сомаларын оларды клиент төлеген кезде, сондай-ақ теріс қайта бағалау сомасын есептен шығару жүргізіледі.

1280 04 "Опцион мәмілесі бойынша талаптар" (актив).

Мақсаты: опцион мәмілесін жасау нәтижесінде туындаған талаптардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша опцион мәмілесін жасау нәтижесінде туындаған талаптардың сомасы, сондай-ақ оң қайта бағалау сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша туындаған талаптардың сомаларын оларды клиент төлеген кезде, сондай-ақ теріс қайта бағалау сомасын есептен шығару жүргізіледі.

1280 05 "Спот мәмілесі бойынша талаптар" (актив).

Мақсаты: спот мәмілесін жасау нәтижесінде туындаған талаптардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша спот мәмілесін жасау нәтижесінде туындаған талаптардың сомасы, сондай-ақ оң қайта бағалау сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша туындаған талаптардың сомаларын оларды қарсы әріптес төлеген немесе спот мәмілесі жойылған кезде, сондай-ақ теріс қайта бағалау сомасын есептен шығару жүргізіледі.

1280 06 "Своп мәмілесі бойынша талаптар" (актив).

Мақсаты: своп мәмілесін жасау нәтижесінде туындаған талаптардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша своп мәмілесін жасау нәтижесінде туындаған талаптардың сомасы, сондай-ақ оң қайта бағалау сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша туындаған талаптардың сомаларын оларды қарсы әріптес төлеген немесе спот мәмілесі жойылған кезде, сондай-ақ теріс қайта бағалау сомасын есептен шығару жүргізіледі.

1280 07 "Басқа да туынды қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша талаптар" (актив).

Мақсаты: басқа да туынды қаржы құралдарымен мәмілелер жасау нәтижесінде туындаған талаптардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша басқа да туынды қаржы құралдарымен мәмілелер жасау нәтижесінде туындаған талаптардың сомасы, сондай-ақ оң қайта бағалау сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша туындаған талаптардың сомаларын оларды қарсы әріптес төлеген немесе туынды қаржы құралдарымен мәмілелер жойылған кезде, сондай-ақ теріс қайта бағалау сомасын есептен шығару жүргізіледі.

1280 08 "Алынған вексельдер" (актив).

Мақсаты: сатып алушылардың және тапсырыс берушілердің дайын өнімді (тауарларды) тиеп жібергені, орындалған жұмыс және көрсетілген қызмет үшін берешегін қамтамасыз ету ретінде ұйым алған вексельдердің құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйым алған вексельдердің құны жазылады.

Шоттың кредиті бойынша ұйым алған вексельдердің құнын оларды сатып алушы не тапсырыс беруші төлеген немесе индоссолау кезінде есептен шығару жүргізіледі.

1280 09 "Есептелген тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл)" (актив).

Мақсаты: есептелген тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша есептелген тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша есептелген тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) сомасын оны алған немесе ұйымның балансына есептен шығарылған кезде есептен шығару жүргізіледі.

1280 10 "Басқа да дебиторлық берешек" (актив).

Мақсаты: шаруашылық және өзге қызмет бойынша, сондай-ақ уақытша және кездейсоқ сипаты бар дебиторлық берешектің сомаларын; мақсаты анықталмаған, туындаған сәтте басқа баланстық шоттар бойынша жүргізілмейтін дебиторлық берешектің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша шаруашылық және өзге қызмет бойынша, сондай-ақ уақытша және кездейсоқ сипаты бар дебиторлық берешектің сомасы; мақсаты анықталмаған, туындаған сәтте басқа баланстық шоттар бойынша жүргізілмейтін дебиторлық берешектің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша басқа да дебиторлық берешектің сомалары өтелген немесе ұйымның балансынан есептен шығарылған кезде жазылады.

1280 11 "Сенімгерлік басқаруға берілген зейнетақы жинақтары бойынша талаптар" (актив).

Мақсаты: бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры сенімгерлік басқаруға берген ақша сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сенімгерлік басқаруға берілген зейнетақы жинақтары бойынша талаптардың сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша сенімгерлік басқаруға берілген талаптардың сомалары есептен шығарылады.

1280 21 "Қаржылық жалдау" (актив).

Мақсаты: "Жалдау" 16-халықаралық қаржылық есептілік стандартына (IFRS) сәйкес қаржылық жалдау құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша "Жалдау" 16-халықаралық қаржылық есептілік стандартына (IFRS) сәйкес жалдау құнын тану және түзету жазылады.

Шоттың кредиті бойынша "Жалдау" 16-халықаралық қаржылық есептілік стандартына (IFRS) сәйкес жалдау құнын есептен шығару жазылады.

1280 22 "Қаржылық жалдау бойынша клиенттердің мерзімі өткен берешегі" (актив).

Мақсаты: клиенттерге берілген қаржылық жалдау бойынша мерзімі өткен берешектің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша клиентке берілген қаржылық жалдау бойынша мерзімі өткен берешектің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша берілген қаржылық жалдау бойынша мерзімі өткен берешектің сомаларын оны клиент өтеген немесе ұйымның балансынан шығарылған кезде есептен шығару жүргізіледі.

1280 23 "Клиенттерге факторинг" (актив).

Мақсаты: клиенттердің берешегі бойынша үшінші тұлғалардың ұйымға қайта берген талаптардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша факторинг бойынша талаптардың сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша факторинг бойынша талаптардың сомаларын оларды үшінші тұлға өтеген немесе төлемнің мерзімі өткен кезде есептен шығару жүргізіледі.

1280 24 "Клиенттерге форфейтинг" (актив).

Мақсаты: ұйымның тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді), оның ішінде сатушыға айналымсыз вексельді сатып алу арқылы алынған, сатып алушының борыштық міндеттемелері бойынша талаптарының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша форфейтинг бойынша талаптардың сомасы.

Шоттың кредиті бойынша форфейтинг бойынша талаптардың сомаларын оларды клиент өтеген немесе төлемнің мерзімі өткен кезде есептен шығару жүргізіледі.

1280 25 "Факторинг және форфейтинг бойынша мерзімі өткен берешек" (актив).

Мақсаты: ұйым клиентке берген факторинг және форфейтинг бойынша борыштың негізгі сомасы бойынша мерзімі өткен берешектің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйым клиентке берген факторинг және форфейтинг бойынша борыштың негізгі сомасы бойынша мерзімі өткен берешектің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша факторинг және форфейтинг бойынша борыштың негізгі сомасы бойынша мерзімі өткен берешектің сомаларын оларды клиент өтеген немесе ұйымның балансынан шығарылған кезде есептен шығару жүргізіледі.

1280 26 "Кепілдіктер және кепілдемелер бойынша дебиторлар" (актив).

Мақсаты: ұйым берген кепілдіктер және кепілдемелер бойынша дебиторлар талаптардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйым берген кепілдіктер және кепілдемелер бойынша дебиторлар талаптардың сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша берілген кепілдіктер және кепілдемелер бойынша дебиторлар талаптардың сомаларын олар өтелген немесе ұйымның балансынан шығарылған кезде есептен шығару жүргізіледі.

1280 27 "Банк қызметіне байланысты басқа да талаптар" (актив).

Мақсаты: ұйымның банк қызметі бойынша туындаған басқа да дебиторлық берешегінің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның банк қызметі бойынша басқа да дебиторлық берешегінің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша басқа да дебиторлық берешегінің сомаларын ол өтелген немесе ұйымның балансынан есептен шығарылған кезде есептен шығару жүргізіледі.

1280 41 "Сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары" (актив).

Мақсаты: сақтандыру брокерлері сақтанушылардан алатын сақтандыру сыйлықақыларының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сақтандыру брокері сақтанушыдан алатын сақтандыру сыйлықақыларының сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша сақтандыру сыйлықақыларының сомаларын оларды сақтанушы төлеген немесе төлем мерзімін өткізген кезде есептен шығару жазылады.

1280 42 "Қайта сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары" (актив).

Мақсаты: сақтандыру брокерлері қайта сақтанушылардан алатын сақтандыру сыйлықақыларының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сақтандыру брокері қайта сақтанушыдан алатын сақтандыру сыйлықақыларының сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша сақтандыру сыйлықақыларының сомаларын оларды қайта сақтанушы төлеген немесе төлем мерзімін өткізген кезде есептен шығару жазылады.

1280 43 "Сақтандырушыларға қойылатын талаптар" (актив).

Мақсаты: сақтандыру брокерлері сақтандыру ұйымдарынан алатын талаптардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сақтандыру брокері сақтандыру ұйымынан алатын талаптардың сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша талаптардың сомаларын оларды сақтандыру ұйымы төлеген немесе төлем мерзімін өткізген кезде есептен шығару жазылады.

1280 44 "Қайта сақтандырушыларға қойылатын талаптар" (актив).

Мақсаты: қайта сақтандыру ұйымдарынан алынатын талаптардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша қайта сақтандыру ұйымынан алынатын талаптардың сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша талаптардың сомаларын оларды қайта сақтандыру ұйымы төлеген немесе төлем мерзімін өткізген кезде есептен шығару жазылады.

1280 45 Брокерлік қызмет бойынша басқа да дебиторлық берешек" (актив).

Мақсаты: сақтандыру брокерлерінің брокерлік қызметтен басқа да дебиторлық берешегінің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сақтандыру брокерлерінің брокерлік қызметтен басқа да дебиторлық берешегінің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша басқа да дебиторлық берешектің сомаларын олар төленген немесе төлеу мерзімі өтіп кеткен кезде есептен шығару жазылады.

1280 63 "Номиналды кірістілік көрсеткіші мен кірістіліктің ең аз мәні арасындағы теріс айырманы өтеу жөніндегі талаптар" (актив).

Мақсаты: инвестициялық портфельді басқарушы алған зейнетақы активтерінің номиналдық кірістілігі көрсеткішінің ауытқуы нәтижесінде туындаған теріс айырманы өтеу жөніндегі талаптардың сомаларын және зейнетақы активтері кірістілігінің ең төменгі мәнін есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша талаптар сомасы олар туындаған кезде жазылады.

Шоттың кредиті бойынша теріс айырманы өтеу кезінде талаптардың сомаларын есептен шығару жазылады.

1290 01 "Дебиторлық берешек бойынша резервтер (провизиялар)" (контрактив).

Мақсаты: клиенттердің дебиторлық берешегі бойынша күтілетін және орын алған кредиттік шығындарға арналған бағалау резервтерінің (провизиялардың) сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша клиенттердің дебиторлық берешегі бойынша күтілетін және орын алған кредиттік шығындарға арналған бағалау резервтерінің (провизиялардың) сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша құрылған бағалау резервтерінің (провизиялардың) сомаларын есептен шығару жазылады.

1290 21 "Клиенттерге берілген заемдар бойынша резервтер (провизиялар)" (контрактив).

Мақсаты: клиенттерге берілген қарыздар бойынша күтілетін және орын алған кредиттік шығындарға арналған бағалау резервтерінің (провизиялардың) сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша клиенттерге берілген қарыздар бойынша күтілетін және орын алған кредиттік шығындарға арналған бағалау резервтерінің (провизияларының) сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша құрылған бағалау резервтерінің (провизиялардың) сомаларын есептен шығару жазылады.

1290 22 "Клиенттерге берілген қаржылық жалдау бойынша резервтер (провизиялар) " (контрактив).

Мақсаты: клиенттерге берілген қаржылық жалдау бойынша күтілетін және орын алған кредиттік шығындарға арналған бағалау резервтерінің (провизиялардың) сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша клиенттерге берілген қаржылық жалдау бойынша күтілетін және орын алған кредиттік шығындарға арналған бағалау резервтерінің (провизияларының) сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша құрылған бағалау резервтерінің (провизиялардың) сомаларын есептен шығару жазылады.

1290 23 "Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы активтері бойынша резервтер (провизиялар)" (контрактив).

Мақсаты: амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы активтері бойынша күтілетін және орын алған кредиттік шығындарға арналған бағалау резервтерінің (провизиялардың) сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы активтері бойынша күтілетін және орын алған кредиттік шығындарға арналған бағалау резервтерінің (провизиялардың) сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша құрылған бағалау резервтерінің (провизияларының) сомаларын есептен шығару жазылады.

1290 24 "Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған салымдар бойынша резервтер (провизиялар)" (контрактив).

Мақсаты: екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған салымдар бойынша күтілетін және орын алған кредиттік шығындарға арналған бағалау резервтерінің (провизияларының) сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша екінші деңгейдегі банкте және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда орналастырылған салымдар бойынша күтілетін және орын алған кредиттік шығындарға арналған бағалау резервтерінің (провизияларының) сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша құрылған бағалау резервтерінің (провизияларының) сомаларын есептен шығару жазылады.

1290 25 "Банктік қызмет бойынша басқа да дебиторлық берешек бойынша резервтер (провизиялар)" (контрактив).

Мақсаты: банктік қызмет бойынша басқа да дебиторлық берешек бойынша күтілетін және орын алған кредиттік шығындарға арналған бағалау резервтерінің (провизияларының) сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша банктік қызмет бойынша басқа да дебиторлық берешек бойынша күтілетін және орын алған кредиттік шығындарға арналған бағалау резервтерінің (провизияларының) сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша құрылған бағалау резервтерінің (провизияларының) сомаларын есептен шығару жазылады.

1290 26 "Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған ағымдағы шоттар бойынша резервтер (провизиялар)" (контрактив).

Шоттың кредиті бойынша сыйақы түрінде мерзімі өткен кірістер сомаларын оларды клиент төлеген немесе ұйымның балансынан есептен шығарған кезде есептен шығару жүргізіледі.

2180 "Басқа да ұзақ мерзімді дебиторлық берешек" (актив).

Мақсаты: №№ 2110 - 2170 баланс шоттары топтарында есептелмеген басқа да ұзақ мерзімді дебиторлық берешек сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша басқа да ұзақ мерзімді дебиторлық берешек сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша басқа да ұзақ мерзімді дебиторлық берешек сомаларын оларды клиент төлеген немесе ұйымның балансынан есептен шығарған кезде есептен шығару жүргізіледі.

2180 01 "Фьючерс мәмілесі бойынша талаптар" (актив).

Мақсаты: фьючерс мәмілесін жасау нәтижесінде туындаған ұзақ мерзімді талаптардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша фьючерс мәмілесін жасау нәтижесінде туындаған талаптардың сомалары, сондай-ақ оң қайта бағалау сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша туындаған талаптардың сомалары оларды қарсы әріптес төлеген немесе фьючерс мәмілесін жою кезінде, сондай-ақ теріс қайта бағалау сомалары есептен шығарылады.

2180 02 "Форвард мәмілесі бойынша талаптар" (актив).

Мақсаты: форвард мәмілесін жасау нәтижесінде туындаған ұзақ мерзімді талаптардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша форвард мәмілесін жасау нәтижесінде туындаған талаптардың сомалары, сондай-ақ оң қайта бағалау сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша туындаған талаптардың сомалары оларды қарсы әріптес төлеген немесе форвард мәмілесін жою кезінде, сондай-ақ теріс қайта бағалау сомалары есептен шығарылады.

2180 03 "Опцион мәмілесі бойынша талаптар" (актив).

Мақсаты: опцион мәмілесін жасау нәтижесінде туындаған ұзақ мерзімді талаптардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша опцион мәмілесін жасау нәтижесінде туындаған талаптардың сомалары, сондай-ақ оң қайта бағалау сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша туындаған талаптардың сомалары оларды қарсы әріптес төлеген немесе опцион мәмілесін жою кезінде, сондай-ақ теріс қайта бағадау сомалары есептен шығарылады.

2180 04 "Своп мәмілесі бойынша талаптар" (актив).

Мақсаты: своп мәмілесін жасау нәтижесінде туындаған ұзақ мерзімді талаптардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша своп мәмілесін жасау нәтижесінде туындаған талаптардың сомалары, сондай-ақ оң қайта бағалау сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша туындаған талаптардың сомалары оларды қарсы әріптес төлеген немесе своп мәмілесін жою кезінде, сондай-ақ теріс қайта бағалау сомалары есептен шығарылады.

2180 05 "Басқа да туынды қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша талаптар" (актив).

Мақсаты: басқа да туынды қаржы құралдарымен мәмілелер жасау нәтижесінде туындаған ұзақ мерзімді талаптардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша басқа да туынды қаржы құралдарымен мәмілелер жасау нәтижесінде туындаған талаптардың сомалары, сондай-ақ оң қайта бағалау сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша туындаған талаптардың сомалары оларды қарсы әріптес төлеген немесе басқа да туынды қаржы құралдарымен мәмілелерді жою кезінде, сондай-ақ теріс қайта бағалау сомалары есептен шығарылады.

2210 "Үлестік қатысу әдісімен есепке алынатын инвестициялар" (актив).

Мақсаты: үлестік қатысу әдісімен есепке алынатын қауымдасқан және тәуелсіз ұйымдарға инвестициялар құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша үлестік қатысу әдісімен есепке алынатын қауымдасқан немесе тәуелсіз ұйымға инвестициялардың сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша үлестік қатысу әдісімен есепке алынатын қауымдасқан немесе тәуелсіз ұйымға инвестициялардың сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

2310 "Жылжымайтын мүлікке инвестициялар" (актив).

Мақсаты: жалдау төлемдерін және (немесе) капитал құнының өсімін алу мақсатында иелікте тұрған (қаржылық жалдау шарты бойынша меншік иесінде немесе жалға алушыда) жылжымайтын мүлікке инвестициялар құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша жалдау төлемдерін және (немесе) капитал құнының өсімін алу мақсатында иелікте тұрған (қаржылық жалдау шарты бойынша меншік иесінде немесе жалға алушыда) жылжымайтын мүлікке инвестициялар сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша жылжымайтын мүлікке инвестициялар ретінде активтің жіктелуінің өзгеруіне байланысты жылжымайтын мүлікке инвестициялар сомаларының оларды іске асыру немесе басқа да шығынға жазу кезінде есептен шығару жүргізіледі.

2320 "Жылжымайтын мүлікке инвестициялардың амортизациясы" (контрактив).

Мақсаты: жылжымайтын мүлікке инвестициялар бойынша есептелген амортизация сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша жылжымайтын мүлікке инвестициялар бойынша есептелген амортизация сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша жылжымайтын мүлікке инвестициялар ретінде активтің жіктелуінің өзгеруіне байланысты жылжымайтын мүлікке инвестициялар бойынша

есептелген амортизация сомаларын оларды іске асыру немесе басқа да шығынға жазу кезінде есептен шығару жүргізіледі.

2330 "Жылжымайтын мүлікке инвестициялардың құнсыздануынан болған залал" (контрактив).

Мақсаты: егер ұйым, инвестициялық жылжымайтын мүліктің барлық объектілері активтердің құнсыздануынан болған жинақталған амортизацияны және жинақталған залалдарды шегере отырып нақты шығындар бойынша өлшенетін, жылжымайтын мүлікке инвестицияларды бастапқы танудан кейін нақты шығындар бойынша есепке алу моделін таңдап алған жағдайда, құнсызданудан болған залалдардың сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша жылжымайтын мүлікке инвестициялардың құнсыздануынан болған залалдардың сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша жылжымайтын мүлікке инвестицияларды есептен шығару кезінде жылжымайтын мүлікке инвестициялардың құнсыздануынан болған залалдардың сомаларын құрылған резервтер (провизиялар) немесе жылжымайтын мүлікке инвестициялардың құнсыздануынан болған залалдардың азаюы есебінен есептен шығару жүргізіледі.

2410 "Негізгі құрал-жабдықтар" (актив).

Мақсаты: негізгі құрал-жабдықтарға меншік құқын сатып алу немесе өтеусіз алу құнын, сондай-ақ негізгі құрал-жабдықтарға капиталдық шығындар сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша негізгі құрал-жабдықтарға меншік құқын сатып алу немесе өтеусіз алу құны, сондай-ақ негізгі құрал-жабдықтарға капиталдық шығындар сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша негізгі құрал-жабдықтарға меншік құқын сатып алу немесе өтеусіз алу құнын, сондай-ақ негізгі құрал-жабдықтарға капиталдық шығындар сомаларын оларды іске асыру бойынша немесе басқа да шығынға жазу бойынша есептен шығару жүргізіледі.

2420 "Негізгі құрал-жабдықтар амортизациясы" (контрактив).

Мақсаты: негізгі құрал-жабдықтар бойынша есептелген амортизация сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша негізгі құрал-жабдықтар бойынша есептелген амортизация сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша негізгі құрал-жабдықтар бойынша есептелген амортизация сомаларын оны өткізу немесе өзге шығынға жазу кезінде есептен шығару жүргізіледі.

2430 "Негізгі құрал-жабдықтардың құнсыздануынан болған залал" (контрактив).

Мақсаты: негізгі құрал-жабдықтардың құнсыздануынан болған залалдардың сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша негізгі құрал-жабдықтардың құнсыздануынан болған залалдардың сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша негізгі құрал-жабдықтардың құнсыздануынан болған залалдардың сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

2440 "Пайдалану құқығы нысанындағы активтер" (актив).

Мақсаты: жалға алынған негізгі құрал-жабдықтар бойынша пайдалану құқығы нысанындағы активтердің құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша жалға алынған негізгі құрал-жабдықтар бойынша пайдалану құқығы нысанындағы активтердің құны, жалдау жөніндегі міндеттемелер қайта бағаланған жағдайда активтің сомасын түзету сомасы, жалдау шартының талаптары өзгерген кезде құнды түзету сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша жалға алу мерзімі аяқталғаннан кейін, құнсызданған кезде, жалдау жөніндегі міндеттемелер қайта бағаланған жағдайда құн түзетілген кезде, жалдау шартының талаптарының өзгеруіне байланысты құнды түзеткен кезде жалға алынған негізгі құрал-жабдықтар бойынша пайдалану құқығы нысанындағы активтердің құнын есептен шығару жазылады.

2450 "Пайдалану құқығы нысанындағы активтер бойынша есептелген амортизация" (контрактив).

Мақсаты: жалға алынған негізгі құрал-жабдықтар бойынша пайдалану құқығы нысанындағы активтер бойынша есептелген амортизацияның сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша жалға алынған негізгі құрал-жабдықтар бойынша пайдалану құқығы нысанындағы активтер бойынша есептелген амортизацияның сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша жалға алынған негізгі құрал-жабдықтар бойынша пайдалану құқығы нысанындағы активтер бойынша есептелген амортизацияның сомасын есептен шығару жазылады.

2460 "Пайдалану құқығы нысанындағы активтер бойынша күрделі шығындар" (актив).

Мақсаты: жалға алынған негізгі құрал-жабдықтар бойынша пайдалану құқығы нысанындағы активтер бойынша күрделі шығындардың құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша жалға алынған негізгі құрал-жабдықтар бойынша пайдалану құқығы нысанындағы активтер бойынша күрделі шығындардың құны жазылады.

Шоттың кредиті бойынша жалға алынған негізгі құрал-жабдықтар бойынша пайдалану құқығы нысанындағы активтер бойынша жұмсалған күрделі шығындардың құнын есептен шығару жазылады.

2470 "Пайдалану құқығы нысанындағы активтер бойынша күрделі шығындар бойынша есептелген амортизация" (контрактив).

Мақсаты: жалға алынған негізгі құрал-жабдықтар бойынша келтірілген күрделі шығындар бойынша есептелген амортизацияның сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша жалға алынған негізгі құрал-жабдықтар бойынша келтірілген күрделі шығындар бойынша есептелген амортизацияның сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша жалға алынған негізгі құрал-жабдықтар бойынша келтірілген күрделі шығындар бойынша есептелген амортизацияның сомаларын есептен шығару жазылады.

2500 "Биологиялық активтер" (актив).

Мақсаты: биологиялық активтердің құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша биологиялық активтерді сатып алу құны жазылады.

Шоттың кредиті бойынша биологиялық активтердің құнын оларды ұйымның балансынан шығынға жазу кезінде есептен шығару жүргізіледі.

2610 "Барлау және бағалау активтері" (контрактив).

Мақсаты: минералдық ресурстарды барлау мен бағалау шығыстарының, минералдық ресурстарды барлау мен бағалау алдындағы қызмет барысында келтірілген шығыстарды, сондай-ақ минералдық ресурстарды өндіру техникалық іске асатындығы және коммерциялық орындылығы айқын болғаннан кейінгі шығыстарды қоспағанда, сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша минералдық ресурстарды барлауға және бағалауға шығыстардың сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша минералдық ресурстарды барлауға және бағалауға шығыстардың сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

2620 "Барлау және бағалау активтерінің амортизациясы" (контрактив).

Мақсаты: барлау және бағалау активтері бойынша есептелген амортизация сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша барлау және бағалау активтері бойынша есептелген амортизация сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша барлау және бағалау активтері бойынша есептелген амортизация сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

2630 "Барлау және бағалау активтерінің құнсыздануынан болған залал" (контрактив).

Мақсаты: барлау және бағалау активтерінің құнсыздануынан болған залал сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша барлау және бағалау активтерінің құнсыздануынан болған залалдар сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша барлау және бағалау активтерінің құнсыздануынан болған залалдар сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

2710 "Гудвилл" (актив).

Мақсаты: ұйымның сатып алу құнының (жалпы мүліктік кешен ретінде) сатып алу күніне белгіленген оның барлық активтерінің әділ құнынан асатын сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша гудвилл құны жазылады.

Шоттың кредиті бойынша гудвилл құнын оның құнсыздануы кезінде және өзге де жағдайларда есептен шығару жүргізіледі.

2720 "Гудвиллдің құнсыздануы" (контрактив).

Мақсаты: құнсызданудан болуы мүмкін залалдарды есептеу үшін тұрақты жүргізілетін сынақ қорытындылары бойынша гудвиллдің құнсыздануын көрсету жөніндегі операцияларды есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша гудвиллден болған залалдардың сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша гудвиллдің құнсыздануынан болған залалдар сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

2730 "Басқа да материалдық емес активтер" (актив).

Мақсаты: басқа да материалдық емес активтер құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша басқа да материалдық емес активтер құны жазылады.

Шоттың кредиті бойынша басқа да материалдық емес активтердің құнын оларды ұйымның балансынан шығынға жазу кезінде есептен шығару жүргізіледі.

2740 "Басқа да материалдық емес активтердің амортизациясы" (контрактив).

Мақсаты: басқа да материалдық емес активтер бойынша есептелген амортизация сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша басқа да материалдық емес активтер бойынша есептелген амортизация сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша басқа да материалдық емес активтер бойынша жинақталған амортизация сомаларын оларды ұйымның балансынан шығынға жазу кезінде есептен шығару жүргізіледі.

2750 "Басқа да материалдық емес активтердің құнсыздануынан болған залал" (контрактив).

Мақсаты: басқа да материалдық емес активтердің құнсыздануынан залалдар сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша басқа да материалдық емес активтердің құнсыздануынан залалдар сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша басқа да материалдық емес активтердің құнсыздануынан болған залалдар сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

2810 "Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған салық активтері" (актив).

Мақсаты: бухгалтерлік және салық есептері арасындағы айырмашылықтар нәтижесінде туындаған уақытша айырым сомасы бойынша белгіленген кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығының сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша қалдырылған корпоративтік табыс салығының сомаларын № 7710 шотпен байланыстыра отырып түзету кезінде есептен шығару жүргізіледі.

2910 "Ұзақ мерзімді берілген аванстар" (актив).

Мақсаты: ұйым активтерді жеткізуге, сондай-ақ есепті кезең бойында ішінара дайын болуына қарай тапсырыс берушіден қабылданған өнімдерге, қызмет көрсетулерге ақы төлеу үшін берген ұзақ мерзімді аванстардың және басқа берілген ұзақ мерзімді аванстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйым активтерді жеткізуге, сондай-ақ есепті кезең бойында ішінара дайын болуына қарай тапсырыс берушіден қабылданған өнімдерге, қызмет көрсетулерге ақы төлеу үшін берген ұзақ мерзімді аванстардың және басқа берілген ұзақ мерзімді аванстардың сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша активтерді және қызмет көрсетулерді алу кезінде берілген аванстардың сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

2920 "Болашақ кезеңнің шығыстары" (актив).

Мақсаты: болашақ кезең шығыстарының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша болашақ кезең шығыстарының сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша болашақ кезең шығыстарының сомаларын есептеу әдісі бойынша нақты шығыстарға есептен шығару жүргізіледі.

2930 "Аяқталмаған құрылыс" (актив).

Мақсаты:

1) үй және ғимараттарды салу, жабдықтарды құрастыру бойынша және күрделі құрылысқа сметалармен, сметалық-қаржылық есептермен көзделген басқа шығыстар (құрылысты (мердігерлік немесе шаруашылық) жүзеге асыру тәсіліне қарамастан), сондай-ақ құрылыс кезеңіне берілген заемдар бойынша сыйақыларды төлеу бойынша;

2) құрылысқа және негізгі құрал-жабдықтар объектілерінің бастапқы құнына кіретін және кірмейтін негізгі құрал-жабдықтарды сатып алуға байланысты;

3) құрастыруды талап ететін және күрделі салымдардың салынып жатқан (қайта құрылып жатқан) объектілеріне орнатуға арналған технологиялық, энергетикалық және өндірістік жабдықтарды (шеберханаға, тәжірибелік қондырғылар мен зертханаларға арналған жабдықтарды қоса) сатып алу бойынша;

4) негізгі табынға ауыстырылатын өнімді және жұмыс малының түлегін өсіру бойынша шығындардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша аяқталмаған күрделі құрылыс бойынша келтірілген шығындар сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша күрделі құрылыс бойынша келтірілген шығындар сомаларын оларды негізгі құрал-жабдықтың құнына, шығыстарға немесе өзге де шығынға жазу кезінде есептен шығару.

2940 "Басқа да ұзақ мерзімді активтер" (актив).

Мақсаты: №№ 2910, 2920, 2930 топтарының баланс шоттарында ескерілмеген басқа да ұзақ мерзімді активтер құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша басқа да ұзақ мерзімді активтердің құны жазылады.

Шоттың кредиті бойынша басқа да ұзақ мерзімді активтердің құнын есептен шығару.

2940 21 "Қаржылық жалдау" (актив).

Мақсаты: клиенттерге берілген қаржылық жалдау бойынша негізгі борыш сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша клиентке берілген қаржылық жалдау бойынша негізгі борыш сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша берілген қаржылық жалдау бойынша негізгі борыш сомаларын оларды клиент өтеген немесе мерзімін өткізген кезде есептен шығару жүргізіледі.

2940 22 "Клиенттердің қаржылық жалдау бойынша мерзімі өткен берешегі" (актив).

Мақсаты: клиенттерге берілген клиенттердің қаржылық жалдау бойынша мерзімі өткен берешегі сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша клиентке берілген қаржылық жалдау бойынша мерзімі өткен берешегінің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша берілген қаржылық жалдау бойынша мерзімі өткен берешек сомаларын оны клиент өтеген немесе ұйымның балансынан есептен шығарған кезде есептен шығару жүргізіледі.

2940 23 "Клиенттерге факторинг" (актив)

Мақсаты: үшінші тұлғалар ұйымға қайта берген клиенттердің берешегі бойынша талаптар сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша факторинг бойынша талаптар сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша факторинг бойынша талаптар сомаларын оларды үшінші тұлға өтеген кезде немесе төлемнің мерзім өткен кезде есептен шығару жүргізіледі.

2940 24 "Клиенттерге форфейтинг" (актив).

Мақсаты: ұйымның тауарды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сатып алушының борыштық міндеттемелері бойынша, оның ішінде сатып алушыға айналым жасамай вексельді сатып алу арқылы алған талаптарының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша форфейтинг бойынша талаптардың сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша форфейтинг бойынша талаптардың сомаларын оларды клиент өтеген немесе төлем мерзімі өткен кезде есептен шығару жүргізіледі.

2940 25 "Факторинг және форфейтинг бойынша мерзімі өткен берешек" (актив).

Мақсаты: ұйымның клиенттерге берген факторинг және форфейтинг бойынша борышының негізгі сомасы бойынша мерзімі өткен берешектің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның клиентке берген факторинг және форфейтинг бойынша борышының негізгі сомасы бойынша мерзімі өткен берешектің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша берілген факторинг және форфейтинг бойынша борыштың негізгі сомасы бойынша мерзімі өткен берешектің сомаларын клиент өтеген немесе ұйымның балансынан есептен шығарған кезде есептен шығару жүргізіледі.

2940 26 "Кепілдіктер және кепілдемелер бойынша дебиторлар" (актив).

Мақсаты: ұйым берген кепілдіктер және кепілдемелер бойынша талаптар сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйым берген кепілдіктер және кепілдемелер бойынша талаптар сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша ұйым берген кепілдіктер және кепілдемелер бойынша талаптар сомаларын оларды өтеген немесе ұйымның балансынан есептен шығарған кезде есептен шығару жүргізіледі.

2940 27 "Банктік қызметке байланысты басқа да талаптар" (актив).

Мақсаты: банктік қызметке байланысты ұйымның басқа да талаптарының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша банктік қызметке байланысты ұйымның басқа да талаптарының сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша басқа да талаптардың сомаларын оларды өтеген немесе ұйымның балансынан есептен шығарған кезде есептен шығару жүргізіледі.

3010 "Қысқа мерзімді банк заемдары" (пассив).

Мақсаты: ұйым алған өтеу мерзімі бір жылға дейінгі банк заемдарының сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйым алған қысқа мерзімді банк заемдарының сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша алынған қысқа мерзімді банк заемдарының сомаларын оларды ұйым өтеген кезде есептен шығару жүргізіледі.

3020 "Екінші деңгейдегі банктерді қоспағанда, заңды тұлғалардан алынған қысқа мерзімді қарыздар" (пассив).

Мақсаты: Екінші деңгейдегі банктерді қоспағанда, заңды тұлғалардан алынған бір жылға дейін өтеу мерзімі бар қарыздар сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша екінші деңгейдегі банктерді қоспағанда, заңды тұлғалардан алынған қысқа мерзімді қарыздар срмасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша алынған қысқа мерзімді қарыздар сомаларын ұйым төлеген жағдайда есептен шығарылады.

3030 "Қатысушылардың дивидендтері және кірістері бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" (пассив).

Мақсаты: ұйым есептеген және акционерлерге төленуге жататын дивиденттер бойынша акциялар бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешектердің, сондай-ақ акционерлік қоғамдардан басқа, жарғылық капиталда үлесі бар ұйымға қатысушылар кірістерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйым есептеген және акционерлерге төленуге жататын дивиденттер бойынша акциялар бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешектердің, сондай-ақ ұйым есептеген және акционерлік қоғамдардан басқа жарғылық капиталда үлесі бар ұйымның қатысушыларына төленуге жататын кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша дивиденттер бойынша акциялар бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешектің сомаларын оларды акционерлік қоғамдарға төлеген кезде, сондай-ақ есептелген шығыстар сомаларын оларды қатысушыға төлеген кезде есептен шығару жүргізіледі.

3040 "Ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелердің ағымдағы бөлігі" (пассив).

Мақсаты: ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелердің ағымдағы бөлігі сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелердің ағымдағы бөлігінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелердің ағымдағы бөлігінің сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

3050 01 "Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынған қысқа мерзімді заемдар" (пассив).

Мақсаты: өтеу мерзімі бір жылдан кем Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынған қысқа мерзімді заемдар сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынған қысқа мерзімді заемдар сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша алынған қысқа мерзімді заемдардың сомаларын оларды өтеу кезінде есептен шығару жүргізіледі.

3050 02 "Қазақстан Республикасының жергілікті өкімет органдарынан алынған қысқа мерзімді заемдар" (пассив).

Мақсаты: өтеу мерзімі бір жылға дейінгі Қазақстан Республикасының жергілікті өкімет органдарынан алынған қысқа мерзімді заемдар сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша Қазақстан Республикасының жергілікті өкімет органдарынан алынған қысқа мерзімді заемдар сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша алынған қысқа мерзімді заемдардың сомаларын оларды өтеу кезінде есептен шығару жүргізіледі.

3050 03 "Бағалы қағаздармен "РЕПО" операциялары" (пассив).

Мақсаты: қарсы әріптестен келісілген баға бойынша бағалы қағаздарды болашақта сатып алу міндеттілігімен операцияны ашу күні кепілге берілген ұйымның бағалы қағаздармен "РЕПО" операциялары бойынша міндеттемелері сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша операцияны ашу күні ұйымның бағалы қағаздармен " РЕПО" операциялары бойынша міндеттемелерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның операцияны жабу немесе жою кезінде ұйымның "РЕПО" операциялары бойынша міндеттемелерінің сомасын есептен шығару жүргізіледі.

3050 04 "Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған қысқа мерзімді заемдар" (пассив).

Мақсаты: өтеу мерзімі бір жылдан кем банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған заемдар сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымнан алған қысқа мерзімді заемдар сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша алынған қысқа мерзімді заемдардың сомаларын оларды өтеу кезінде есептен шығару жүргізіледі.

3050 05 "Алынған қысқа мерзімді заемдар бойынша сыйлықақы" (пассив).

Мақсаты: нақты алынған қысқа мерзімді заем сомасының (мәміле бойынша шығындары ескере отырып) өтелетін заем сомасынан (сыйлықақы) асатын сомаларын, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша нақты алынған қысқа мерзімді заем сомасының (мәміле бойынша шығындары ескере отырып) өтелетін заем сомасынан (сыйлықақы) асатын сомасы, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша алынған қысқа мерзімді заем бойынша амортизация сомасы және (немесе) сыйлықақыны есептен шығару жазылады.

3050 06 "Алынған қысқа мерзімді заемдар бойынша дисконт" (контрпассив).

Мақсаты: өтелетін заем сомасының (дисконт) нақты алынған қысқа мерзімді заем сомасынан (мәміле бойынша шығындары ескере отырып) асатын сомаларын, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомаларын, нарықтық емес мөлшерлеме бойынша қысқа мерзімді заем алуға байланысты түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша өтелетін заем сомасының (дисконт) нақты алынған қысқа мерзімді заем сомасынан (мәміле бойынша шығындары ескере отырып) асатын сомасы, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомасы, нарықтық емес мөлшерлеме бойынша қысқа мерзімді заем алуға байланысты түзету сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша алынған қысқа мерзімді заем бойынша амортизация сомасы және (немесе) дисконтты есептен шығару жазылады.

3110 01 "Төленуге тиісті корпоративтік табыс салығы" (пассив).

Мақсаты: бюджетке төленуге тиісті корпоративтік табыс салығы сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша бюджетке төленуге тиісті корпоративтік табыс салығының сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша есептелген корпоративтік табыс салығының сомаларын оны ұйымның бюджетке аударуы және/немесе есепті кезеңнің соңында реттеу кезінде есептен шығару жүргізіледі.

3120 "Жеке табыс салығы" (пассив).

Мақсаты: бюджетке төленуге тиісті жеке табыс салығы сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша бюджетке төленуге тиісті жеке табыс салығының сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша жеке табыс салығының сомаларын оны бюджетке аудару кезінде есептен шығару жүргізіледі.

3130 "Қосылған құн салығы" (пассив).

Мақсаты: бюджетке төленуге тиісті қосылған құн салығы сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша бюджетке төленуге тиісті қосылған құн салығының сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша есептелген қосылған құн салығының сомаларын оны ұйымның бюджетке аударуы және/немесе есепті кезеңнің соңында реттеу кезінде есептен шығару жүргізіледі.

3140 "Акциздер" (пассив).

Мақсаты: бюджетке төленуге тиісті акциздер сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша бюджетке төленуге тиісті акциздер сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша есептелген акциздер сомаларын оларды ұйымның бюджетке аударуы және/немесе есепті кезеңнің соңында реттеу кезінде есептен шығару жүргізіледі.

3150 "Әлеуметтік салық" (пассив).

Мақсаты: бюджетке төленуге тиісті әлеуметтік салық сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша бюджетке төленуге тиісті әлеуметтік салық сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша есептелген әлеуметтік салық сомаларын оны ұйымның бюджетке аударуы және/немесе есепті кезеңнің соңында реттеу кезінде есептен шығару жүргізіледі.

3160 "Жер салығы" (пассив).

Мақсаты: бюджетке төленуге тиісті жер салығы сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша бюджетке төленуге тиісті жер салығы сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша есептелген жер салығы сомаларын оны ұйымның бюджетке аударуы және/немесе есепті кезеңнің соңында реттеу кезінде есептен шығару жүргізіледі

3170 "Көлік құралдарына салық" (пассив).

Мақсаты: бюджетке төленуге тиісті көлік құралдарына салық сомаларын есепке алу .

Шоттың кредиті бойынша бюджетке төленуге тиісті көлік құралдарына салық сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша көлік құралдарына есептелген салық сомаларын оны ұйымның бюджетке аударуы және/немесе есепті кезеңнің соңында реттеу кезінде есептен шығару жүргізіледі.

3180 "Мүлікке салық" (пассив).

Мақсаты: бюджетке төленуге тиісті мүлікке салық сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша бюджетке төленуге тиісті мүлікке салық сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша мүлікке есептелген салық сомаларын оны ұйымның бюджетке аударуы және/немесе есепті кезеңнің соңында реттеу кезінде есептен шығару жүргізіледі.

3190 "Басқа да салықтар" (пассив).

Мақсаты: бюджетке төленуге тиісті басқа да салықтар сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша бюджетке төленуге тиісті басқа да салықтар сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша есептелген басқа да салықтар сомаларын оларды ұйымның бюджетке аударуы кезінде және/немесе есепті кезеңнің соңында реттеу кезінде есептен шығару жүргізіледі.

3210 "Әлеуметтік сақтандыру бойынша міндеттемелер" (пассив).

Мақсаты: Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына төленуге тиісті әлеуметтік сақтандыру бойынша міндеттемелердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына төленуге тиісті әлеуметтік сақтандыру бойынша міндеттемелердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша әлеуметтік сақтандыру бойынша есептелген міндеттемелер сомаларын оларды Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына аудару кезінде және/немесе есепті кезеңнің соңында реттеу кезінде есептен шығару жүргізіледі.

3220 "Зейнетақы аударымдары бойынша міндеттемелер" (пассивтік).

Мақсаты: "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамына аударылуға тиісті зейнетақы аударымдары бойынша міндеттемелер сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамына аударылуға тиісті зейнетақы аударымдары бойынша міндеттемелер сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша әлеуметтік сақтандыру бойынша есептелген міндеттемелер сомаларын оларды "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамына аудару кезінде және (немесе) есепті кезеңнің соңында реттеу кезінде есептен шығару жүргізіледі.

3230 "Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа міндетті төлемдер бойынша басқа да міндеттемелер" (пассив).

Мақсаты: Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа міндетті төлемдер бойынша міндеттемелер сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа міндетті төлемдер бойынша міндеттемелер сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа міндетті төлемдер бойынша есептелген міндеттемелер сомаларын оларды бюджетке аудару және/немесе есепті кезеңнің соңында реттеу кезінде есептен шығару жүргізіледі .

3240 "Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа ерікті төлемдер бойынша басқа да міндеттемелер" (пассив).

Мақсаты: басқа ерікті төлемдер бойынша міндеттемелер сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша басқа ерікті төлемдер бойынша міндеттемелер сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша басқа ерікті төлемдер бойынша есептелген міндеттемелерді есептен шығару жүргізіледі.

3250 "Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары бойынша міндеттемелер" (пассивті).

Мақсаты: бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына төленуге тиіс жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары бойынша міндеттемелерінің сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына төленуге тиіс жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары бойынша міндеттемелерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына төленуге тиіс жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары бойынша есептелген міндеттемелерінің сомасын есептен шығару жазылады.

3310 "Жеткізушілерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" (пассив).

Мақсаты: жеткізушілерге және мердігерлерге алынған тауар-материалдық қорлардың және негізгі құрал-жабдықтардың, қабылданған жұмыстар мен алынған қызмет көрсетулердің құнын төлеу бойынша, ұсынылған шотты төлеу уақытына

қарамастан тауар-материалдық қорларды жеткізу немесе өңдеу бойынша шығыстарды қоса, қысқа мерзімді кредиторлық берешек сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша жеткізушілерге және мердігерлерге алынған тауар-материалдық қорлардың және негізгі құрал-жабдықтардың, қабылданған жұмыстар мен алынған қызмет көрсетулердің құнын төлеу бойынша, тауар-материалдық қорларды жеткізу немесе өңдеу бойынша шығыстарды қоса, қысқа мерзімді кредиторлық берешек сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша жеткізушілерге және мердігерлерге алынған тауар-материалдық қорлардың және негізгі құрал-жабдықтардың, қабылданған жұмыстар мен алынған қызмет көрсетулердің құнын төлеу кезінде, тауар-материалдық қорларды жеткізу немесе өңдеу бойынша шығыстарды қоса, қысқа мерзімді кредиторлық берешектің сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

3320 "Еншілес ұйымдарға қысқа мерзімді кредиторлық берешек" (пассив).

Мақсаты: сатып алынған активтер және бір жылға дейінгі мерзіммен көрсетілген қызметтер үшін еншілес ұйымдарға қысқа мерзімді кредиторлық берешек сомаларын есепке алу және еншілес ұйымдарға басқа да қысқа мерзімді кредиторлық берешек.

Шоттың кредиті бойынша сатып алынған активтер және бір жылға дейінгі мерзіммен көрсетілген қызметтер үшін еншілес ұйымдардың қысқа мерзімді кредиторлық берешек сомасы жазылады және еншілес ұйымның басқа да қысқа мерзімді кредиторлық берешегі.

Шоттың дебеті бойынша сатып алынған активтер және бір жылға дейінгі мерзіммен көрсетілген қызметтер үшін еншілес ұйымдарға қысқа мерзімді кредиторлық берешек сомаларын есептен шығару және еншілес ұйымның басқа да қысқа мерзімді кредиторлық берешегі.

3330 "Қауымдасқан және бірлескен ұйымдарға қысқа мерзімді кредиторлық берешек" (пассив).

Мақсаты: сатып алынған активтер және бір жылға дейінгі мерзіммен көрсетілген қызметтер үшін қауымдасқан және бірлескен ұйымдарға қысқа мерзімді кредиторлық берешек сомаларын есепке алу және қауымдасқан және бірлескен ұйымдарға басқа да қысқа мерзімді кредиторлық берешек.

Шоттың кредиті бойынша сатып алынған активтер және бір жылға дейінгі мерзіммен көрсетілген қызметтер үшін қауымдасқан және бірлескен ұйымның қысқа мерзімді кредиторлық берешек сомасы жазылады және қауымдасқан және бірлескен ұйымның басқа да қысқа мерзімді кредиторлық берешегі.

Шоттың дебеті бойынша сатып алынған активтер және бір жылға дейінгі мерзіммен көрсетілген қызметтер үшін қауымдасқан және бірлескен ұйымның қысқа мерзімді кредиторлық берешек сомаларын есептен шығару және қауымдасқан және бірлескен ұйымның басқа да қысқа мерзімді кредиторлық берешегі.

3340 "Филиалдарға және құрылымдық бөлімшелерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" (пассив).

Мақсаты: филиалдарға және құрылымдық бөлімшелерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша филиалдарға немесе құрылымдық бөлімшелерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша филиалдарға немесе құрылымдық бөлімшелерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

3350 "Еңбекақы төлеу бойынша қысқа мерзімді берешек" (пассив).

Мақсаты: қызметкерлерге есептелген жалақы (материалдық көмек, көтермелеу және басқа осындай төлемдер) сомаларын, сондай-ақ қызметкерлердің жалақысынан ұстап қалуға жататын сомаларды есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның қызметкеріне есептелген жалақы сомасы, сондай-ақ қызметкерлердің жалақысынан ұстап қалуға жататын сома жазылады.

Шоттың дебеті бойынша есептелген жалақы сомаларын оны ұйымның қызметкеріне төлеу кезінде, сондай-ақ қызметкерлердің жалақысынан ұстап қалуға жататын сомаларды есептен шығару жүргізіледі.

3360 "Жалдау бойынша қысқа мерзімді берешек" (пассив).

Мақсаты: жалдау бойынша қысқа мерзімді берешек бойынша міндеттемелер сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша жалдау бойынша қысқа мерзімді берешек бойынша міндеттемелер сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша жалдау бойынша қысқа мерзімді берешек бойынша міндеттемелер сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

3370 "Ұзақ мерзімді кредиторлық берешектің ағымдағы бөлігі" (пассив).

Мақсаты: ұзақ мерзімді кредиторлық берешектің ағымдағы бөлігін төлеуге байланысты міндеттемелер сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұзақ мерзімді кредиторлық берешектің ағымдағы бөлігін төлеуге байланысты міндеттемелер сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша ұзақ мерзімді кредиторлық берешектің ағымдағы бөлігін төлеуге байланысты міндеттемелер сомаларын оларды төлеу немесе баланстан есептен шығарған кезде есептен шығару жүргізіледі.

3380 01 "Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстар" (пассив).

Мақсаты: ұйым айналысқа шығарған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстар сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйым айналысқа шығарған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстар сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша айналысқа шығарған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстар сомаларын оларды ұйым төлеген кезде есептен шығару жүргізіледі.

3380 02 "Бағалы қағаздармен "РЕПО" операциялары бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстар" (пассив).

Мақсаты: болашақта қарсы әріптестен келісілген баға бойынша сатып алу міндеттемесімен операцияны ашу күніне кепілге берілген бағалы қағаздармен "РЕПО" операциялары бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстар сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша бағалы қағаздармен "РЕПО" операциялары бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстар сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша бағалы қағаздармен "РЕПО" операциялары бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстар сомаларын оларды төлеу немесе операцияны жою кезінде есептен шығару жүргізіледі.

3380 21 "Клиенттердің ағымдағы және корреспонденттік шоттары бойынша есептелген шығыстар" (пассив).

Мақсаты: осы кезеңге жататын, төленуі болашақта күтілетін клиенттердің ағымдағы және корреспонденттік шоттары бойынша есептелген шығыстар сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша клиенттердің ағымдағы және корреспонденттік шоттары бойынша есептелген шығыстар сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша клиенттердің ағымдағы және корреспонденттік шоттары бойынша есептелген шығыстар сомаларын оларды төлеу кезінде есептен шығару жүргізіледі.

3380 22 "Талап ету бойынша тартылған салымдар бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстар" (пассив).

Мақсаты: банктік салымдар шарты бойынша тартылған клиенттердің талап етуі бойынша салымдар бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстар сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша банктік салымдар шарты бойынша тартылған клиенттің талап етуі бойынша салымдар бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстар сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша банктік салымдар шарты бойынша тартылған клиенттің талап етуі бойынша салымдар бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстар сомаларын оларды клиентке қайтару кезінде есептен шығару жүргізіледі.

3380 23 "Тартылған мерзімді салымдар бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстар" (пассив).

Мақсаты: банктік салымдар шарты бойынша тартылған клиенттердің мерзімді салымдары бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстар сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша банктік салымдар шарты бойынша тартылған клиенттің мерзімді салымдары бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстар сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша банктік салымдар шарты бойынша тартылған клиенттің мерзімді салымдары бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстар сомаларын оларды клиентке қайтару кезінде есептен шығару жүргізіледі.

3380 24 "Тартылған шартты салымдар бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстар" (пассив).

Мақсаты: банктік салымдар шарты бойынша тартылған клиенттердің шартты салымдары бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстар сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша банктік салымдар шарты бойынша тартылған клиенттің шартты салымдары бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстар сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша банктік салымдар шарты бойынша тартылған шартты салымдар бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстар сомаларын оларды клиентке қайтару кезінде есептен шығару жүргізіледі.

3380 25 "Алынған заемдар бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстар" (пассив)
.

Мақсаты: ұйым алған заемдар бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстар сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйым алған заемдар бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстар сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша алынған заем бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстар сомаларын оны өтеу кезінде есептен шығару жүргізіледі.

3380 26 "Алынған қаржылық жалдау бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстар" (пассив).

Мақсаты: ұйымның екінші деңгейдегі банктерден және басқа заңды тұлғалардан алған қаржылық жалдау бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстар сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның екінші деңгейдегі банктен немесе басқа заңды тұлғадан алған қаржылық жалдау бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстар сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша алынған қаржылық жалдау бойынша сыйақы түрінде есептелген сомаларды оларды ұйым өтеген кезде есептен шығару жүргізіледі.

3380 27 "Сыйақы түрінде басқа да есептелген шығыстар" (пассив).

Мақсаты: сыйақы түрінде ұйым есептеген басқа да шығыстар сомаларын есепке алу
.

Шоттың кредиті бойынша сыйақы түрінде ұйым есептеген басқа да шығыстар сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша сыйақы түрінде басқа да есептелген шығыстар сомаларын оларды ұйым төлеген кезде есептен шығару жүргізіледі.

3380 28 "Аударым операциялары бойынша қызмет көрсету үшін есептелген комиссиялық шығыстар" (пассив).

Мақсаты: аударым операциялары бойынша көрсетілген қызмет үшін есептелген комиссиялық шығыстар сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша аударым операциялары бойынша көрсетілген қызмет үшін есептелген комиссиялық шығыстар сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша аударым операциялары бойынша көрсетілген қызмет үшін есептелген комиссиялық шығыстар сомаларын оларды ұйым төлеген немесе төлеу мерзімін өткізген кезде есептен шығару жүргізіледі.

3380 29 "Клиринг операциялары бойынша қызмет көрсету үшін есептелген комиссиялық шығыстар" (пассив).

Мақсаты: клиринг операциялары бойынша көрсетілген қызмет үшін есептелген комиссиялық шығыстар сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша клиринг операциялары бойынша көрсетілген қызмет үшін есептелген комиссиялық шығыстар сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша клиринг операциялары бойынша көрсетілген қызмет үшін есептелген комиссиялық шығыстар сомаларын оларды ұйым төлеген немесе төлеу мерзімін өткізген кезде есептен шығару жүргізіледі.

3380 30 "Кассалық операциялар бойынша қызмет көрсету үшін есептелген комиссиялық шығыстар" (пассив).

Мақсаты: кассалық операциялар бойынша көрсетілген қызмет үшін есептелген комиссиялық шығыстар сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша кассалық операциялар бойынша көрсетілген қызмет үшін есептелген комиссиялық шығыстар сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кассалық операциялар бойынша көрсетілген қызмет үшін есептелген комиссиялық шығыстар сомаларын оларды ұйым төлеген немесе төлеу мерзімін өткізген кезде есептен шығару жүргізіледі.

3380 31 "Сейф операциялары бойынша қызмет көрсету үшін есептелген комиссиялық шығыстар" (пассив).

Мақсаты: сейф операциялары бойынша көрсетілген қызмет үшін есептелген комиссиялық шығыстар сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша сейф операциялары бойынша көрсетілген қызмет үшін есептелген комиссиялық шығыстар сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша сейф операциялары бойынша көрсетілген қызмет үшін есептелген комиссиялық шығыстар сомаларын оларды ұйым төлеген немесе төлеу мерзімін өткізген кезде есептен шығару жүргізіледі.

3380 32 "Банкноталар, монеталар және құндылықтар инкассациясы бойынша қызмет көрсету үшін есептелген комиссиялық шығыстар" (пассив).

Мақсаты: банкноталар, монеталар және құндылықтар инкассациясы бойынша көрсетілген қызмет үшін есептелген комиссиялық шығыстар сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша банкноталар, монеталар және құндылықтар инкассациясы бойынша көрсетілген қызмет үшін есептелген комиссиялық шығыстар сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша банкноталар, монеталар және құндылықтар инкассациясы бойынша көрсетілген қызмет үшін есептелген комиссиялық шығыстар сомаларын оларды ұйым төлеген немесе төлеу мерзімін өткізген кезде есептен шығару жүргізіледі.

3380 33 "Сенімгерлік операциялар бойынша қызмет көрсету үшін есептелген комиссиялық шығыстар " (пассив).

Мақсаты: сенімгерлік операциялар бойынша көрсетілген қызмет үшін есептелген комиссиялық шығыстар сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша сенімгерлік операциялар бойынша көрсетілген қызмет үшін есептелген комиссиялық шығыстар сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша сенімгерлік операциялар бойынша көрсетілген қызмет үшін есептелген комиссиялық шығыстар сомаларын оларды ұйым төлеген немесе төлеу мерзімін өткізген кезде есептен шығару жүргізіледі.

3380 34 "Банктік қызметке байланысты басқа да комиссиялық шығыстар" (пассив).

Мақсаты: банктік қызметке байланысты ұйымның басқа да есептелген комиссиялық шығыстар сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша банктік қызметке байланысты ұйымның басқа да есептелген комиссиялық шығыстар сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша банктік қызметке байланысты басқа да есептелген комиссиялық шығыстар сомаларын оларды ұйым төлеген немесе төлеу мерзімін өткізген кезде есептен шығару жүргізіледі.

3380 35 "Тартылған қысқа мерзімді жинақ салымдары бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстар" (пассив).

Мақсаты: клиенттердің банктік салым шарты бойынша тартылған қысқа мерзімді жинақ салымдары бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша клиенттің банктік салым шарты бойынша тартылған қысқа мерзімді жинақ салымдары бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстардың сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша банктік салым шарты бойынша тартылған қысқа мерзімді жинақ салымдары бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстардың сомаларын есептен шығару жазылады.

3380 36 "Жалдау жөніндегі міндеттемелер бойынша есептелген пайыздық шығыстар" (пассив).

Мақсаты: жалдау жөніндегі міндеттемелер бойынша пайыздық шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша жалдау жөніндегі міндеттемелер бойынша есептелген пайыздық шығыстардың сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша міндеттеме бойынша есептелген пайыздық шығыстардың сомаларын есептен шығару жазылады.

3380 61 "Инвестициялық кірістен есептелген комиссиялық сыйақы" (пассив).

Мақсаты: Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасына сәйкес жинақтаушы зейнетақы қорына және инвестициялық портфельді басқарушыларға тиесілі инвестициялық кірістен есептелген комиссиялық сыйақы сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша жинақтаушы зейнетақы қорына не инвестициялық портфельді басқарушыға тиесілі инвестициялық кірістен есептелген комиссиялық сыйақы сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша инвестициялық кірістен есептелген комиссиялық сыйақы сомаларын жинақтаушы зейнетақы қорларына не инвестициялық портфельді басқарушыға төлеген кезде есептен шығару жүргізіледі.

3380 62 "Зейнетақы активтерінен есептелген комиссиялық сыйақы" (пассив).

Мақсаты: Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасына сәйкес жинақтаушы зейнетақы қорларына және инвестициялық портфельді басқарушыларға тиесілі зейнетақы активтерінен есептелген комиссиялық сыйақы сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша жинақтаушы зейнетақы қорына не инвестициялық портфельді басқарушыға тиесілі зейнетақы активтерінен есептелген комиссиялық сыйақы сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша зейнетақы активтерінен есептелген комиссиялық сыйақы сомаларын оларды жинақтаушы зейнетақы қорына не инвестициялық портфельді басқарушыға төлеген кезде есептен шығару жазылады.

3380 81 "Қор биржасының қызмет көрсетуі үшін есептелген комиссиялық шығыстар" (пассив).

Мақсаты: ұйым алған қор биржасының қызмет көрсетуі үшін есептелген комиссиялық шығыстар сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйым алған қор биржасының қызмет көрсетуі үшін есептелген комиссиялық шығыстар сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша қор биржасы алған қызмет көрсету үшін есептелген комиссиялық шығыстар сомаларын оларды ұйым төлеген немесе төлеу мерзімін өткізген кезде есептен шығару жүргізіледі.

3380 82 "Брокерлік және дилерлік қызмет бойынша қызмет көрсету үшін есептелген комиссиялық шығыстар" (пассив).

Мақсаты: ұйым алған брокерлік және дилерлік қызмет бойынша қызмет көрсету үшін есептелген комиссиялық шығыстар сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйым алған брокерлік және дилерлік қызмет бойынша қызмет көрсету үшін есептелген комиссиялық шығыстар сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша брокерлік және дилерлік қызмет бойынша қызмет көрсету үшін есептелген комиссиялық шығыстар сомаларын оларды ұйым төлеген немесе төлеу мерзімін өткізген кезде есептен шығару жүргізіледі.

3380 83 "Кастодиандық қызмет көрсету бойынша қызмет көрсету үшін есептелген комиссиялық шығыстар" (пассив).

Мақсаты: ұйымның кастодиандық қызмет көрсету бойынша алған қызмет көрсетуі үшін есептелген комиссиялық шығыстар сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның кастодиандық қызмет көрсету бойынша алған қызмет көрсетуі үшін есептелген комиссиялық шығыстар сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кастодиандық қызмет көрсету бойынша алған қызмет көрсету бойынша есептелген комиссиялық шығыстар сомаларын оларды ұйым төлеген немесе төлеу мерзімін өткізген кезде есептен шығару жүргізіледі.

3380 84 "Бағалы қағаздар нарығының өзге де кәсіби қатысушыларының есептелген комиссиялық шығыстары" (пассив).

Мақсаты: ұйым алған бағалы қағаздар нарығының өзге де кәсіби қатысушыларының қызмет көрсетуі үшін есептелген комиссиялық шығыстар сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйым алған бағалы қағаздар нарығының өзге де кәсіби қатысушыларының қызмет көрсетуі үшін есептелген комиссиялық шығыстарының сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша есептелген комиссиялық шығыстардың сомаларын оларды ұйым төлеген немесе төлеу мерзімін өткізген кезде есептен шығару жүргізіледі.

3390 01 "Фьючерс мәмілесі бойынша міндеттемелер" (пассив).

Мақсаты: фьючерс мәмілесі бойынша міндеттемелер сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша фьючерс мәмілелерін жасау нәтижесінде туындаған міндеттемелер сомалары, сондай-ақ теріс қайта бағалау сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша клиент төлеген кезде туындаған міндеттемелер сомаларын , сондай-ақ оң қайта бағалау сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

3390 02 "Форвард мәмілесі бойынша міндеттемелер" (пассив).

Мақсаты: форвард мәмілесі бойынша міндеттемелер сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша форвард мәмілелерін жасау нәтижесінде туындаған міндеттемелер сомалары, сондай-ақ теріс қайта бағалау сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша клиент төлеген кезде туындаған міндеттемелер сомаларын , сондай-ақ оң қайта бағалаудың сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

3390 03 "Опцион мәмілесі бойынша міндеттемелер" (пассив).

Мақсаты: опцион мәмілесі бойынша міндеттемелер сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша опцион мәмілелерін жасау нәтижесінде туындаған міндеттемелер сомалары, сондай-ақ теріс қайта бағалау сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша клиент төлеген кезде туындаған міндеттемелер сомаларын , сондай-ақ оң қайта бағалаудың сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

3390 04 "Спот мәмілесі бойынша міндеттемелер" (пассив).

Мақсаты: спот мәмілелері бойынша міндеттемелер сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша спот мәмілелерін жасау нәтижесінде туындаған міндеттемелер сомалары, сондай-ақ теріс қайта бағалау сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша міндеттемелердің оларды төлеген немесе спот мәмілесін жою кезінде туындаған сомаларын, сондай-ақ оң қайта бағалау сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

3390 05 "Своп мәмілесі бойынша міндеттемелер" (пассив).

Мақсаты: своп мәмілесі бойынша міндеттемелер сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша своп мәмілелерін жасау нәтижесінде туындаған міндеттемелер сомалары, сондай-ақ теріс қайта бағалау сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша міндеттемелердің оларды төлеген немесе своп мәмілесін жою кезінде туындаған сомаларын, сондай-ақ оң қайта бағалау сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

3390 06 "Басқа да туынды қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша міндеттемелер " (пассив).

Мақсаты: басқа да туынды қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша міндеттемелер сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша басқа да туынды қаржы құралдарымен мәмілелер жасау нәтижесінде туындаған міндеттемелер сомалары, сондай-ақ теріс қайта бағалау сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша міндеттемелердің оларды банк төлеген немесе басқа да туынды қаржы құралдарымен мәмілелерді жою кезінде туындаған сомаларын, сондай-ақ оң қайта бағалау сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

3390 07 "Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу бойынша міндеттемелер" (пассив).

Мақсаты: тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу бойынша міндеттемелер сомасын есепке алу.

Шот кредиті бойынша тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу бойынша есептелген міндеттемелер сомасы жүргізіледі.

Шот дебеті бойынша тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу бойынша, оларды өтеуге қарай, міндеттемелер сомасын есептен шығару жүргізіледі.

3390 21 "Корреспонденттік шоттар" (пассив).

Мақсаты: ұйымда ашылған корреспонденттік шоттардағы клиенттер ақшаларының сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйымда ашылған клиенттің корреспонденттік шотына түскен ақша сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша шарт талаптарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес клиенттің корреспонденттік шотынан мақсаты бойынша ақша сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

3390 22 "Ағымдағы шоттар" (пассив).

Мақсаты: ұйымда ашылған клиенттердің ағымдағы шоттарындағы ақшаларының сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйымда ашылған клиенттің ағымдағы шотына түскен ақша сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша шарт талаптарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес клиенттің ағымдағы шотынан мақсаты бойынша ақша сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

3390 23 "Талап ету бойынша қысқа мерзімді салымдар" (пассив).

Мақсаты: ұйымның банктік салымдар шарты бойынша клиенттерден алған талап ету бойынша салымдары сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның банктік салымдар шарты бойынша клиенттен алған талап ету бойынша салымдар сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша шарт талаптарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап ету бойынша қабылданған салымдар сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

3390 24 "Қысқа мерзімді салымдар" (пассив).

Мақсаты: өтеу мерзімі бір жылға дейінгі банктік салымдар шарты бойынша ұйымның клиентерден алған салымдары сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша өтеу мерзімі бір жылға дейінгі банктік салымдар шарты бойынша ұйымның клиенттен алған қысқа мерзімді салымдары сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша шарт талаптарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қабылданған қысқа мерзімді сомаларды есептен шығару жүргізіледі.

3390 25 "Қысқа мерзімді шартты салымдар" (пассив).

Мақсаты: банктік салымдар шарты бойынша тартылған клиенттердің шартты салымдары сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша банктік салымдар шарты бойынша тартылған клиенттің шартты салымдары сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша шарт талаптарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес клиенттің шартты салымдары сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

3390 26 "Қысқа мерзімді жинақ салымдары" (пассив).

Мақсаты: клиенттердің банктік салым шарты бойынша тартылған жинақ салымдарының сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша клиенттің банктік салым шарты бойынша тартылған жинақ салымдарының сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша клиенттің тартылған жинақ салымдарының сомаларын шарттың талаптарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептен шығару жазылады.

3390 27 "Сенімгерлік немесе инвестициялық басқаруға қабылданған қаржы активтері" (пассив).

Мақсаты: ұйымның клиенттерден сенімгерлік немесе инвестициялық басқаруға қабылдаған ақша сомаларын және тазартылған қымбат металдар құнын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның клиенттен сенімгерлік немесе инвестициялық басқаруға қабылдаған ақша сомасы және тазартылған қымбат металдар құны жазылады
.

Шоттың дебеті бойынша сенімгерлік немесе инвестициялық басқаруға қабылданған ақша сомаларын және тазартылған қымбат металдар құнын оларды клиентке қайтару кезінде есептен шығару жүргізіледі.

3390 28 "Банктік қызметке байланысты басқа да міндеттемелер" (пассив).

Мақсаты: ұйымның банктік қызметке байланысты басқа да міндеттемелері сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның банктік қызметке байланысты басқа да міндеттемелер сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның банктік қызметке байланысты басқа да міндеттемелері сомаларын оны ұйым өтеген кезде есептен шығару жүргізіледі.

3390 29 "Шартты міндеттемелер бойынша залалдарды жабуға резервтер (провизиялар)" (пассив).

Мақсаты: ұйымның шартты міндеттемелер бойынша залалдарды жабуға резервтер (провизиялар) сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның шартты міндеттемелер бойынша залалдарды жабуға құралатын резервтерінің (провизиялар) сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша құралатын резервтер (провизиялар) сомаларын оларды жою немесе ұйымның балансынан есептен шығарған кезде есептен шығару жүргізіледі.

3390 30 "Қысқа мерзімді тартылған салымдар бойынша сыйлықақы" (пассив).

Шоттың мақсаты: қысқа мерзімді тартылған салымдар бойынша нақты алынған ақша сомаларының (мәміле бойынша шығындарды ескере отырып) салымдар бойынша қайтарылатын ақша сомасынан (сыйлықақы) асатын сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша қысқа мерзімді тартылған салымдар бойынша нақты алынған ақша сомаларының (мәміле бойынша шығындарды ескере отырып) салымдар бойынша қайтарылатын ақша сомасынан (сыйлықақы) асатын сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша тартылған қысқа мерзімді салымдар бойынша сыйлықақы амортизациясының сомасы № 6110 06 баланстық шотпен байланыстыра отырып жазылады.

3390 31 "Қысқа мерзімді тартылған салымдар бойынша дисконт" (контрпассив).

Шоттың мақсаты: қысқа мерзімді тартылған салымдар бойынша қайтарылатын ақша сомасының салымдар бойынша нақты алынған ақша сомасынан (мәміле бойынша шығындарды ескере отырып) (дисконт) асатын сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша қысқа мерзімді тартылған салымдар бойынша қайтарылатын ақша сомасының салымдар бойынша нақты алынған ақша сомасынан (мәміле бойынша шығындарды ескере отырып) (дисконт) асатын сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша тартылған қысқа мерзімді салымдар бойынша дисконт амортизациясының сомасы № 7310 08 баланстық шотпен байланыстыра отырып жазылады.

3390 41 "Қайта сақтандырушылармен есеп айырысу" (пассив).

Мақсаты: сақтандыру брокерлерінің қайта сақтандыру шарттары бойынша қайта сақтандырушылар алдындағы берешегінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша сақтандыру брокерінің қайта сақтандыру шарттары бойынша қайта сақтандырушылар алдындағы берешегінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша сақтандыру брокері берешегінің сомаларын оларды қайта сақтандырушыға төлеген кезде есептен шығару жазылады.

3390 42 "Қайта сақтанушылармен есеп айырысу" (пассив).

Мақсаты: сақтандыру брокерлерінің қайта сақтанушылар алдындағы берешегінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша сақтандыру брокерінің қайта сақтанушылар алдындағы берешегінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша сақтандыру брокері берешегінің сомаларын оларды қайта сақтанушыға төлеген кезде есептен шығару жазылады.

3390 43 "Сақтанушылармен есеп айырысу" (пассив).

Мақсаты: сақтандыру брокерлерінің сақтанушылар алдындағы берешегінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша сақтандыру брокерінің сақтанушылар алдындағы берешегінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша сақтандыру брокері берешегінің сомаларын оларды сақтанушы төлеген кезде есептен шығару жазылады.

3390 44 "Сақтандырушылармен есеп айырысу" (пассив).

Мақсаты: сақтандыру брокерлерінің сақтандыру шарттары бойынша сақтандырушылар алдындағы берешегінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша сақтандыру брокерінің сақтандыру шарты бойынша сақтандырушы алдындағы берешегінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша сақтандыру брокері берешегінің сомаларын оларды сақтандырушыға төлеген кезде есептен шығару жазылады.

3390 45 "Брокерлік қызметпен байланысты басқа да кредиторлық берешек" (пассив)

.

Мақсаты: брокерлік қызметпен байланысты басқа да кредиторлық берешектің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша брокерлік қызметпен байланысты басқа да кредиторлық берешектің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша брокерлік қызметпен байланысты басқа да кредиторлық берешекті олар төленген кезде есептен шығару жазылады.

3390 61 "Жинақталған зейнетақы қаражаттарын төлеу бойынша міндеттемелер" (пассив).

Мақсаты: жинақтаушы зейнетақы қорларының алушылар алдындағы зейнетақы жинақтарын төлеу жөніндегі, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында біржолғы алу жөніндегі міндеттемелерінің сомаларын есепке алу

.

Шоттың кредиті бойынша жинақтаушы зейнетақы қорының алушылар алдындағы зейнетақы жинақтарын төлеу, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында біржолғы алу бойынша міндеттемелерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы жинақтары бойынша міндеттемелерінің сомаларын оларды алушыға төлеу кезінде, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында оларды біржолғы алып қою кезінде есептен шығару жазылады.

3390 62 "Жинақталған зейнетақы қаражаттарын басқа жинақтаушы зейнетақы қорларына аудару бойынша міндеттемелер" (пассив).

Мақсаты: жинақтаушы зейнетақы қорларының жинақталған зейнетақы қаражаттарының салымшылары мен алушылары алдындағы оларды басқа жинақтаушы зейнетақы қорларына аудару бойынша міндеттемелерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша жинақтаушы зейнетақы қорының жинақталған зейнетақы қаражаттарының салымшысы не алушысы алдындағы оларды басқа жинақтаушы зейнетақы қорына аудару бойынша міндеттемелерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша жинақтаушы зейнетақы қорының жинақталған зейнетақы қаражаттарының салымшысы не алушысы алдындағы оларды басқа жинақтаушы зейнетақы қорына аудару кезіндегі міндеттемелерінің сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

3390 63 "Жинақталған зейнетақы қаражаттарын сақтандыру ұйымдарына аудару бойынша міндеттемелер" (пассив).

Мақсаты: жинақтаушы зейнетақы қорларының жинақталған зейнетақы қаражаттарының салымшылары мен алушылары алдындағы оларды сақтандыру ұйымдарына аудару бойынша міндеттемелерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша жинақтаушы зейнетақы қорының жинақталған зейнетақы қаражаттарының салымшысы не алушысы алдындағы оларды сақтандыру ұйымына аудару бойынша міндеттемелерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша жинақтаушы зейнетақы қорының жинақталған зейнетақы қаражаттарының салымшысы не алушысы алдындағы оларды сақтандыру ұйымына аудару кезіндегі міндеттемелерінің сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

3390 64 "Қате есептелген зейнетақы жарналарын қайтару бойынша міндеттемелер" (пассив).

Мақсаты: қате есептелген зейнетақы жарналарының сомаларын қайтару бойынша міндеттемелердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша қате есептелген зейнетақы жарналарының сомалары анықталған кезде оларды қайтару бойынша міндеттемелердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша қате есептелген зейнетақы жарналарының сомаларын қайтару кезінде олар бойынша міндеттемелердің сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

3390 65 "Жеке зейнетақы шоттарындағы жинақталған зейнетақы қаражаттары" (пассив).

Мақсаты: салымшылар мен алушылардың жеке зейнетақы шоттарындағы зейнетақы жинақтарының сомаларын есепке алу (талдамалық есепке алу міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары бойынша, оның ішінде инвестициялық портфельді басқарушылар бөлінісінде бөлек жүргізіледі).

Шоттың кредиті бойынша түскен зейнетақы жарналарының, басқа жинақтаушы зейнетақы қорларынан аударымдардың, инвестициялық кірістің және басқа да түсімдердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру немесе басқа жинақтаушы зейнетақы қорларына және сақтандыру ұйымдарына аудару кезінде зейнетақы жинақтарының сомалары есептен шығару жазылады.

3390 66 "Анықталғанға дейінгі басқа да сомалар" (пассив).

Мақсаты: анықталғанға дейінгі басқа да сомаларды есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша анықталғанға дейінгі басқа да сома жазылады.

Шоттың дебеті бойынша анықталғанға дейінгі басқа да соманы қайтару кезінде оны есептен шығару жүргізіледі.

3390 67 "Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдері бойынша міндеттемелер" (пассив).

Мақсаты: жеке тұлғалардың шартты зейнетақы шоттарындағы жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан шартты зейнетақы міндеттемелерін есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, инвестициялық кірістері, резервтік қорлардың шоттарынан аударымдар және басқа да түсімдер сомасы жүргізіледі.

Шоттың дебеті бойынша жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан шартты зейнетақы міндеттемелерінің сомаларын зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру және резервтік қорларға аударым жасау кезінде есептен шығаруы жүргізіледі.

3390 68 "Шартты зейнетақы міндеттемелері бойынша резервтік қор" (пассив).

Мақсаты: жеке тұлғалардың шартты зейнетақы шоттарынан аударылған шартты зейнетақы міндеттемелер есебінен қалыптастырылған резервтік қордағы сомаларды есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша резервтік қордағы жеке тұлғалардың шартты зейнетақы шоттарынан, инвестициялық кірістерден және басқа да аударымдардан тұратын шартты зейнетақы міндеттемелердің кіріс соммасы жүргізіледі.

Шоттың дебеті бойынша резервтік қордың сомалары олардың мақсатты пайдалануы жағдайында есептен шығарылады.

3390 69 "Зейнетақы жинақтарын сенімгерлік басқаруға аудару бойынша міндеттемелер" (пассив).

Мақсаты: жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы жинақтарын сенімгерлік басқаруға аудару бойынша міндеттемелерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы жинақтарын сенімгерлік басқаруға аудару бойынша міндеттемелерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша жинақтаушы зейнетақы қоры міндеттемелерінің сомасын есептен шығару жазылады.

3390 70 "Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарының есебінен қалыптастырылған зейнетақы-шоттардың талаптарымен есепке алынатын қаражат" (пассив).

Мақсаты: жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын жеке тұлғалардың зейнетақы-шоттардың талаптарымен есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша жұмыс берушінің түскен міндетті зейнетақы жарналарының, инвестициялық кірістің, резервтік қорларының шоттарынан аударымдардың және өзге түсімдердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша жұмыс берушінің түскен міндетті зейнетақы жарналарының, инвестициялық кірістің, резервтік қорларының шоттарынан аударымдардың және өзге түсімдердің сомаларын есептен шығару жазылады.

3390 71 "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілеріне (отбасы мүшелеріне) зейнетақылар мен зейнетақы жинақтарын Қазақстан Республикасының аумағында жеткізу жөніндегі міндеттемелер" (пассив).

Мақсаты: Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер еңбекшілерінің (отбасы мүшелерінің) Қазақстан Республикасының аумағындағы зейнетақылары мен зейнетақы жинақтарының сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер еңбекшілерінің (отбасы мүшелерінің) Қазақстан Республикасының аумағында келіп түскен зейнетақыларының және зейнетақы жинақтарының сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілеріне (отбасы мүшелеріне) зейнетақы мен зейнетақы жинақтарының сомаларын Қазақстан Республикасының аумағында есептен шығару жазылады.

3390 72 "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары бойынша резервтік қорлары" (пассивті).

Мақсаты: бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары бойынша резервтік қорларының сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары бойынша резервтік қорларына түсімдер сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары бойынша резервтік қорларының сомасын есептен шығару жазылады.

3390 73 "Нысаналы жинақтар" (пассив).

Мақсаты: жинақтаушы зейнетақы қорларының нысаналы жинақтарды алушылар алдындағы нысаналы жинақтарды төлеу бойынша міндеттемелерінің сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша жинақтаушы зейнетақы қорының нысаналы жинақтарды алушылар алдындағы нысаналы жинақтарды төлеу бойынша міндеттемелерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша жинақтаушы зейнетақы қорының нысаналы жинақтар бойынша міндеттемелерінің сомасын есептен шығару жазылады.

3390 74 "Нысаналы жинақтарды төлеу бойынша міндеттеме" (пассив).

Мақсаты: нысаналы жинақтарды төлеу бойынша міндеттемелердің сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша нысаналы жинақтарды төлеу бойынша міндеттемелердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша нысаналы жинақтарды төлеу бойынша міндеттемелердің сомасын есептен шығару жазылады.

3390 81 "Брокердің клиент алдындағы міндеттемелері" (пассив).

Мақсаты: брокердің клиент алдындағы міндеттемелерін есепке алу. Шоттың кредиті бойынша брокердің клиент алдындағы міндеттемелерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша брокердің клиент алдындағы міндеттемелерінің сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

3410 "Қысқа мерзімді кепілдік беру міндеттемелері" (пассив).

Мақсаты: ұйымның жеткізілген тауарлар, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер бойынша берген кепілдік міндеттемелері бойынша резервтердің сомаларын және кепілдік мерзімі ішінде ақаулар анықталған жағдайда тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өтеу құнын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша кепілдік беру міндеттемелері бойынша құрылатын резервтердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кепілдік беру міндеттемелері бойынша құрылған резервтердің сомаларын берілген кепілдіктер шегіндегі жұмыстарды орындау бойынша шығыстарға есептен шығару жүргізіледі.

3420 "Шағым-талап жұмысы бойынша қысқа мерзімді міндеттемелер" (пассив).

Мақсаты: қарау мерзімі бір жылға дейінгі сот талаптары бойынша резервтердің және шағым-талап жұмысы бойынша басқа да қысқа мерзімді міндеттемелердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша қарау мерзімі бір жылға дейінгі сот талаптары бойынша құрылатын резервтердің және шағым-талап жұмысы бойынша басқа да қысқа мерзімді міндеттемелердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша қарау мерзімі бір жылға дейінгі сот талаптары бойынша құрылатын резервтердің және шағым-талап жұмысы бойынша басқа да қысқа мерзімді міндеттемелердің сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

3430 "Қызметкерлерге сыйақылар бойынша қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері" (пассив).

Мақсаты: қызметкерлерге ақы төленетін жұмыста болмау нысанындағы қысқа мерзімді сыйақылар төлеуге арналған шығындардың, сондай-ақ пайдаға қатысуға немесе сыйлықақылар төлеуге күтілетін шығындардың және қызметкерлердің сыйақылары бойынша басқа да қысқа мерзімді бағалау міндеттемелерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша қызметкерге сыйақылар бойынша бағалау міндеттемелерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша қызметкерге сыйақылар бойынша бағалау міндеттемелерінің сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

3440 "Басқа да қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері" (пассив).

Мақсаты: басқа шоттарда есепке алынбайтын қысқа мерзімді бағалау міндеттемелерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша басқа шоттарда есепке алынбайтын қысқа мерзімді бағалау міндеттемелерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша басқа шоттарда есепке алынбайтын қысқа мерзімді бағалау міндеттемелерінің сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

3440 61 "Теріс комиссиялық сыйақыны өтеу жөніндегі қысқа мерзімді міндеттемелер" (пассив).

Мақсаты: инвестициялық портфельді басқарушылардың теріс инвестициялық кіріс алған жағдайда теріс комиссиялық сыйақыны өтеу жөніндегі міндеттемелердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша теріс комиссиялық сыйақыны өтеу жөніндегі міндеттемелердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша теріс комиссиялық сыйақыны өтеу жөніндегі міндеттемелердің сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

3440 63 "Номиналды кірістілік көрсеткіші мен кірістіліктің ең аз мәні арасындағы теріс айырманы өтеу жөніндегі қысқа мерзімді міндеттемелер" (пассив).

Мақсаты: инвестициялық портфельді басқарушы алған зейнетақы активтерінің номиналдық кірістілігі көрсеткішінің ауытқуы нәтижесінде туындаған теріс айырманы өтеу жөніндегі міндеттемелердің сомаларын және зейнетақы активтері кірістілігінің ең төмен мәнін есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша міндеттемелер туындаған кездегі олардың сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша міндеттемелерді орындау кезінде олардың сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

3510 01 "Берілген заемдар және орналастырылған салымдар бойынша алдын ала сыйақы" (пассив).

Мақсаты: ұйымның берілген заемдар және орналастырылған салымдар бойынша алдын ала алған сыйақысының сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша берілген заемдар және орналастырылған салымдар бойынша алдын ала алған сыйақының сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша берілген заемдар және орналастырылған салымдар бойынша алдын ала алған сыйақының сомаларын есептеу әдісіне сәйкес есептен шығару жүргізіледі.

3510 41 "Делдалдық қызмет үшін алынған аванстар" (пассив).

Мақсаты: сақтанушылар (қайта сақтанушылар) сақтандыру брокеріне алдын ала төлеген сақтандыру сыйлықақыларының сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша сақтанушылар (қайта сақтанушылар) сақтандыру брокеріне алдын ала төлеген сақтандыру сыйлықақыларының сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша есептеу әдісіне сәйкес алдын ала төленген сақтандыру сыйлықақыларды есептен шығару жазылады.

3510 81 "Брокерлік және дилерлік қызмет бойынша көрсетілген қызмет үшін алдын ала комиссиялық сыйақы төлеу" (пассив).

Мақсаты: ұйымның брокерлік және дилерлік қызмет үшін алдын ала алған комиссиялық сыйақысының сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша брокерлік және дилерлік қызмет үшін алдын ала алынған комиссиялық сыйақының сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша брокерлік және дилерлік қызмет үшін алдын ала алынған комиссиялық сыйақының сомаларын есептеу әдісіне сәйкес есептен шығару жүргізіледі .

3510 82 "Өзге де қызметтер көрсеткені үшін алдын ала комиссиялық сыйақы төлеу" (пассив).

Мақсаты: ұйым өзге де көрсетілетін қызметтер үшін алдын ала алған комиссиялық сыйақының сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша өзге де көрсетілетін қызметтер үшін алдын ала алынған комиссиялық сыйақының сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша өзге де көрсетілетін қызметтер үшін алдын ала алынған комиссиялық сыйақының сомаларын есептеу әдісіне сәйкес есептен шығару жүргізіледі .

3520 "Болашақ кезеңдердің кірістері" (пассив).

Мақсаты: ұйымның есепті кезеңде алынған (есептелген), бірақ қысқа мерзімді болашақ есепті кезеңдерге жатқызылатын сомаларын есепке алу: жалдау немесе пәтер ақысы; коммуналдық қызметтер үшін ақы; кінәлі тұлға танығ немесе сот өндіріп алуды ұйғарған тауар-материалдық қорлардың, ақшаның есепті кезеңде анықталған кем шығуы; байланыс құралдарын пайдаланғаны үшін абоненттік ақы; басқа ұқсас кірістер; ұйым тұтастай алғанда мүліктік кешен ретінде сатып алған барлық активтер құнының олардың сатып алу құнынан асуы нәтижесінде туындаған айырманың сомасы.

Шоттың кредиті бойынша болашақ кезеңдер кірістерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша болашақ кезеңдер кірістерінің сомаларын есептеу әдісіне сәйкес нақты кірістерге есептен шығару жүргізіледі.

3530 "Сатуға арналған, шығынға жазу тобының міндеттемелері" (пассив).

Мақсаты: сатуға арналған шығынға жазу тобы міндеттемелерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша сатуға арналған шығынға жазу тобы міндеттемелерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша сатуға арналған шығынға жазу тобы міндеттемелерінің сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

3540 "Басқа да қысқа мерзімді міндеттемелер" (пассив).

Мақсаты: басқа да қысқа мерзімді міндеттемелердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша басқа да қысқа мерзімді міндеттемелердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша басқа да қысқа мерзімді міндеттемелерді реттеу кезінде олардың сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

3550 01 "Шығарылған электрондық ақша бойынша міндеттемелер" (пассив).

Шоттың мақсаты: Ұлттық пошта операторының шығарылған электрондық ақша бойынша міндеттемелерінің сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша Ұлттық пошта операторы шығарған электрондық ақша сомасы жеке тұлғалардан немесе Ұлттық пошта операторының агенттерінен алынған ақша сомасы шегінде жазылады.

Шоттың дебеті бойынша электрондық ақша сомасын өтеу кезінде оларды есептен шығару жазылады.

4010 "Ұзақ мерзімді банк заемдары" (пассив).

Мақсаты: алынған өтеу мерзімі бір жылдан көп ұзақ мерзімді банк заемдарының сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйым алған ұзақ мерзімді банк заемдарының сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша ұйым алынған ұзақ мерзімді банк заемдарын өтеген кезде олардың сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

4020 "Екінші деңгейдегі банктерді қоспағанда, заңды тұлғалардан алынған ұзақ мерзімді қарыздар" (пассив).

Мақсаты: екінші деңгейлі банктерден басқа заңды тұлғалардан алынған ұзақ мерзімді қарыздар сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша екінші деңгейлі банктерден басқа заңды тұлғалардан алынған ұзақ мерзімді қарыздар сомалары жүргізіледі.

Шоттың дебиті бойынша алынған ұзақ мерзімді қарыздар сомалары ұйым төлеген жағдайда есептен шығарылады.

4030 01 "Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынған ұзақ мерзімді заемдар" (пассив).

Мақсаты: Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынған өтеу мерзімі бір жылдан көп заемдардың сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынған ұзақ мерзімді заемдардың сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша алынған ұзақ мерзімді заемдарды өтеу кезінде олардың сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

4030 02 "Қазақстан Республикасының жергілікті өкімет органдарынан алынған ұзақ мерзімді заемдар" (пассив).

Мақсаты: Қазақстан Республикасының жергілікті өкімет органдарынан алынған өтеу мерзімі бір жылдан көп заемдардың сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша Қазақстан Республикасының жергілікті өкімет органдарынан алынған ұзақ мерзімді заемдардың сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша алынған ұзақ мерзімді заемдарды ұйымның өтеуі кезінде олардың сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

4030 04 "Екінші деңгейдегі банктерден алынған қаржылық жалдау" (пассив).

Мақсаты: ұйым екінші деңгейдегі банктен алған қаржылық жалдау бойынша негізгі борыштың сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйым екінші деңгейдегі банктен алған қаржылық жалдау бойынша негізгі борыштың сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша ұйым қаржылық жалдау бойынша негізгі борышты өтеген кезде оның сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

4030 05 "Басқа заңды тұлғалардан алынған қаржылық жалдау" (пассив).

Мақсаты: ұйым басқа заңды тұлғалардан алған қаржылық жалдау бойынша негізгі борыштың сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйым заңды тұлғалардан алған қаржылық жалдау бойынша негізгі борыштың сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша ұйым қаржылық жалдау бойынша негізгі борышты өтеген кезде оның сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

4030 07 "Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар" (пассив).

Мақсаты: ұйым айналысқа шығарған бағалы қағаздардың номиналдық құнын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйым айналысқа шығарған бағалы қағаздардың номиналдық құны жазылады.

Шоттың дебеті бойынша ұйым айналысқа шығарған бағалы қағаздардың номиналдық құнын өтеген кезде оның сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

4030 08 "Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша дисконт" (контрпассив).

Мақсаты: айналысқа шығарылған бағалы қағаздардың номиналдық құнының олардың орналастырылу құнынан асатын сомаларын (дисконт), тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомаларын, нарықтық емес мөлшерлеме бойынша айналысқа шығарылған бағалы қағаздардың шығарылымына байланысты түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша айналысқа шығарылған бағалы қағаздардың номиналдық құнының олардың орналастырылу құнынан асатын сомасы (дисконт), тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомасы, нарықтық емес мөлшерлеме бойынша айналысқа шығарылған бағалы қағаздардың шығарылымына байланысты түзету сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша амортизация сомасы және (немесе) дисконтты есептен шығару жазылады.

4030 09 "Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша сыйлықақы" (пассив).

Мақсаты: айналысқа шығарылған бағалы қағаздардың орналастырылу құнының олардың номиналдық құнынан асатын сомаларын (сыйлықақы), тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша айналысқа шығарылған бағалы қағаздардың орналастырылу құнының олардың номиналдық құнынан асатын сомасы (сыйлықақы), тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша амортизация сомасы және (немесе) сыйлықақыны есептен шығару жазылады.

4030 10 "Сатып алынған бағалы қағаздар" (контрпассив).

Мақсаты: ұйым айналысқа шығарған және ұстаушыларынан сатып алынған бағалы қағаздардың номиналдық құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйым айналысқа шығарған және ұстаушыларынан сатып алынған бағалы қағаздардың номиналдық құны жазылады.

Шоттың кредиті бойынша сатып алынған бағалы қағаздарды басқа ұстаушыға сатқан не оларды жойған кезде олардың номиналдық құнын есептен шығару жүргізіледі.

4030 11 "Ұзақ мерзімді алынған заемдар бойынша сыйлықақы" (пассив).

Мақсаты: нақты алынған ұзақ мерзімді заем сомасының (мәміле бойынша шығындарды есепке ала отырып) өтелетін заем сомасынан асатын сомаларын (сыйлықақы), тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша нақты алынған ұзақ мерзімді заем сомасының (мәміле бойынша шығындарды есепке ала отырып) өтелетін заем сомасынан асатын сомасы (сыйлықақы), тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша алынған ұзақ мерзімді заем бойынша амортизация сомасы және (немесе) сыйлықақыны есептен шығару жазылады.

4030 12 "Ұзақ мерзімді алынған заемдар бойынша дисконт" (контрпассив).

Мақсаты: өтелетін заем сомасының нақты алынған ұзақ мерзімді заем сомасынан (мәміле бойынша шығындарды есепке ала отырып) асатын сомаларын (дисконт), тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомаларын, нарықтық емес мөлшерлеме бойынша ұзақ мерзімді заем алуға байланысты түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша өтелетін заем сомасының нақты алынған ұзақ мерзімді заем сомасынан (мәміле бойынша шығындарды есепке ала отырып) асатын сомасы (

дисконт), тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомасы, нарықтық емес мөлшерлеме бойынша ұзақ мерзімді заем алуға байланысты түзету сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша алынған ұзақ мерзімді заем бойынша амортизация сомасы және (немесе) дисконтты есептен шығару жазылады.

4030 13 "Ұлттық басқарушы холдингтен алынған ұзақ мерзімді қарыздар" (пассив).

Мақсаты: ұлттық басқарушы холдингтен бір жылдан астам мерзімге алынған ұзақ мерзімді қарыздардың сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұлттық басқарушы холдингтен алынған ұзақ мерзімді қарыздардың сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша алынған ұзақ мерзімді қарыздардың оларды өтеу кезіндегі сомаларын есептен шығару жазылады.

4030 21 "Ұзақ мерзімді салымдар" (пассив).

Мақсаты: ұйым өтеу мерзімі бір жылдан көп банк салымы шарты бойынша клиенттерден тартқан ұзақ мерзімді салымдардың сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйым өтеу мерзімі бір жылдан көп банк салымы шарты бойынша клиенттерден тартқан ұзақ мерзімді салымдардың сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша шарт талаптарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес клиенттерден тартылған ұзақ мерзімді салымдардың сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

4030 22 "Ұзақ мерзімді тартылған салымдар бойынша сыйлықақы" (пассив).

Шоттың мақсаты: тартылған ұзақ мерзімді салымдар бойынша нақты алынған ақша сомасының (мәміле бойынша шығындарды есепке ала отырып) салымдар бойынша қайтарылатын ақша сомасынан асатын сомаларын есепке алу (сыйлықақы).

Шоттың кредиті бойынша тартылған ұзақ мерзімді салымдар бойынша нақты алынған ақша сомасының (мәміле бойынша шығындарды есепке ала отырып) салымдар бойынша қайтарылатын ақша сомасынан асатын сомасы (сыйлықақы) жазылады.

Шоттың дебеті бойынша тартылған ұзақ мерзімді салым бойынша сыйлықақы амортизациясының сомасы № 6110 06 баланстық шотпен байланыстыра отырып жазылады.

4030 23 "Ұзақ мерзімді тартылған салымдар бойынша дисконт" (контрпассив).

Шоттың мақсаты: ұзақ мерзімді тартылған салымдар бойынша қайтарылатын ақша сомасының (мәміле бойынша шығындарды есепке ала отырып) салымдар бойынша нақты алынған ақша сомасынан асатын сомаларын (дисконт) есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша тартылған салым бойынша қайтарылатын ақша сомасының салым бойынша нақты алынған ақша сомасынан (мәміле бойынша шығындарды есепке ала отырып) асатын сомасы (дисконт) жазылады.

Шоттың кредиті бойынша ұзақ мерзімді тартылған салым бойынша дисконт амортизациясының сомасы № 7310 08 баланстық шотпен байланыстыра отырып жазылады.

4110 "Жеткізушілерге және мердігерлерге ұзақ мерзімді кредиторлық берешек" (пассив).

Мақсаты: ұсынылған шотты төлеу уақытына қарамастан, тауар-материалдық қорларды жеткізу немесе қайта өңдеу бойынша шығыстарды қоса алғанда, алынған тауар-материалдық қорлардың және негізгі құрал-жабдықтардың, қабылданған жұмыстар мен алынған қызметтердің құнын төлеу бойынша жеткізушілер мен мердігерлер алдындағы ұзақ мерзімді кредиторлық берешектің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұсынылған шоттың төлену уақытына қарамастан, тауар-материалдық қорларды жеткізу немесе қайта өңдеу бойынша шығыстарды қоса алғанда, жеткізуші мен мердігер алдындағы алынған тауар-материалдық қорлардың және негізгі құрал-жабдықтардың, қабылданған жұмыстар мен алынған қызметтердің құнын төлеу бойынша ұзақ мерзімді кредиторлық берешектің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша ұсынылған шоттың төлену уақытына қарамастан, тауар-материалдық қорларды жеткізу немесе қайта өңдеу бойынша шығыстарды қоса алғанда, алынған тауар-материалдық қорлардың және негізгі құрал-жабдықтардың, қабылданған жұмыстар мен алынған қызметтердің құнын төлеу кезінде жеткізуші мен мердігер алдындағы ұзақ мерзімді кредиторлық берешектің сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

4120 "Еншілес ұйымдарға ұзақ мерзімді кредиторлық берешек" (пассив).

Мақсаты: мерзімі бір жылдан астам сатып алынған активтер және алынған қызметтер үшін еншілес ұйымдар алдындағы ұзақ мерзімді кредиторлық берешектің сомаларын есепке алу және еншілес ұйымдарға басқа да қысқа мерзімді кредиторлық берешек.

Шоттың кредиті бойынша мерзімі бір жылдан астам сатып алынған активтер және алынған қызметтер үшін еншілес ұйымдар алдындағы ұзақ мерзімді кредиторлық берешегінің сомасы және еншілес ұйымдарға басқа да қысқа мерзімді кредиторлық берешек жазылады.

Шоттың дебеті бойынша мерзімі бір жылдан жоғары сатып алынған активтер және алынған қызметтер үшін еншілес ұйымдар алдындағы ұзақ мерзімді кредиторлық берешегінің сомаларын және еншілес ұйымдарға басқа да қысқа мерзімді кредиторлық берешекті есептен шығару жүргізіледі.

4130 "Қауымдасқан және бірлескен ұйымдарға ұзақ мерзімді кредиторлық берешек" (пассив).

Мақсаты: мерзімі бір жылдан жоғары сатып алынған активтер және алынған қызметтер үшін қауымдасқан және бірлескен ұйымдар алдындағы ұзақ мерзімді

кредиторлық берешектің сомаларын және қауымдасқан және бірлескен ұйымдарға басқа да қысқа мерзімді кредиторлық берешекті есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша мерзімі бір жылдан жоғары сатып алынған активтер және алынған қызметтер үшін қауымдасқан және бірлескен ұйымдар алдындағы ұзақ мерзімді кредиторлық берешектің сомасы және қауымдасқан және бірлескен ұйымдарға басқа да қысқа мерзімді кредиторлық берешек жазылады.

Шоттың дебеті бойынша мерзімі бір жылдан жоғары сатып алынған активтер және алынған қызметтер үшін еншілес ұйымдар алдындағы ұзақ мерзімді кредиторлық берешектің сомаларын және еншілес ұйымдарға басқа да қысқа мерзімді кредиторлық берешекті есептен шығару жүргізіледі.

4140 "Филиалдарға және құрылымдық бөлімшелерге ұзақ мерзімді кредиторлық берешек" (пассив).

Мақсаты: ақша қаражатын филиалдардың және құрылымдық бөлімшелердің шоттарына есептен шығару бойынша түсімдердің сомаларын және филиалдар мен құрылымдық бөлімшелерге басқа да ұзақ мерзімді кредиторлық берешекті есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша филиал және құрылымдық бөлімше алдындағы ұзақ мерзімді кредиторлық берешектің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша филиал және құрылымдық бөлімше алдындағы ұзақ мерзімді кредиторлық берешектің сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

4150 "Жалдау жөніндегі міндеттемелер" (пассив).

Мақсаты: жалдау жөніндегі міндеттемелердің құнын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша жалдау төлемдерінің келтірілген құны, жалдау жөніндегі міндеттемелердің құнын түзету сомасы, жалдау жөніндегі міндеттемелерді қайта бағалау, жалдау шарты талаптарының өзгеруіне байланысты түзетулер сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша жалдау жөніндегі міндеттемелердің құнын түзету сомасы, жалдау жөніндегі міндеттемелерді қайта бағалау, жалдау шарты талаптарының өзгеруіне байланысты түзетулер сомасы, жалдау жөніндегі міндеттемелердің сомалары оларды өтеген кезде есептен шығару жазылады.

4160 01 "Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстар" (пассив).

Мақсаты: ұйым айналысқа шығарған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйым айналысқа шығарған бағалы қағаз бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстардың сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша ұйым айналысқа шығарған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстарды төлеген кезде олардың сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

4160 21 "Тартылған мерзімді салымдар бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстар" (пассив).

Мақсаты: клиенттердің банк салымы шарты бойынша тартылған мерзімді салымдары бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша клиенттің тартылған мерзімді салымдары бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстардың сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша ұйым клиенттің тартылған мерзімді салымдары бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстарды қайтарған кезде олардың сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

4160 22 "Тартылған шартты салымдар бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстар" (пассив).

Мақсаты: клиенттердің банк салымы шарты бойынша тартылған шартты салымдары бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша клиенттің банк салымы шарты бойынша тартылған шартты салымдары бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстардың сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша клиенттің банк салымы шарты бойынша тартылған шартты салымдары бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстарды қайтарған кезде олардың сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

4160 23 "Алынған заемдар бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстар" (пассив)
.

Мақсаты: ұйым алған заемдар бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйым алған заем бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстардың сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша алынған заем бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстарды өтеген кезде олардың сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

4160 24 "Алынған қаржылық жалдау бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстар" (пассив).

Мақсаты: ұйым екінші деңгейдегі банктерден және басқа заңды тұлғалардан алған қаржылық жалдау бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйым екінші деңгейдегі банктен және басқа заңды тұлғадан алған қаржылық жалдау бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстардың сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша ұйым алған қаржылық жалдау бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстарды өтеген кезде олардың сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

4160 25 "Басқа да сыйақы түрінде есептелген шығыстар" (пассив).

Мақсаты: басқа да сыйақы түрінде есептелген шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның басқа да сыйақы түрінде есептелген шығыстарының сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның басқа да сыйақы түрінде есептелген шығыстарын өтеген кезде олардың сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

4160 26 "Тартылған ұзақ мерзімді жинақ салымдары бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстар" (пассив).

Мақсаты: клиенттердің банктік салым шарты бойынша тартылған ұзақ мерзімді жинақ салымдары бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша клиенттің тартылған ұзақ мерзімді жинақ салымдары бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстардың сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша клиенттің тартылған жинақ салымдары бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстардың сомаларын есептен шығару жазылады.

4170 01 "Фьючерс мәмілесі бойынша міндеттемелер" (пассив).

Мақсаты: фьючерс мәмілесі бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша фьючерс мәмілесін жасау нәтижесінде туындаған міндеттемелердің сомалары, сондай-ақ теріс қайта бағалау сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша туындаған міндеттемелердің сомалары оларды қарсы әріптеске төлеген немесе фьючерс мәмілесін жою кезінде, сондай-ақ оң қайта бағалау сомалары есептен шығарылады.

4170 02 "Форвард мәмілесі бойынша міндеттемелер" (пассив).

Мақсаты: форвард мәмілесі бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша форвард мәмілесін жасау нәтижесінде туындаған міндеттемелердің сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша туындаған міндеттемелердің сомалары оларды қарсы әріптеске төлеген немесе форвард мәмілесін жою кезінде, сондай-ақ оң қайта бағалау сомалары есептен шығарылады.";

4170 03 "Опцион мәмілесі бойынша міндеттемелер" (пассив).

Мақсаты: опцион мәмілесі бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша опцион мәмілесін жасау нәтижесінде туындаған міндеттемелердің сомалары, сондай-ақ теріс қайта бағалау сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша туындаған міндеттемелердің сомалары оларды қарсы әріптеске төлеген немесе опцион мәмілесін жою кезінде, сондай-ақ оң қайта бағалау сомалары есептен шығарылады.

4170 04 "Своп мәмілесі бойынша міндеттемелер" (пассив).

Мақсаты: своп мәмілесі бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша своп мәмілесін жасау нәтижесінде туындаған міндеттемелердің сомалары, сондай-ақ теріс қайта бағалау сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша туындаған міндеттемелердің сомалары оларды қарсы әріптеске төлеген немесе своп мәмілесін жою кезінде, сондай-ақ оң қайта бағалау сомалары есептен шығарылады.

4170 05 "Басқа да туынды қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша міндеттемелер " (пассив).

Мақсаты: басқа да туынды қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша басқа да туынды қаржы құралдарымен мәмілелерді жасау нәтижесінде туындаған міндеттемелердің сомалары, сондай-ақ теріс қайта бағалау сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша туындаған міндеттемелердің сомалары оларды қарсы әріптес төлеген немесе басқа да туынды қаржы құралдарымен мәмілелерді жою кезінде , сондай-ақ оң қайта бағалау сомалары есептен шығарылады.

4210 "Ұзақ мерзімді кепілдік міндеттемелер" (пассив).

Мақсаты: ұйым жеткізілген тауарлар, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер бойынша берген ұзақ мерзімді кепілдік міндеттемелер бойынша резервтердің сомаларын және кепілдік мерзімі кезінде ақаулар анықталған жағдайда тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) өтеу құнын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұзақ мерзімді кепілдік міндеттемелер бойынша құрылатын резервтердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша ұзақ мерзімді кепілдік міндеттемелер бойынша құрылатын резервтердің сомаларын берілген кепілдіктер мерзімі шегіндегі шығыстарға есептен шығару жүргізіледі.

4220 "Шағым-талап жұмысы бойынша ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелері" (пассив).

Мақсаты: қарау мерзімі бір жылдан көп сот талаптары бойынша резервтердің және шағым-талап жұмысы бойынша басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша қарау мерзімі бір жылдан көп сот талаптары бойынша құрылатын резервтердің және шағым-талап жұмысы бойынша басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша қарау мерзімі бір жылдан астам уақытта аяқталатын сот талаптары бойынша құрылатын резервтердің және талап-шағым жұмысы бойынша басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелердің сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

4230 "Қызметкерлерге сыйақылар бойынша ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелері" (пассив).

Мақсаты: қызметкерлердің сыйақылары бойынша ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша қызметкерге сыйақылар бойынша ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша қызметкерге сыйақылар бойынша ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелерінің сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

4240 "Басқа да ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелері" (пассив).

Мақсаты: басқа шоттарда есепке алынбайтын ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша басқа шоттарда есепке алынбайтын ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша басқа шоттарда есепке алынбайтын ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелерінің сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

4310 "Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған салық міндеттемелері" (пассив).

Мақсаты: бухгалтерлік және салық есебі арасындағы алшақтықтар нәтижесінде туындайтын уақытша айырманың сомасынан белгіленетін корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған салық міндеттемелерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған салық міндеттемелерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған салық міндеттемелері 7710 шотымен байланыстыра отырып түзетілген кезде олардың сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

4410 "Алынған ұзақ мерзімді аванстар" (пассив).

Мақсаты: тауарлар, шикізат, материалдар, қызмет көрсету жеткізе отырып, сондай-ақ тапсырыс берушілер үшін ішінара дайындықпен жасалған өнімге ақы төлеу бойынша алынған ұзақ мерзімді аванстардың және алынған басқа да ұзақ мерзімді аванстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша тауарлар, шикізат, материалдар, қызмет көрсету жеткізе отырып, сондай-ақ тапсырыс берушілер үшін ішінара дайындықпен жасалған өнімге ақы төлеу бойынша алынған ұзақ мерзімді аванстардың және алынған басқа да ұзақ мерзімді аванстардың және алынған басқа да ұзақ мерзімді аванстардың сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

4420 "Болашақ кезеңдердің кірістері" (пассив).

Мақсаты: ұйымның есепті кезеңде алынған (есептелген), бірақ ұзақ мерзімді болашақ есепті кезеңдерге жатқызылатын кірістерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұзақ мерзімді болашақ есепті кезеңдер кірістерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша ұзақ мерзімді болашақ кезеңдер кірістерінің сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

4430 "Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер" (пассив).

Мақсаты: Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелердің сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

4440 "Артықшылықты акциялар бойынша міндеттемелер" (пассив).

Шот мақсаты: келешекте эмитенттің белгіленген немесе айқындалатын күні белгіленген немесе айқындалған сома бойынша міндетті түрде өтеуін көздейтін артықшылықты акциялардың немесе артықшылықты акциялар бойынша есептелген дивиденттердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша артықшылықты акциялардың немесе артықшылықты акциялар бойынша есептелген дивиденттердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша артықшылықты акциялардың немесе артықшылықты акциялар бойынша есептелген дивиденттердің сомасын олар төленген кезде есептен шығару жазылады.

5010 "Артықшылықты акциялар" (пассив).

Мақсаты: ұйымның жарғылық капиталының артықшылықты акциялар бойынша сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша құрылтайшылардың (жалғыз құрылтайшының) артықшылықты акцияларға олардың номиналдық құны бойынша ақы төлеу және инвесторлардың (инвестордың) акцияларды орналастыру бағасы бойынша сату сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша жойылған артықшылықты акциялардың сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

5020 "Жай акциялар" (пассив).

Мақсаты: ұйымның жарғылық капиталының жай акциялар бойынша сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша құрылтайшылардың (жалғыз құрылтайшының) жай акцияға олардың номиналдық құны бойынша ақы төлеу және инвесторлардың (инвестордың) акцияларды Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес белгіленген орналастыру бағасы бойынша сату сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша жойылған жай акцияның сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

5030 "Салымдар және пайлар" (пассив).

Мақсаты: ұйымдастырушылық-құқықтық серіктестік нысанында құрылған ұйымның құрылтай құжаттарында белгіленген жарғылық капиталының сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйымдастырушылық-құқықтық серіктестік нысанында құрылған ұйымның жарғылық капиталына енгізілген активтердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша ұйымдастырушылық-құқықтық серіктестік нысанында құрылған ұйымның жарғылық капиталы көлемінің қайтару немесе азаю сомасы жазылады.

5210 Сатып алынған меншікті үлестік құралдар (контрпассив).

Мақсаты: орналастырылған меншікті үлестік құралдардың сатып алу сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес орналастырылған меншікті үлестік құралдардың сатып алу сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша сатып алынған, орналастырылған меншікті үлестік құралдарды кейіннен сатқан немесе жойған кезде олардың сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

5310 "Эмиссиялық кіріс" (пассив).

Мақсаты: акциялар бойынша эмиссиялық кірістің сомаларын есепке алу.

Шот кредиті бойынша бұрын сатып алынған акцияларды сату кезінде кірістер сомасы жүргізіледі.

Шот дебеті бойынша бұрын сатып алынған акцияларды сату кезінде шығыстар сомасы жүргізіледі.

5320 "Қосымша төленген капитал" (пассив).

Мақсаты: қосымша төленген капитал сомаларын есепке алу (эмиссиялық кірісті қоспағанда).

Шот кредиті бойынша пайда болатын қосымша төленген капитал сомасы жүргізіледі.

Шот дебеті бойынша қосымша төленген капитал сомасын есептен шығару жүргізіледі.

5410 "Құрылтай құжаттарында белгіленген резервтік капитал" (пассив).

Мақсаты: Қазақстан Республикасы заңнамасына және ұйымның құрылтай құжаттарына сәйкес белгіленген резервтік капиталды есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасына және ұйымның құрылтай құжаттарына сәйкес белгіленген резервтік капиталдың сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына және ұйымның құрылтай құжаттарына сәйкес белгіленген резервтік капиталдың сомасын № 5520 " Өткен жылдардағы бөлінбеген пайда (өтелмеген залал)" баланстық шотына есептен шығару жүргізіледі.

5420 "Пайдалану құқығы нысанындағы негізгі құрал-жабдықтарды және активтерді қайта бағалау резерві" (пассив).

Мақсаты: пайдалану құқығы нысанындағы негізгі құрал-жабдықтардың және активтердің әділ құнын қайта бағалау нәтижесінде пайда болған олардың қайта бағалау сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша пайдалану құқығы нысанындағы негізгі құрал-жабдықтардың және активтердің әділ құны ұлғайған кезде оларды қайта бағалаудан болған оң айырманың сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша пайдалану құқығы нысанындағы негізгі құрал-жабдықтардың және активтердің әділ құны кеміген кезде оларды қайта бағалаудан болған теріс айырманың сомасы, сондай-ақ пайдаланылуына қарай немесе негізгі құрал-жабдықтарды және активтерді шығынға жазу кезінде пайдалану құқығы нысанындағы негізгі құрал-жабдықтарды және активтерді оң қайта бағалауды № 5520 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.

5430 "Материалдық емес активтерді қайта бағалауға арналған резерв" (пассив).

Мақсаты: материалдық емес активтердің әділ құнын қайта бағалау нәтижесінде пайда болған оларды қайта бағалау сомаларын есепке алу.

Шот кредиті бойынша материалдық емес активтердің әділ құны ұлғайған кезде оларды қайта бағалаудан болған оң айырманың сомасы жазылады.

Шот дебеті бойынша материалдық емес активтердің әділ құны кеміген кезде оларды қайта бағалаудан болған теріс айырманың сомасы, сондай-ақ пайдаланылуына қарай немесе материалдық емес активтерді шығынға жазу кезінде материалдық емес активтерді оң қайта бағалауды № 5520 "Есепті жылдағы бөлінбеген пайда (өтелмеген залал)" баланстық шотына есептен шығару жазылады.

5440 "Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерін қайта бағалауға арналған резерв" (пассив).

Мақсаты: басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерінің құнын қайта бағалау резервтерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерінің құнын оң қайта бағалау сомасы, сондай-ақ олар бойынша жинақталған қайта бағалау сомасы, қаржы активтерінің басқа санатына шығарылған немесе ауыстырылған сомалары тиісті бухгалтерлік шоттармен байланыста жазылады.

Шоттың дебеті бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерінің құнын теріс қайта бағалау сомасы, сондай-ақ олар бойынша жинақталған қайта бағалау сомасы, қаржы активтерінің басқа санатына шығарылған немесе ауыстырылған сомалары тиісті бухгалтерлік шоттармен байланыста жазылады.

5440 01 "Сату үшін қолда бар қаржы активтерін қайта бағалауға арналған резерв" (пассив).

Мақсаты: сату үшін қолда бар қаржы активтерінің құнын қайта бағалау резервтерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша сату үшін қолда бар қаржы активтерінің құнын оң қайта бағалау сомасы, сондай-ақ тиісті баланстық шоттармен байланыстырыла отырып шығарылған немесе қаржы активтерінің басқа санатына ауыстырылған, олар бойынша жинақталған қайта бағалау сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша сату үшін қолда бар қаржы активтерінің құнын теріс қайта бағалау сомасы, сондай-ақ тиісті баланстық шоттармен байланыстырыла отырып ауыстырылған немесе қаржы активтерінің басқа санатына шығарылған, олар бойынша жинақталған қайта бағалау сомалары жазылады.

5450 "Басқа да активтерді қайта бағалауға арналған резерв" (пассив).

Мақсаты: халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптарына сәйкес ұйымның капиталда тікелей көрсетілуі тиіс басқа да активтерінің құнын қайта бағалау сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның басқа да активтерінің құнын оң қайта бағалау сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша басқа да активтердің құнын теріс қайта бағалау сомасы жазылады, сондай-ақ басқа да активтердің шығынға жазылуына байланысты олардың құнын оң қайта бағалау.

5460 "Басқа да резервтер" (пассив).

Мақсаты: ұйымның құрылтай құжаттарына сәйкес ұйым қалыптастырған басқа да резервтердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша таза кірістен аударымдардың есебінен ұйымның басқа да резервтеріне түсімдердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша ұйым басқа да резервтерді мақсаты бойынша пайдаланған кезде олардың сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

5460 63 "Номиналды кірістілік көрсеткіші мен кірістіліктің ең аз мәні арасындағы теріс айырманы өтеу бойынша резерв" (пассив).

Мақсаты: Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2023 жылғы 7 маусымдағы № 43 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32830 болып тіркелген) бекітілген Инвестициялық портфельді басқарушының теріс айырманы меншікті капиталы есебінен өтеу қағидалары мен мерзімдеріне сәйкес құрылуға жататын резервтер мен халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес танылатын міндеттемелер арасындағы айырма сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша резервтің сомасы оны қалыптастыру және (немесе) ұлғайту кезінде жазылады.

Шоттың дебеті бойынша резервтің сомасын оны орындау және (немесе) азайту кезінде есептен шығару жүргізіледі.

5470 "Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қарыздарды қайта бағалауға арналған резерв" (пассив).

Мақсаты: басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қарыздарды қайта бағалау бойынша резервтерді (провизияларды) есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерінің құнын оң қайта бағалау сомасы, сондай-ақ олар бойынша жинақталған қайта бағалау сомасы, қаржы активтерінің басқа санатына шығарылған немесе ауыстырылған сомалары тиісті бухгалтерлік шоттармен байланыста жазылады.

Шоттың дебеті бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерінің құнын оң қайта бағалау сомасы, сондай-ақ олар бойынша жинақталған қайта бағалау сомасы, қаржы активтерінің басқа санатына шығарылған немесе ауыстырылған сомалары тиісті бухгалтерлік шоттармен байланыста жазылады.

5470 01 "Сату үшін қолда бар қарыздарды қайта бағалауға арналған резерв" (пассив).

Мақсаты: сату үшін қолда бар қарыздардың құнын қайта бағалау резервтерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша сату үшін қолда бар қарыздардың құнын оң қайта бағалау сомасы, сондай-ақ тиісті баланстық шоттармен байланыстырыла отырып шығарылған немесе қаржы активтерінің басқа санатына ауыстырылған, олар бойынша жинақталған қайта бағалау сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша сату үшін қолда бар қарыздардың құнын теріс қайта бағалау сомасы, сондай-ақ тиісті баланстық шоттармен байланыстырыла отырып ауыстырылған немесе қаржы активтерінің басқа санатына шығарылған, олар бойынша жинақталған қайта бағалау сомалары жазылады.

5480 "Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша күтілетін және орын алған кредиттік шығындар бойынша бағалау резервтері (провизиялары)" (пассив).

Мақсаты: басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша күтілетін және орын алған кредиттік шығындар бойынша бағалау резервтерінің (провизияларының) сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша күтілетін және орын алған кредиттік шығындар бойынша бағалау резервтерінің (провизияларының) сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша күтілетін және орын алған кредиттік шығындар

бойынша бағалау резервтерінің (провизияларының) сомаларын есептен шығару жазылады.

5490 "Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын заемдар бойынша күтілетін және орын алған кредиттік шығындар бойынша бағалау резервтері (провизиялары)" (пассив).

Мақсаты: басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын заемдар бойынша күтілетін және орын алған кредиттік шығындар бойынша бағалау резервтерінің (провизияларының) сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын заемдар бойынша күтілетін және орын алған кредиттік шығындар бойынша бағалау резервтерінің (провизияларының) сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын заемдар бойынша күтілетін және орын алған кредиттік шығындар бойынша бағалау резервтерінің (провизияларының) сомаларын есептен шығару жазылады.

5520 "Өткен жылдардағы бөлінбеген пайда (өтелмеген залал)" (пассив).

Мақсаты: ұйымның өткен жылдардағы бөлінбеген таза пайдасының (өтелмеген залалының) сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның өткен жылдардағы бөлінбеген таза пайдасының (өтелмеген залалының) сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның өткен жылдардағы мақсаты бойынша бөлінбеген таза пайдасының (өтелмеген залалының) сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

6010 "Өнім өткізуден және қызмет көрсетуден кіріс".

Мақсаты: дайын өнімді өткізуден және қызмет көрсетуден түскен кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша дайын өнімді өткізуден және қызмет көрсетуден түскен кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жүргізіледі.

6020 "Сатылған өнімді қайтару".

Мақсаты: сатылған өнімді қайтару құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша қайтарылған өнімнің құны жазылады.

Шоттың кредиті бойынша қайтарылған өнімнің құнын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жүргізіледі.

6030 "Бағадан және сатудан жеңілдіктер".

Мақсаты: ұйым шарт талаптарына сәйкес ұсынған сатудан және өткізілген өнімнен ақау анықталуына байланысты бағадан жеңілдіктердің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйым шарт талаптарына сәйкес ұсынған сатудан және өткізілген өнімнен ақау анықталуына байланысты бағадан жеңілдіктердің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша ұсынылған сатудан және бағадан жеңілдіктердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жүргізіледі.

6110 01 "Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер".

Мақсаты: сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жүргізіледі.

6110 02 "Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша сыйлықақы амортизациясына байланысты кірістер".

Мақсаты: Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша сыйлықақы амортизациясына байланысты кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша сыйлықақы амортизациясына байланысты кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жүргізіледі.

6110 03 "Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша дисконт амортизациясына байланысты кірістер".

Мақсаты: сатып алынған бағалы қағаздар бойынша дисконт амортизациясына байланысты кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша сатып алынған бағалы қағаздар бойынша дисконт амортизациясына байланысты кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жүргізіледі.

6110 04 "Бағалы қағаздармен "кері РЕПО" операциялары бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер".

Мақсаты: бағалы қағаздармен "кері РЕПО" операциялары бойынша сыйақы алуға байланысты кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша бағалы қағаздармен "кері РЕПО" операциялары бойынша сыйақы алуға байланысты кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жүргізіледі.

6110 05 "Орналастырылған салымдар бойынша дисконт амортизациясы бойынша кірістер".

Шоттың мақсаты: орналастырылған салымдар бойынша дисконт амортизациясына байланысты кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша орналастырылған салымдар бойынша дисконт амортизациясына байланысты кірістердің сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жүргізіледі.

6110 06 "Тартылған салымдар бойынша сыйлықақы амортизациясы бойынша кірістер".

Шоттың мақсаты: тартылған салымдар бойынша сыйлықақы амортизациясы бойынша кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша тартылған салымдар бойынша сыйлықақы амортизациясы бойынша кірістердің сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жүргізіледі.

6110 07 "Берілген заемдар бойынша дисконт амортизациясы бойынша кірістер".

Шоттың мақсаты: берілген заемдар бойынша сыйлықақы амортизациясы бойынша кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша берілген заемдар бойынша сыйлықақы амортизациясы бойынша кірістердің сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жүргізіледі.

6110 08 "Алынған заемдар бойынша сыйлықақы амортизациясы бойынша кірістер".

Шоттың мақсаты: алынған заемдар бойынша сыйлықақы амортизациясы бойынша кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша алынған заемдар бойынша сыйлықақы амортизациясы бойынша кірістердің сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жүргізіледі.

6110 21 "Аударым операциялары бойынша қызмет көрсету үшін комиссиялық кірістер".

Мақсаты: ұйымның аударым операциялары бойынша қызмет көрсету үшін комиссиялық кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның аударым операциялары бойынша қызмет көрсету үшін комиссиялық кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жүргізіледі.

6110 22 "Клиринг операциялары бойынша қызмет көрсету үшін комиссиялық кірістер".

Мақсаты: ұйымның клиринг операциялары бойынша көрсеткен қызметі үшін комиссиялық кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның клиринг операциялары бойынша көрсеткен қызметі үшін комиссиялық кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жүргізіледі.

6110 23 "Кассалық операциялар бойынша қызмет көрсету үшін комиссиялық кірістер".

Мақсаты: ұйымның кассалық операциялар бойынша көрсеткен қызметі үшін комиссиялық кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның кассалық операциялар бойынша көрсеткен қызметі үшін комиссиялық кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жүргізіледі.

6110 24 "Сейф операциялары бойынша қызмет көрсету үшін комиссиялық кірістер".

Мақсаты: ұйымның сейф операциялары бойынша көрсеткен қызметі үшін комиссиялық кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның сейф операциялары бойынша көрсеткен қызметі үшін комиссиялық кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жүргізіледі.

6110 25 "Банкноталар, монеталар және құндылықтар инкассациясы бойынша қызмет көрсету үшін комиссиялық кірістер".

Мақсаты: ұйымның банкноталар, монеталар және құндылықтар инкассациясы бойынша қызмет көрсету үшін комиссиялық кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның банкноталар, монеталар және құндылықтар инкассациясы бойынша қызмет көрсету үшін комиссиялық кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жүргізіледі.

6110 26 "Сенімгерлік операциялары бойынша қызмет көрсету үшін комиссиялық кірістер".

Мақсаты: ұйымның сенімгерлік операциялары бойынша қызмет көрсету үшін комиссиялық кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның сенімгерлік операциялары бойынша қызмет көрсету үшін комиссиялық кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жүргізіледі.

6110 27 "Басқа да комиссиялық кірістер".

Мақсаты: ұйымның басқа да көрсеткен қызметі үшін басқа да комиссиялық кірістерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның басқа да көрсеткен қызметі үшін басқа да комиссиялық кірістерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жүргізіледі.

6110 28 "Ағымдағы және корреспонденттік шоттар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер".

Мақсаты: екінші деңгейдегі банкте және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда ашылған ағымдағы және корреспонденттік шоттар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша екінші деңгейдегі банкте және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда ашылған ағымдағы және корреспонденттік шоттар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жүргізіледі.

6110 29 "Талап ету салымдары бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер".

Мақсаты: екінші деңгейдегі банкте және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда орналастырылған талап ету салымдары бойынша сыйақы алуға байланысты кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша екінші деңгейдегі банкте және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда орналастырылған талап ету салымдары бойынша сыйақы алуға байланысты кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жүргізіледі.

6110 30 "Мерзімді салымдар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер".

Мақсаты: екінші деңгейдегі банкте және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда орналастырылған мерзімді салымдар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша екінші деңгейдегі банкте және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда орналастырылған мерзімді салымдар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жүргізіледі.

6110 31 "Шартты салымдар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер".

Мақсаты: екінші деңгейдегі банкте және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда орналастырылған шартты салымдар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша екінші деңгейдегі банкте және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда орналастырылған шартты салымдар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жүргізіледі.

6110 32 "Заемдар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер".

Мақсаты: клиенттерге берілген заемдар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша клиентке берілген заемдар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жүргізіледі.

6110 33 "Факторинг және форфейтинг бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер"
.

Мақсаты: клиенттерге факторинг және форфейтинг бойынша сыйақы алуға байланысты кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша клиентке факторинг және форфейтинг бойынша сыйақы алуға байланысты кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жүргізіледі.

6110 34 "Сыйақы алуға байланысты басқа да кірістер".

Мақсаты: ұйымның сыйақы алуға байланысты басқа да кірістерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның сыйақы алуға байланысты басқа да кірістерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жүргізіледі.

6110 35 "Жинақ салымдары бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер".

Мақсаты: екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған жинақ салымдары бойынша сыйақы алуға байланысты кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша екінші деңгейдегі банкте не банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда ашылған жинақ салымдары бойынша сыйақы алуға байланысты кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.

6110 41 "Сақтандыру брокерлерінің комиссиялық кірістері".

Мақсаты: сақтандыру брокері алған комиссиялық кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша сақтандыру брокері алған комиссиялық кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша комиссиялық кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.

6110 61 "Инвестициялық кірістен түскен комиссиялық кірістер".

Мақсаты: Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасына сәйкес жинақтаушы зейнетақы қорлары және инвестициялық портфельді басқарушылар есептеген инвестициялық кірістен түскен комиссиялық кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша жинақтаушы зейнетақы қоры және инвестициялық портфельді басқарушы есептеген инвестициялық кірістен түскен комиссиялық кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.

6110 62 "Зейнетақы активтерінен түскен комиссиялық кірістер".

Мақсаты: Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасына сәйкес жинақтаушы зейнетақы қорларының және инвестициялық портфельді басқарушылардың зейнетақы активтерінен түскен, есептелген комиссиялық кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының және инвестициялық портфельді басқарушылардың зейнетақы активтерінен түскен, есептелген комиссиялық кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.

6110 63 "Теріс комиссиялық сыйақыны өтеу".

Мақсаты: теріс комиссиялық сыйақы сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша зейнетақы активтері бойынша инвестициялық кірістің теріс мәні кезінде туындаған теріс комиссиялық сыйақы сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кіріс сомасын есептен шығару № 5610 баланстық шотқа жазылады.

6110 64 "Сыртқы басқарудағы активтер бойынша кірістер".

Мақсаты: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің талаптарына сай келетін, шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын шетелдік ұйымның инвестициялық басқаруындағы активтер бойынша кірістер сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің талаптарына сай келетін, шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын шетелдік ұйымның инвестициялық басқаруындағы активтер бойынша кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің талаптарына сай келетін, шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын шетелдік ұйымның инвестициялық басқаруындағы активтер бойынша кірістер сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.

6110 81 "Брокерлік және дилерлік қызмет бойынша қызмет көрсетуі үшін комиссиялық кірістер".

Мақсаты: ұйымның қаржы нарығында брокерлік және дилерлік қызмет бойынша қызмет көрсеткені үшін есептелген комиссиялық кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның қаржы нарығында брокерлік және дилерлік қызмет бойынша қызмет көрсеткені үшін есептелген комиссиялық кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жүргізіледі.

6110 82 "Бағалы қағаздар нарығының өзге де кәсіби қатысушыларының қызмет көрсетуі үшін комиссиялық кірістер".

Мақсаты: бағалы қағаздар нарығының өзге де кәсіби қатысушыларының қызмет көрсеткені үшін комиссиялық кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша бағалы қағаздар нарығының өзге де кәсіби қатысушыларының қызмет көрсеткені үшін комиссиялық кірістердің сомасы жазылады .

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жүргізіледі.

6120 "Дивидендтер бойынша кірістер".

Мақсаты: ұйым еншілес, тәуелді ұйымдардың және бірлесіп бақыланатын заңды тұлғалардың капиталына қатысудан есептеген дивидендтердің, сондай-ақ заңды тұлғаның капиталына үлестік қатысудан болған басқа да кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйым еншілес, тәуелді ұйымдардың және бірлесіп бақыланатын заңды тұлғалардың капиталына қатысудан есептеген дивидендтердің, сондай-ақ заңды тұлғаның капиталына үлестік қатысудан болған басқа да кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жүргізіледі.

6130 "Қаржылық жалдаудан кірістер".

Мақсаты: клиенттерге берілген қаржылық жалдау бойынша сыйақы алуға байланысты кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша клиентке берілген қаржылық жалдау бойынша сыйақы алуға байланысты кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жүргізіледі.

6140 "Жылжымайтын мүлікке инвестициялармен операциялардан кірістер".

Мақсаты: жалдау төлемдерін немесе капитал құнының өсімінен немесе екеуінен де кірістер алу мақсатында (иеленушінің немесе жалдау шарты бойынша жалдаушының) иелігіндегі жылжымайтын мүліктен (жерден, үйден немесе олардың бір бөлігінен) түскен кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша жалдау төлемдерін немесе капитал құнының өсімінен немесе екеуінен де кірістер алу мақсатында (иеленушінің немесе жалдау шарты бойынша жалдаушының) иелігіндегі жылжымайтын мүліктен (жерден, үйден немесе олардың бір бөлігінен) түскен кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жүргізіледі.

6150 01 "Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар құнының өзгеруінен түскен кірістер".

Мақсаты: Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын бағалы қағаздарды оң қайта бағалау сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын бағалы қағаздарды оң қайта бағалау сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.

6150 03 "Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша кірістер".

Мақсаты: басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын борыштық бағалы қағаздарды шығынға жазу және (немесе) қайта жіктеу кезінде кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын борыштық бағалы қағаздарды шығынға жазу және (немесе) қайта жіктеу кезінде кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша алынған кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.

6150 04 "Басқа да қаржы құралдарының әділ құнының өзгеруінен түскен кірістер".

Мақсаты: басқа да қаржы құралдарын оң қайта бағалау сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша басқа да қаржы құралдарын оң қайта бағалау сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.

6150 05 "Сату үшін қолда бар қаржы активтері бойынша кіріс".

Мақсаты: сату үшін қолда бар қаржы активтерін шығарған және (немесе) қайта сыныптаған кезде кіріс сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша сату үшін қолда бар қаржы активтерін шығарған және (немесе) қайта сыныптаған кезде кіріс сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша алынған кіріс сомасын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.

6160 "Қаржыландырудан басқа да кірістер".

Мақсаты: №№ 6110, 6120, 6130, 6140, 6150 топтарының баланстық шоттарында есепке алынбаған қаржыландырудан түскен басқа да кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша қаржыландырудан түскен басқа да кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жүргізіледі.

Шоттың дебеті бойынша қаржыландырудан түскен басқа да кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жүргізіледі.

6170 "Қаржылық міндеттемелермен операциялар бойынша кірістер" (пассив).

Мақсаты: қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелермен операциялардан түскен кірістер сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелермен операциялардан түскен кірістер сомаларын есептен шығару жазылады.

Шоттың кредиті бойынша қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелермен операциялардан түскен кірістер сомалары жазылады.

6210 "Активтерді шығынға жазудан кірістер".

Мақсаты: ұйымның активтерді шығынға жазудан түскен кірістерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның активтерді шығынға жазудан түскен кірістер сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістерді № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жүргізіледі.

6220 "Өтеусіз алынған активтерден кірістер".

Мақсаты: активтерді өтеусіз алуға байланысты кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша активтерді өтеусіз алуға байланысты кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістерді № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жүргізіледі.

6230 "Мемлекеттік субсидиялардан кірістер".

Мақсаты: ұйым мемлекеттен алған субсидиялардың сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйым мемлекеттен алған субсидиялардың сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша алынған субсидиялардың сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жүргізіледі.

6240 01 "Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын және амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша құрылған резервтерді (провизияларды) қалпына келтіруден (жоюдан) түскен кірістер".

Мақсаты: басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын және амортизациялық құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша құрылған резервтерді (провизияларды) қалпына келтіруден (жоюдан) түсетін кірістер сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын және амортизациялық құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша құрылған резервтерді (провизияларды) қалпына келтіруден (жоюдан) түсетін кірістер сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жүргізіледі.

6240 02 "Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған салымдар бойынша құрылған резервтерді (провизияларды) қалпына келтіруден (жоюдан) кірістер".

Мақсаты: екінші деңгейдегі банкте және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда орналастырылған салымдар бойынша құрылған резервтерді (провизияларды) қалпына келтіруден (жоюдан) түскен кірістердің сомаларын есепке алу .

Шоттың кредиті бойынша екінші деңгейдегі банкте және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда орналастырылған салымдар бойынша құрылған резервтерді (провизияларды) қалпына келтіруден (жоюдан) түскен кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жүргізіледі.

6240 03 "Басқа да дебиторлық берешек бойынша құрылған резервтерді (провизияларды) қалпына келтіруден (жоюдан) кірістер".

Мақсаты: басқа да дебиторлық берешек бойынша құрылған резервтерді (провизияларды) қалпына келтіруден (жоюдан) түскен кірістердің сомаларын есепке алу .

Шоттың кредиті бойынша басқа да дебиторлық берешек бойынша құрылған резервтерді (провизияларды) қалпына келтіруден (жоюдан) түскен кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жүргізіледі.

6240 21 "Клиенттерге берілген заемдар бойынша құрылған резервтерді (провизияларды) қалпына келтіруден (жоюдан) кірістер".

Мақсаты: клиенттерге берілген заемдар бойынша құрылған резервтерді (провизияларды) қалпына келтіруден (жоюдан) түскен кірістердің сомаларын есепке алу .

Шоттың кредиті бойынша клиентке берілген заемдар бойынша құрылған резервтерді (провизияларды) қалпына келтіруден (жоюдан) кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жүргізіледі.

6240 22 "Клиенттерге берілген қаржылық жалдау бойынша құрылған резервтерді (провизияларды) қалпына келтіруден (жоюдан) кірістер".

Мақсаты: клиенттерге берілген қаржылық жалдау бойынша құрылған резервтерді (провизияларды) қалпына келтіруден (жоюдан) кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша клиентке берілген қаржылық жалдау бойынша құрылған резервтерді (провизияларды) қалпына келтіруден (жоюдан) кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жүргізіледі.

6240 23 "Шартты міндеттемелер бойынша құрылған резервтерді (провизияларды) қалпына келтіруден (жоюдан) кірістер.

Мақсаты: шартты міндеттемелер бойынша құрылған резервтерді (провизияларды) қалпына келтіруден (жоюдан) кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша шартты міндеттемелер бойынша құрылған резервтерді (провизияларды) қалпына келтіруден (жоюдан) түскен кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жүргізіледі.

6240 24 "Банктік қызмет бойынша басқа да дебиторлық берешек бойынша құрылған резервтерді (провизияларды) қалпына келтіруден (жоюдан) кірістер".

Мақсаты: банктік қызмет бойынша басқа да дебиторлық берешек бойынша құрылған, қалпына келтірілген (жойылған) резервтердің (провизиялардың) сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша банктік қызмет бойынша басқа да дебиторлық берешек бойынша құрылған резервтерді (провизияларды) қалпына келтіруден (жоюдан) түскен кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жүргізіледі.

6240 25 "Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған ағымдағы шоттар бойынша құрылған резервтерді (провизияларды) қалпына келтіруден (жоюдан) түскен кірістер".

Мақсаты: екінші деңгейдегі банкте не банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда орналастырылған ағымдағы шоттар бойынша құрылған, қалпына келтірілген (жойылған) резервтердің (провизиялардың) сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша екінші деңгейдегі банкте не банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда орналастырылған ағымдағы шоттар бойынша құрылған резервтерді (провизияларды) қалпына келтіруден (жоюдан) түскен кірістер сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.

6240 26 "Сату үшін қолда бар қаржы активтері бойынша құрылған резервтерді (провизияларды) қалпына келтіруден (жоюдан) түскен кіріс".

Мақсаты: сату үшін қолда бар қаржы активтері бойынша құрылған, қалпына келтірілген (жойылған) резервтердің (провизиялардың) сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша сату үшін қолда бар қаржы активтері бойынша құрылған резервтерді (провизияларды) қалпына келтіруден (жоюдан) түскен кіріс сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кіріс сомасын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.

6240 62 "Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар бойынша құрылған резервтерді (провизияларды) қалпына келтіруден (жоюдан) кірістер".

Мақсаты: амортизацияланған құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар бойынша құрылған қалпына келтірілген (жойылған) резервтердің (провизиялардың) сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша амортизацияланған құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар бойынша құрылған резервтерді (провизияларды) қалпына келтіруден (жоюдан) кіріс сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кіріс сомасын есептен шығару № 5610 баланстық шотқа жазылады.

6240 63 "Номиналды кірістілік көрсеткіші мен кірістіліктің ең аз мәні арасындағы теріс айырманы өтеу бойынша кірістер".

Мақсаты: инвестициялық портфельді басқарушы алған зейнетақы активтерінің номиналдық кірістілігі көрсеткіші ауытқуы нәтижесінде туындаған өтелетін теріс айырма және зейнетақы активтері кірістілігінің ең аз мәні бойынша кіріс сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша өтелетін теріс айырма бойынша кірістің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кіріс сомасын есептен шығару № 5610 баланстық шотқа жазылады.

6250 02 "Шетел валютасын қайта бағалаудан түскен кірістер".

Мақсаты: шетел валютасын оң қайта бағалау (бағамдық айырмасының) сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша шетел валютасын оң қайта бағалау (бағамдық айырмасының) сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.

6260 "Операциялық жалдаудан кірістер".

8210 "Берілетін заемдар бойынша шартты талаптар" (актив).

Мақсаты: ұйымның басқа заңды тұлғаларға болашақта берілуге тиісті заемдар бойынша шартты талаптарының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның басқа заңды тұлғаларға болашақта берілуге тиісті заемдар бойынша шартты талаптарының сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның басқа заңды тұлғаларға болашақта берілуге тиісті заемдар бойынша шартты талаптарының сомаларын оларды ұйым берген кезде есептен шығару жүргізіледі.

8220 "Болашақта заемдар алу бойынша шартты талаптар" (актив).

Мақсаты: ұйымның басқа заңды тұлғаларға болашақта алынуға тиісті заемдар бойынша шартты талаптарының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның басқа заңды тұлғаларға болашақта алынуға тиісті заемдар бойынша шартты талаптарының сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның басқа заңды тұлғаларға болашақта берілуге тиісті заемдар бойынша шартты талаптарының сомаларын оларды ұйым алған кезде есептен шығару жүргізіледі.

8300 01 "Қаржы активтерін сатып алу бойынша шартты талаптар" (актив).

Мақсаты: болашақта қаржы активтерін сатып алу бойынша ұйымның шартты талаптарының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша болашақта қаржы активтерін сатып алу бойынша ұйымның шартты талаптарының сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша қаржы активтерін сатып алу бойынша ұйымның шартты талаптарының сомаларын оларды алу кезінде есептен шығару жүргізіледі.

8300 02 "Қаржы фьючерстерін сатып алу бойынша шартты талаптар" (актив).

Мақсаты: болашақта қаржы фьючерстерін сатып алу бойынша ұйымның шартты талаптарының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша болашақта қаржы фьючерстерін сатып алу бойынша ұйымның шартты талаптарының сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша болашақта қаржы фьючерстерін сатып алу бойынша оларды алу кезінде ұйымның шартты талаптарының сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

8300 03 "Қаржы фьючерстерін сату бойынша шартты талаптар" (актив).

Мақсаты: болашақта қаржы фьючерстерін сату бойынша ұйымның шартты талаптарының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша болашақта қаржы фьючерстерін сату бойынша ұйымның шартты талаптарының сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша қаржы фьючерстерін сату бойынша оларды ұйымның сатуы кезінде ұйымның шартты талаптарының сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

8300 04 "Белгіленген пайыздық своп" (актив).

Мақсаты: ұйымның пайыздық своп бойынша белгіленген пайыздық ставка бойынша төлемдерді алу бойынша шартты талаптарының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның пайыздық своп бойынша белгіленген пайыздық ставка бойынша төлемдерді алу бойынша шартты талаптарының сомасы осы мәмілені жасау кезінде жазылады.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның пайыздық своп бойынша осы шартты талаптарының сомаларын мәмілені орындау немесе жою кезінде есептен шығару жүргізіледі.

8300 05 "Өзгермелі пайыздық своп" (актив).

Мақсаты: ұйымның пайыздық своп бойынша өзгермелі пайыздық ставкасы бойынша төлемдерді алу жөніндегі шартты талаптарының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның пайыздық своп бойынша өзгермелі пайыздық ставкасы бойынша төлемдерді алу бойынша шартты талаптарының сомасы осы мәмілені жасау кезінде жазылады.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның пайыздық своп бойынша шартты талаптарының сомаларын осы мәмілені орындау немесе жою кезінде есептен шығару жүргізіледі.

8300 06 "Сатып алынған опцион "колл" мәмілелері" (актив).

Мақсаты: ұйымның сатып алынған опцион "колл" келісім-шарты бойынша қаржы активтерін сату бойынша шартты талаптарының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның сатып алынған опцион "колл" келісім-шарты бойынша қаржы активтерін сату бойынша шартты талаптарының сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның сатып алынған опцион "колл" келісім-шарты бойынша шартты талаптарының сомаларын осы мәмілені орындау немесе жою кезінде есептен шығару жүргізіледі.

8300 07 "Сатып алынған опцион "пут" мәмілелері" (актив).

Мақсаты: ұйымның сатып алынған опцион "пут" келісім-шарты бойынша қаржы активін сату бойынша шартты талаптарының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның сатып алынған опцион "пут" келісім-шарты бойынша қаржы активін сату бойынша шартты талаптарының сомасы осы мәмілені жасау кезінде жазылады.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның сатып алынған опцион "пут" келісім-шарты бойынша шартты талаптарының сомаларын осы мәмілені орындау немесе жою кезінде есептен шығару жүргізіледі.

8300 08 "Сатылған опцион "пут" мәмілелері - контршот" (актив).

Мақсаты: ұйымның сатылған опцион "пут" келісім-шарты бойынша қаржы активін сату бойынша шартты талаптарының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның сатылған опцион "пут" келісім-шарты бойынша қаржы активін сату бойынша шартты талаптарының сомасы осы мәмілені жасау кезінде жазылады.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның сатылған опцион "пут" келісім-шарты бойынша шартты талаптарының сомаларын осы мәмілені орындау немесе жою кезінде есептен шығару жүргізіледі.

8300 09 "Сатылған опцион "колл" мәмілелері - контршот" (актив).

Мақсаты: ұйымның сатылған опцион "колл" келісім-шарты бойынша қаржы активін сату бойынша шартты талаптарының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның сатылған опцион "колл" келісім-шарты бойынша қаржы активін сату бойынша шартты талаптарының сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның сатылған опцион "колл" келісім-шарты бойынша шартты талаптарының сомаларын осы мәмілені орындау немесе жою кезінде есептен шығару жүргізіледі.

8300 10 "Болашақтағы сыйақы туралы сатып алынған келісім – контршот" (актив).

Мақсаты: ұйымның болашақтағы сыйақы туралы сатып алған келісімі бойынша шартты міндеттемелерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның болашақтағы сыйақы туралы сатып алған келісімі бойынша шартты міндеттемелерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның болашақтағы сыйақы туралы сатып алған келісімі бойынша шартты міндеттемелерінің сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

8300 11 "Болашақтағы сыйақы туралы іске асырылған келісім" (актив).

Мақсаты: ұйымның болашақтағы сыйақы туралы іске асырылған келісім бойынша шартты талаптарының сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның болашақтағы сыйақы туралы іске асырылған келісім бойынша шартты талаптарының сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның болашақтағы сыйақы туралы іске асырылған келісім бойынша шартты талаптарының сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

8300 12 "Басқа да туынды қаржы құралдары бойынша шартты талаптар" (актив).

Мақсаты: ұйымның басқа да туынды қаржы құралдары бойынша шартты талаптарының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның басқа да туынды қаржы құралдары бойынша шартты талаптарының сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның басқа да туынды қаржы құралдары бойынша шартты талаптарының сомаларын осы мәмілелерді орындау немесе жою кезінде есептен шығару жүргізіледі.

8410 "Берілген немесе расталған кепілдіктер бойынша ықтимал міндеттемелер" (пассив).

Мақсаты: ұйым берген немесе растаған кепілдіктер бойынша ұйымның басқа заңды тұлғалар алдындағы ықтимал міндеттемелерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйым берген немесе растаған кепілдіктер бойынша ұйымның басқа заңды тұлғалар алдындағы ықтимал міндеттемелерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша ұйым берген немесе растаған кепілдіктер бойынша ұйымның басқа заңды тұлғалар алдындағы ықтимал міндеттемелерінің сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

8420 "Қабылданған кепілдіктер бойынша талаптарды ықтимал азайту" (пассив).

Мақсаты: ұйым қабылдаған кепілдіктер бойынша ұйымның басқа тұлғаларға талаптарын ықтимал азайтудың сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйым қабылдаған кепілдіктер бойынша ұйымның басқа тұлғаларға талаптарын ықтимал азайтудың сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша жою кезінде қабылдаған кепілдіктер бойынша ұйымның басқа тұлғаларға талаптарын ықтимал азайтудың сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

8510 "Болашақта заемдар беру бойынша шартты міндеттемелер" (пассив).

Мақсаты: ұйымның болашақта заемдар беруге тиесілі заемдар бойынша басқа заңды тұлғалар алдындағы шартты міндеттемелерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның болашақта заемдар беруге тиесілі заемдар бойынша басқа заңды тұлғалар алдындағы шартты міндеттемелерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның заемдар бойынша басқа заңды тұлғалар алдындағы ұйымның шартты міндеттемелерінің сомаларын оларды беруі кезінде есептен шығару жүргізіледі.

8520 "Алынатын заемдар бойынша шартты міндеттемелер" (пассив).

Мақсаты: ұйымның болашақта заемдар алуға тиесілі заемдар бойынша басқа заңды тұлғалар алдындағы шартты міндеттемелерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның болашақта заемдар алуға тиесілі заемдар бойынша басқа заңды тұлғалар алдындағы шартты міндеттемелерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның заемдар бойынша болашақтағы міндеттемелерінің сомаларын оларды алу кезінде есептен шығару жүргізіледі.

8600 01 "Қаржы активтерін сату бойынша шартты міндеттемелер" (пассив).

Мақсаты: ұйымның болашақта қаржы активтерін сату бойынша шартты міндеттемелерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның болашақта қаржы активтерін сату бойынша шартты міндеттемелерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның қаржы активтерін сату бойынша шартты міндеттемелерінің сомаларын оларды ұймның сату кезінде есептен шығару жүргізіледі.

8600 02 "Қаржы фьючерстерін сатып алу бойынша шартты міндеттемелер" (пассив).

Мақсаты: ұйымның болашақта қаржы фьючерстерін сатып алу бойынша шартты міндеттемелерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның болашақта қаржы фьючерстерін сатып алу бойынша шартты міндеттемелерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның шартты міндеттемелерінің сомаларын қаржы фьючерстерін алу кезінде есептен шығару жүргізіледі.

8600 03 "Қаржы фьючерстерін сату бойынша шартты міндеттемелер" (пассив).

Мақсаты: ұйымның қаржы фьючерстерін сату бойынша шартты міндеттемелерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның қаржы фьючерстерін сату бойынша шартты міндеттемелерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның қаржы фьючерсі бойынша шартты міндеттемелерінің сомаларын оларды ұйым сатқан кезде есептен шығару жүргізіледі.

8600 04 "Өзгермелі пайыздық своп" (пассив).

Мақсаты: ұйымның пайыздық своп бойынша өзгермелі пайыздық ставка бойынша төлемдерді төлеу бойынша шартты міндеттемелерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның пайыздық своп бойынша өзгермелі пайыздық ставка бойынша шартты міндеттемесінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның пайыздық своп бойынша шартты міндеттемелерінің сомаларын осы мәмілені орындау немесе жою кезінде есептен шығару жүргізіледі.

8600 05 "Белгіленген пайыздық своп" (пассив).

Мақсаты: ұйымның пайыздық своп бойынша белгіленген пайыздық ставка бойынша шартты міндеттемелерінің сомаларын төлемдерді төлеу кезінде есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның пайыздық своп бойынша белгіленген пайыздық ставка бойынша шартты міндеттемелерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның пайыздық своп бойынша шартты міндеттемелерінің сомаларын осы мәмілені орындау немесе жою кезінде есептен шығару жүргізіледі.

8600 06 "Сатып алынған опцион "колл" мәмілелері - контршот" (пассив).

Мақсаты: ұйымның сатып алынған опцион "колл" мәмілесі бойынша қаржы активтерін сату бойынша шартты міндеттемелерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның сатып алынған опцион "колл" мәмілесі бойынша қаржы активтерін сату бойынша шартты міндеттемелерінің сомасы жазылады .

Шоттың дебеті бойынша сатып алынған опцион "колл" мәмілесі бойынша шартты міндеттемелердің сомаларын осы мәмілені орындау немесе жою кезінде есептен шығару жүргізіледі.

8600 07 "Сатып алынған опцион "пут" мәмілелері - контршот" (пассив).

Мақсаты: ұйымның сатып алынған опцион "пут" мәмілелері бойынша шартты қаржы активтерін сату бойынша міндеттемелерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның сатып алынған опцион "пут" мәмілелері бойынша шартты қаржы активтерін сату бойынша міндеттемелерінің сомасы жазылады .

Шоттың дебеті бойынша сатып алынған опцион "пут" мәмілесі бойынша шартты міндеттемелердің сомаларын осы мәмілені орындау немесе жою кезінде есептен шығару жүргізіледі.

8600 08 "Сатылған опцион "пут" мәмілелері" (пассив).

Мақсаты: ұйымның сатылған опцион "пут" мәмілелері бойынша қаржы активін сату бойынша шартты міндеттемелерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның сатылған опцион "пут" мәмілелері бойынша қаржы активін сату бойынша осы мәмілені жасау кезінде шартты міндеттемелерінің сомасы көрсетіледі.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның сатылған опцион "пут" мәмілелері бойынша шартты міндеттемелерінің сомасын оларды орындау немесе осы мәмілені жою кезінде есептен шығару көрінеді.

8600 09 "Сатылған опцион "колл" мәмілелері" (пассив).

Мақсаты: ұйымның сатылған опцион "колл" мәмілелері бойынша қаржы активін сату бойынша шартты міндеттемелерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның сатылған опцион "колл" мәмілелері бойынша қаржы активін сату бойынша шартты міндеттемелерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның сатылған "колл" мәмілесі бойынша шартты міндеттемелерінің сомаларын оларды орындау немесе осы мәмілені жою кезінде есептен шығару жүргізіледі.

8600 10 "Болашақтағы сыйақы туралы сатып алынған келісім" (пассив).

Мақсаты: ұйымның болашақтағы сыйақы туралы сатып алынған келісім бойынша шартты міндеттемелерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның болашақтағы сыйақы туралы сатып алынған келісім бойынша шартты міндеттемелерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның болашақтағы сыйақы туралы сатып алынған келісім бойынша шартты міндеттемелерінің сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

8600 11 "Болашақтағы сыйақы туралы іске асырылған келісім– контршот" (пассив).

Мақсаты: ұйымның болашақтағы сыйақы туралы іске асырылған келісім бойынша шартты міндеттемелерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның болашақтағы сыйақы туралы іске асырылған келісім бойынша шартты міндеттемелерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның болашақтағы сыйақы туралы іске асырылған келісім бойынша шартты міндеттемелерінің сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

8600 12 "Басқа да туынды қаржы құралдары бойынша шартты міндеттемелер" (пассив).

Мақсаты: ұйымның басқа да туынды қаржы құралдары бойынша шартты міндеттемелерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның басқа да туынды қаржы құралдары бойынша шартты міндеттемелерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның басқа да туынды қаржы құралдары бойынша шартты міндеттемелерінің сомаларын оларды орындау немесе осы мәмілені жою кезінде есептен шығару жүргізіледі.

8600 13 "Қаржы активтерін сатып алу бойынша шартты міндеттемелер" (пассивті).

Мақсаты: ұйымның болашақта қаржы активтерін сатып алу бойынша шартты міндеттемелерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның болашақта қаржы активтерін сатып алу бойынша шартты міндеттемелерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша қаржы активтерін алу кезінде ұйымның шартты міндеттемелерінің сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

3-параграф. Меморандум шоттары

Ескерту. 3-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банк Басқармасының 27.05.2013 № 131 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ескерту. 3-параграфқа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.07.2015 № 131 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.08.2018 № 184 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

8710 "Жалға берілген машиналар, жабдықтар, көлік және басқа да құрал-жабдықтар ".

Мақсаты: жасалған жалдау шартының негізінде жалға берілген машиналар, жабдықтар, көлік және басқа да құрал-жабдықтар құнын есепке алу.

Шоттың кірісі бойынша машиналар, жабдықтар, көлік және басқа да құрал-жабдықтардың құны оларды жасалған жалдау шартының негізінде жалға беру кезінде жазылады.

Шоттың шығысы машиналар, жабдықтар, көлік және басқа да құрал-жабдықтардың құнын жалдау шарттың қолдану мерзімінің бітуіне байланысты қайтару, олардың тозуына байланысты шығынға жазу, есептен шығару, өткізу немесе олардың құнын ұйымның балансынан мерзімінен бұрын есептен шығару кезінде есептен шығару жүргізіледі.

8720 "Төлем жасау мәулетпен жүзеге асырылатын негізгі құрал-жабдықтар".

Мақсаты: мәулетпен төлем жасау шартымен жүзеге асырылатын негізгі құрал жабдықтардың құнын есепке алу.

Шоттың кірісі бойынша мәулетпен төлем жасау шартымен жүзеге асырылатын негізгі құрал жабдықтардың құны жазылады.

Шоттың шығысы бойынша клиенттен оның мәулетпен төлем жасау шартымен жүзеге асырылған негізгі құрал жабдықтар бойынша берешегін өтеу шотына түскен төлемдер сомасы немесе мәулетпен төлем жасау шартымен жүзеге асырылған негізгі құрал жабдықтардың құнын бұл жүзеге асыруды жою кезінде есептен шығару жүргізіледі.

8740 "Инкассоға жіберілген құжаттар мен құндылықтар".

Мақсаты: ұйым инкассоға жіберген құжаттар мен құндылықтардың сомаларын есепке алу.

Шоттың кірісі бойынша ұйым инкассоға жіберген құжаттар мен құндылықтардың сомасы жазылады.

Шоттың шығысы бойынша инкассоға жіберілген құжаттар мен құндылықтардың сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

8750 "Міндеттемелерді қамтамасыз етуге (кепілге) берілген мүлік".

Мақсаты: басқа заңды тұлғалардың алдындағы міндеттемелерді қамтамасыз етуге (кепілге) берілген мүліктің (ақшаны қоспағанда) құнын есепке алу.

Шоттың кірісі бойынша басқа заңды тұлғалардың алдындағы міндеттемелерді қамтамасыз етуге (кепілге) берілген мүліктің (ақшаны қоспағанда) құны жазылады.

Шоттың шығысы бойынша қамтамасыз етудің (кепілдің) құнын ұйым басқа заңды тұлғаның алдындағы міндеттемелерін орындамаған жағдайда қайтарып берген немесе кепілге салынған мүлікті өткізу кезінде есептен шығару жүргізіледі.

8810 "Жалға қабылданған машиналар, жабдықтар, көлік және басқа да құрал-жабдықтар".

Мақсаты: ұйым жалдау шартының негізінде жалға қабылдаған машиналар, жабдықтар, көлік және басқа да құрал-жабдықтардың құнын есепке алу.

Шоттың кірісі бойынша ұйым жалдау шартының негізінде жалға қабылдаған машиналар, жабдықтар, көлік және басқа да құрал-жабдықтардың құны жазылады.

Шоттың шығысы бойынша машиналар, жабдықтар, көлік және басқа да құрал-жабдықтардың құнын оларды жалдау шарттың қолдану мерзімінің бітуіне

байланысты қайтару немесе кейіннен оларды ұйымның балансына есепке ала отырып сатып алу кезінде есептен шығару жүргізіледі.

8820 "Инкассоға қабылданған құжаттар мен құндылықтар".

Мақсаты: ұйым инкассоға қабылдаған құжаттар мен құндылықтардың сомаларын есепке алу.

Шоттың кірісі бойынша ұйым инкассоға қабылданған құжаттар мен құндылықтардың сомасы жазылады.

Шоттың шығысы бойынша инкассоға қабылданған құжаттар мен құндылықтардың сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

8830 "Клиенттің міндеттемесін қамтамасыз етуге (кепілге) қабылданған мүлік".

Шоттың кірісі бойынша клиенттің міндеттемелерін қамтамасыз етуге (кепілге) қабылданған мүліктің (ақшаны қоспағанда) құны жазылады.

Шоттың шығысы бойынша қамтамасыз етудің (кепілдің) құнын клиент міндеттемелерін орындамаған жағдайда қайтарып берген немесе кепілге салынған мүлікті өткізу кезінде есептен шығару жүргізіледі.

8840 "Талап ету құқықтары сенімгерлік басқаруға қабылданған ипотекалық заемдар ".

Мақсаты: талап ету құқықтарын ұйым сенімгерлік басқаруға қабылдаған ипотекалық заемдардың сомаларын есепке алу.

Шоттың кірісі бойынша талап ету құқықтарын ұйым сенімгерлік басқаруға қабылдаған ипотекалық заемдардың сомалары жазылады.

Шоттың шығысы бойынша ипотекалық заемдарды өтеу немесе кері сатып алу талаптары туындаған кезде ипотекалық заемдардың сомалары есептен шығарылады.

8840 04 "Талап ету құқықтары сенімгерлік басқаруға қабылданған ипотекалық заемдар бойынша есептелген сыйақы".

Мақсаты: талап ету құқықтары сенімгерлік басқаруға қабылданған ипотекалық заемдар бойынша есептелген сыйақының сомаларын есепке алу.

Шоттың кірісі бойынша талап ету құқықтары сенімгерлік басқаруға қабылданған ипотекалық заемдар бойынша есептелген сыйақы сомасы жазылады.

Шоттың шығысы бойынша ипотекалық заемдар бойынша сыйақының сомаларын оларды өтеу немесе ипотекалық заемдарды қайта сатып алу талаптары туындаған кезде есептен шығару жүргізіледі.

8840 05 "Талап ету құқықтары сенімгерлік басқаруға қабылданған ипотекалық заемдар бойынша тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл)".

Мақсаты: талап ету құқықтары сенімгерлік басқаруға қабылданған ипотекалық заемдар бойынша ұйым төлеген тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомаларын есепке алу.

Шоттың кірісі бойынша талап ету құқықтары сенімгерлік басқаруға қабылданған ипотекалық заемдар бойынша ұйым төлеген тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасы жазылады.

Шоттың шығысы бойынша талап ету құқықтары сенімгерлік басқаруға қабылданған ипотекалық заемдар бойынша ұйым төлеген тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

8910 "Мерзімінде төленбеген төлем құжаттары".

Мақсаты: жіберушіде орындауға қажетті ақша сомасының болмауы немесе жеткіліксіздігінен оларды картотекаға орналастыруға байланысты ұйым мерзімінде орындамаған төлем құжаттарының сомаларын есепке алу.

Шоттың кірісі бойынша жөнелтушіде орындауға қажетті ақша сомасының болмауы немесе жеткіліксіздігінен оларды картотекаға орналастыруға байланысты ұйым мерзімінде орындамаған төлем құжаттарының сомасы жазылады.

Шоттың шығысы бойынша картотекаға орналастыруға төлем құжаттарының сомаларын оларды ұйым қайтарған немесе орындаған кезде есептен шығару жүргізіледі.

8920 "Шет мемлекеттер және шетел банктері ашқан кредиттік желілер".

Мақсаты: ұйымда шет мемлекеттер және шетелдік банктер ашқан кредиттік желілер лимитінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кірісі бойынша ұйымда шет мемлекеттер және шетелдік банктер ашқан кредиттік желілер лимитінің сомасы жазылады.

Шоттың шығысы бойынша ашық кредиттік желілер лимитінің сомаларын оларды ұйым пайдаланған немесе жойған кезде есептен шығару жүргізіледі.

8930 "Әр түрлі құндылықтар мен құжаттар".

Мақсаты: келіп түскен кезде басқа баланстан тысқары шоттарда көрсетілмейтін әртүрлі құндылықтар мен құжаттарды есепке алу, сондай-ақ басқа баланстық шоттардан есептен шығарылған әртүрлі құндылықтар мен құжаттарды есепке алу.

Шоттың кірісі бойынша әр түрлі құндылықтар мен құжаттардың келіп түсуі жазылады.

Шоттың шығысы бойынша әр түрлі құндылықтар мен құжаттарды мақсаты бойынша шығынға жазу.

8940 "Есебіне жіберілген және берілген әр түрлі құндылықтар мен құжаттар".

Мақсаты: ұйым есебіне жіберген немесе берген әр түрлі құндылықтар мен құжаттарды есепке алу.

Шоттың кірісі бойынша ұйым оларды бір уақытта, олар есепке алынған шоттар бойынша шығысқа есептен шығара отырып есепке жазып жіберген немесе берген әр түрлі құндылықтар мен құжаттар.

Шоттың шығысы бойынша әртүрлі құндылықтар мен құжаттарды олар алынған растаманың негізінде мақсаты бойынша келіп түскен кезде есептен шығару жүргізіледі.

8950 "Сақтаудағы тазартылған қымбат металдар".

Мақсаты: ұйым клиенттерден сақтауға қабылдаған тазартылған қымбат металдардың физикалық санын есепке алу.

Шоттың кірісі бойынша ұйым клиенттерден сақтауға қабылдаған тазартылған қымбат металдардың физикалық саны жазылады.

Шоттың шығысы бойынша тазартылған қымбат металдардың физикалық санын иесінің тапсырмасы бойынша оларды өткізу кезінде немесе оларды ұйым қайтарған кезде есептен шығару жүргізіледі.

8960 "Сақтаудағы акциялар және басқа бағалы қағаздар".

Мақсаты: ұйым сақтауға қабылдаған акциялар және басқа бағалы қағаздардың номиналдық құнын есепке алу.

Шоттың кірісі бойынша ұйым сақтауға қабылдаған акциялар және басқа бағалы қағаздардың номиналдық құны жазылады.

Шоттың шығысы бойынша ұйым сақтауға қабылдаған акциялар және басқа бағалы қағаздарды қайтару кезінде олардың номиналдық құнын есептен шығару жүргізіледі.

8970 "Депо" шоты".

Мақсаты: брокерлік қызметтерді көрсету жөніндегі шарттар бойынша клиенттерден қабылданған ақша сомаларын және құжаттандырылмаған нысанда көрсетілген және клиенттерге тиесілі бағалы қағаздардың санын есепке алу.

Шоттың кірісі бойынша брокерлік қызметтерді көрсету жөніндегі шарттар бойынша клиенттен қабылданған ақша сомалары және құжаттандырылмаған нысанда көрсетілген және клиентке тиесілі бағалы қағаздардың саны жазылады.

Шоттың шығысы бойынша ақша сомасы беріліп қойған жағдайда оларды және клиентке тиесілі бағалы қағаздардың санын эмитент өтеген немесе сатқан не клиентке қайтарған кезде оларды есептен шығару жүргізіледі.

4-параграф. Клиенттердің инвестициялық басқарудағы активтері

Ескерту. 4-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банк Басқармасының 27.05.2013 № 131 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ескерту. 4-параграфқа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 14.10.2019 № 171 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1800 01 "Ақша" (актив).

Мақсаты: клиенттердің инвестициялық басқарудағы және/немесе ұйымның екінші деңгейдегі банктерде немесе банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ұлттық және шетел валютасында ашқан ағымдағы шотына келіп түскен және инвестициялық басқаруды жүзеге асыруға арналған ақша сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша клиенттердің инвестициялық басқарудағы және/немесе ұйымның екінші деңгейдегі банктерде немесе банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ұлттық және шетел валютасында ашқан ағымдағы шотына келіп түскен және инвестициялық басқаруды жүзеге асыруға арналған ақша сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша екінші деңгейдегі банктерде немесе банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған, ұлттық және шетел валютасындағы ағымдағы шотынан клиент ақшаларының сомаларын есептен шығару жүргізіледі

1800 02 "Тазартылған қымбат металдар" (актив).

Мақсаты: ұйым инвестициялық басқаруды жүзеге асыру сатып алған инвестициялық басқарудағы тазартылған қымбат металдардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйым инвестициялық басқаруды жүзеге асыру үшін сатып алған инвестициялық басқарудағы тазартылған қымбат металдардың сомасы жазылады
.

Шоттың кредиті бойынша тазартылған қымбат металдарды клиентке қайтару немесе өткізу кезінде олардың сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

1800 03 "Бағалы қағаздар" (актив).

Мақсаты: инвестициялық басқару үшін сатып алынған (алынған) бағалы қағаздардың құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша инвестициялық басқару үшін сатып алынған (алынған) бағалы қағаздардың құны жазылады.

Шоттың кредиті бойынша бағалы қағаздарды клиентке қайтару немесе өткізу кезінде олардың құнын есептен шығару жүргізіледі.

1800 04 "Орналастырылған салымдар" (актив).

Мақсаты: екінші деңгейдегі банктерде немесе банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған салымдардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша екінші деңгейдегі банктерде немесе банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған салымдардың сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша ұйым орналастырылған салымдарды қайтару кезінде олардың сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

1800 05 "Капиталға инвестициялар" (актив).

Мақсаты: ұйым басқа заңды тұлғаның капиталына салған инвестициялардың сомаларын сатып алу құны бойынша, сондай-ақ елеулі ықпал етуді немесе бақылауды жүзеге асыру мақсатында қатысу үлесін өзгертуді есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйым басқа заңды тұлғаның капиталына салған инвестициялардың сомасы сатып алу құны бойынша, сондай-ақ қатысу үлесінің өзгеруі жазылады.

Шоттың кредиті бойынша салынған инвестициялардың сомаларын оларды заңды тұлға сатып алған немесе сатқан кезде есептен шығару жүргізіледі.

1800 06 "Материалдық емес активтер" (актив).

Мақсаты: материалдық емес активтерді сатып алу құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сатып алынған материалдық емес активтер құны жазылады.

Шоттың кредиті бойынша материалдық емес активтердің құнын олар өткізілген немесе өзгеше шығынға жазылған кезде есептен шығару жүргізіледі.

1800 07 "Негізгі құрал-жабдықтар" (актив).

Мақсаты: негізгі құрал-жабдықтарды сатып алу құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сатып алынған негізгі құрал жабдықтардың құны жазылады.

Шоттың кредиті бойынша негізгі құрал жабдықтар құнын олар өткізілген немесе өзгеше шығынға жазылған кезде есептен шығару жүргізіледі.

1800 08 "Басқа да активтер" (актив).

Мақсаты: басқа да активтерді сатып алу құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сатып алынған басқа да активтердің құны жазылады.

Шоттың кредиті бойынша басқа да активтердің құнын олар өткізілген немесе өзгеше шығынға жазылған кезде есептен шығару жүргізіледі.

1800 09 "Алуға арналған шоттар" (актив).

Мақсаты: ұйымның заңды және жеке тұлғаларға клиенттердің активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыру барысында туындаған талаптарының (дебиторлық берешек) сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның заңды және жеке тұлғаларға клиенттердің активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыру барысында туындаған талаптарының (дебиторлық берешек) сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша заңды және жеке тұлғаларға талаптарының сомаларын оларды өтеу немесе өзгеше есептен шығару кезінде есептен шығару жүргізіледі.

1800 10 "Дивидендтер" (актив).

Мақсаты: басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар бойынша дивидендтер түріндегі есептелген кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар бойынша дивидендтер түріндегі есептелген кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша капиталға инвестициялар бойынша дивидендтер түрінде есептелген кірістердің сомаларын оларды заңды тұлға төлеген кезде есептен шығару жүргізіледі.

1800 11 "Сыйақы" (актив).

Мақсаты: бағалы қағаздар, салымдар және өзге операциялар бойынша сыйақы (купон) түріндегі есептелген кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша бағалы қағаздар, салымдар және өзге операциялар бойынша сыйақы (купон) түріндегі есептелген кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша бағалы қағаздар, салымдар және өзге операциялар бойынша оларға ақы төлеу кезінде сыйақы (купон) түріндегі есептелген кірістердің сомасын есептен шығару жүргізіледі.

1800 12 "Басқа да талаптар" (актив).

Мақсаты: активтерді инвестициялық басқаруды жүзеге асыруға байланысты операциялар бойынша басқа да талаптардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша активтерді инвестициялық басқаруды жүзеге асыруға байланысты операциялар бойынша басқа да талаптардың сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша активтерді инвестициялық басқаруды жүзеге асыруға байланысты операциялар бойынша оларды өтеу кезінде басқа да талаптардың сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

1800 13 "Туынды қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша талаптар" (актив).

Мақсаты: туынды қаржы құралдарымен мәмілелерді жасау нәтижесінде туындаған талаптардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша туынды қаржы құралдарымен мәмілелерді жасау нәтижесінде туындаған талаптардың сомалары, сондай-ақ оң қайта бағалау сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша туындаған талаптардың сомалары оларды қарсы әріптес төлеген немесе туынды қаржы құралдарымен мәмілелерді жою кезінде, сондай-ақ теріс қайта бағалау сомалары есептен шығарылады.

1800 14 "Бағалы қағаздармен "кері РЕПО" операциялары" (актив).

Мақсаты: сатушыға келісілген баға бойынша бағалы қағаздарды болашақта қайтару міндеттемесімен операция ашылған күні кепілге алынған бағалы қағаздармен "кері РЕПО" операциялары бойынша талаптардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша операция ашылған күні бағалы қағаздармен "кері РЕПО" операциясы бойынша талаптардың сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша операцияны жабу немесе жою кезінде "кері РЕПО" операциясы бойынша талаптардың сомалары есептен шығарылады.

1810 01 "Капитал" (пассив).

Мақсаты: клиенттің есепті кезеңдегі таза активтерінің сомаларын есепке алу (түпкілікті қаржылық нәтиже).

Шоттың кредиті бойынша ұйымның есепті кезеңдегі кірістерінің сомасы № 1830 тиісті шоттар тобын жабу кезінде жазылады.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның есепті кезеңдегі шығыстарының сомасы № 1840 тиісті шоттар тобын жабу кезінде жазылады.

1820 01 "Төленетін шоттар" (пассив).

Мақсаты: ұйымның инвестициялық басқаруды жүзеге асыру барысында туындағын заңды және жеке тұлғалардың алдындағы басқа да міндеттемелерінің (кредиторлық берешек) сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның инвестициялық басқаруды жүзеге асыру барысында туындағын заңды және жеке тұлғалардың алдындағы басқа да міндеттемелерінің (кредиторлық берешек) сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның заңды не жеке тұлға алдындағы басқа да міндеттемелерінің (кредиторлық берешек) сомаларын оларды ұйым өтеген немесе өзгеше есептен шығарған кезде есептен шығару жүргізіледі.

1820 02 "Басқа да міндеттемелер" (пассив).

Мақсаты: активтерді инвестициялық басқаруды жүзеге асыруға байланысты операциялар бойынша басқа міндеттемелердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша активтерді инвестициялық басқаруды жүзеге асыруға байланысты операциялар бойынша басқа міндеттемелердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша ұйым басқа да міндеттемелердің оларды төлеу кезінде сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

1820 03 "Туынды қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша міндеттемелер".

Мақсаты: туынды қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша міндеттемелердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша туынды қаржы құралдарымен мәмілелерді жасау нәтижесінде туындаған міндеттемелердің сомалары, сондай-ақ теріс қайта бағалау сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша ұйым туындаған міндеттемелердің сомалары оларды төлеген немесе туынды қаржы құралдарымен мәмілелерді жою кезінде, сондай-ақ оң қайта бағалау сомалары есептен шығарылады.

1820 04 "Бағалы қағаздармен "РЕПО" операциялары" (пассив).

Мақсаты: бағалы қағаздарды қарсы әріптестен келісілген баға бойынша болашақта сатып алу міндеттемесімен операция ашылған күні кепілге берілген ұйымның бағалы қағаздармен "РЕПО" операциялары бойынша міндеттемелерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша операция ашылған күнгі ұйымның бағалы қағаздармен " РЕПО" операциялары бойынша міндеттемелерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша операцияны жабу немесе жою кезінде ұйымның "РЕПО" операциялары бойынша міндеттемелерінің сомалары есептен шығарылады.

1830 01 "Клиенттен активтердің түсуі".

Мақсаты: инвестициялық басқару үшін клиенттен түскен және ұйым қабылдаған активтердің құнын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша инвестициялық басқару үшін клиенттен түскен және ұйым қабылдаған активтердің құны жазылады.

Шоттың дебеті бойынша клиенттің активтерінің құны № 1810 01 шотқа есептен шығару жазылады.

1830 02 "Сыйақы (дивиденд) түріндегі кірістер".

Мақсаты: бағалы қағаздар, салымдар және өзге активтер бойынша сыйақы алуға байланысты кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша бағалы қағаздар, салымдар және өзге активтер бойынша сыйақы алуға байланысты кірістердің сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кіріс сомалары № 1810 01 шотқа есептен шығару жазылады.

1830 03 "Сатып алу–сатудан кірістер".

Мақсаты: ұйымның активтерді сатып алу-сатудан түскен кірістерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның активтерді сатып алу-сатудан түскен кірістерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кіріс сомалары № 1810 01 шотқа есептен шығару жазылады.

1830 04 "Активтерді әділ құны бойынша қайта бағалаудан түскен кірістер".

Мақсаты: әділ құны бойынша есепке алынатын активтердің оң қайта бағалау сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша әділ құны бойынша есепке алынатын активтердің оң қайта бағалау сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша қайта бағалау сомалары № 1810 01 шотқа есептен шығару жазылады.

1830 05 "Бағамдық айырма бойынша кірістер".

Мақсаты: оң бағамдық қайта бағалау сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша оң бағамдық қайта бағалау сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша қайта бағалау сомасы № 1810 01 шотқа есептен шығару жазылады.

1830 08 "Басқа да кірістер".

Мақсаты: ұйым алған және № 1830 01 − 1830 05 аралығындағы шоттарға есепке алынбаған басқа да кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның басқа кірістерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша алынған кірістердің сомасы № 1810 01 шотқа есептен шығару жазылады.

1830 09 "Туынды қаржы құралдарымен мәмілелерді қайта бағалаудан болған кірістер".

Мақсаты: туынды қаржы құралдарымен мәмілелерді оң қайта бағалау сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша туынды қаржы құралдарымен мәмілелерді оң қайта бағалау сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша қайта бағалау сомасы № 1810 01 шотқа есептен шығару жазылады.

1840 01 "Клиенттің активтерін алу".

Мақсаты: клиент активтерінің құнын ұйым инвестициялық басқару мақсатында оларды алуы және/немесе орналастыруы кезінде есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша клиент активтерінің құны оларды есептен алу кезінде жазылады.

Шоттың кредиті бойынша клиенттің активтерінің құны № 1810 01 шотқа есептен шығару жазылады.

1840 02 "Комиссиялық сыйақылар төлеу бойынша шығыстар".

Мақсаты: ұйымның бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары көрсеткен қызмет үшін комиссиялық шығыстарының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары көрсеткен қызмет үшін комиссиялық шығыстарының сомасы жазылады
.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыс сомалары № 1810 01 шотқа есептен шығару жазылады.

1840 03 "Сатып алу–сатудан болған шығыстар".

Мақсаты: ұйымның активтерді сатып алуға-сатуға байланысты шығыстарының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның активтерді сатып алуға-сатуға байланысты шығыстарының сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыс сомалары № 1810 01 шотқа есептен шығару жазылады.

1840 04 "Активтерді әділ құны бойынша қайта бағалаудан болған шығыстар".

Мақсаты: активтерді әділ құны бойынша теріс қайта бағалау сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша активтерді әділ құны бойынша теріс қайта бағалау сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша қайта бағалау сомасы № 1810 01 шотқа есептен шығару жазылады.

1840 05 "Бағамдық айырма бойынша шығыстар".

Мақсаты: теріс бағамдық қайта бағалау сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша теріс бағамдық қайта бағалау сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша теріс бағамдық қайта бағалау сомалары № 1810 01 шотқа есептен шығару жазылады.

1840 08 "Басқа да шығыстар".

Мақсаты: ұйымның 10-сыныптағы басқа да баланстан тыс шоттары бойынша жүргізілмейтін қаржы және қаржылық емес қызметтегі басқа да операцияларын жүзеге асыруға байланысты шығыстарының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның басқа да шығыстарының сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыс сомалары № 1810 01 шотқа есептен шығару жазылады.

1840 09 "Туынды қаржы құралдарымен мәмілелерді қайта бағалаудан болған шығыстар".

Мақсаты: туынды қаржы құралдарымен мәмілелерді теріс қайта бағалау сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша туынды қаржы құралдарымен мәмілелерді теріс қайта бағалау сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша қайта бағалау сомалары № 1810 01 шотқа есептен шығару жазылады.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2008 жылғы 22 қыркүйектегі
№ 79 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының күші жойылды деп танылатын қаулыларының
ТІЗБЕСІ

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасы қаржы рыногының жекелеген субъектілеріне арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту туралы" 2003 жылғы 1 қыркүйектегі № 324 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2003 жылғы 30 қыркүйекте № 2509 тіркелген).

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасы қаржы рыногының жекелеген субъектілеріне арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту туралы" 2003 жылғы 1 қыркүйектегі № 324 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2006 жылғы 27 қаңтардағы № 3 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2006 жылғы 1 наурызда № 4109 тіркелген).

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасы қаржы рыногының жекелеген субъектілеріне арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту туралы" 2003 жылғы 1 қыркүйектегі № 324 қаулысына өзгерістер мен

толықтырулар енгізу туралы" 2006 жылғы 27 қазандағы № 109 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2006 жылғы 21 қарашада № 4461 тіркелген).

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасы қаржы рыногының жекелеген субъектілеріне арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту туралы" 2003 жылғы 1 қыркүйектегі № 324 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2007 жылғы 20 шілдедегі № 85 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2007 жылғы 27 тамызда № 4896 тіркелген).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК